- 2) «Саулық» және «субъективті саулық», «психологиялық саулық» ұғымдарының мазмұнын ашу;
- 3) Осы ұғымдар мен «психологиялық саулық» терминінің арақатынасын белгілеу.

Қазіргі уақытта психологиялық саулық мәселесін шетелдік, ресейлік ғалымдар белсенді қарастыруда, ал қазақстандық психологияда бұл салаға енді ғана көңіл аударып келеді. Бұл жұмыста саулық және субъективті саулық және психологиялық саулық түсініктерінің анықтамалары, олардың қалыптасу ерекшеліктері мен механизмдері, сондай-ақ психологиялық саулық деңгейіне әсер ететін жеке ресурстар қарастырылады.

Ең алдымен саулық түсінігіне келетін болсақ ежелден бері «саулық» құбылысы философтар мен психологтардың қызығушылығын тудырды. Бұл терминге көптеген анықтамалар берілді, бірақ нақты тұжырым бүгінгі күнге дейін шығарылмаған. Саулық түсінігін қабылдаудың алуан түрлілігі мәдени, тарихи және идеологиялық айырмашылықтарға байланысты. Уақыт өте келе тұжырымдаманың формалары өзгерді, бірақ тұжырымдаманың жалпы құрылымы сақталған деп айтуға болады. Саулық түсінігінің трансформациясы ежелгі философ Аристотельден бастау болады. Ол былай деп жазады: «...бақыт (eudaimonia) адамның ұмтылысының мақсаты ретінде ол үшін жоғарғы саулық болып табылады [2]. Аристотель әр адамның өз даймоны немесе біз үшін дұрыс нәрсеге ұмтылуды бұйыратын рухы бар деп сенді. Осы даймонға сәйкес әрекет ете отырып, адам бақытқа жетеді. Ал эвдемонизмді ұстанушылардың пікірінше, адам үшін ең үлкен саулық ол бақыт. Бұл бағыт объективті болып табылады, өйткені бақытқа жету үшін бағалау арқылы немесе белгілі бір саулық түріндегі сыртқы факторлардың немесе қоршаған әлемнен кері байланыстың болуы міндетті болып саналды.

Тағы бір ілім «гедонизм» Киренадан келген Аристиптің арқасында қалыптасты (б.з.д. 435-355 жж.). Ол саулықты қанағаттану мен утилитаризмге назарды шоғырландыру ретінде белгіледі. Мұндағы қанағаттану адамның барлық мінез-құлқының мотиві де, мақсаты да болып табылады. Аристиптің пікірінше, бақытқа жетудің басты шарты-ауырсынудың болмауы. Сондықтан көбінесе қанағаттану туралы түсінік тек физикалық сезімдерге байланысты болды [3].

«Саулық» ұғымының одан әрі анықтамалары осы түсініктің негізінде ұсынылған философиялық және психологиялық мектептердің ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы Батыс психологтары «саулықты» психологиялық, рухани, экономикалық және басқа компоненттерден тұратын көп қырлы құрылым ретінде түсінеді.

Мысалы, Т.Д. Шевеленкова, П.П. Фесенков өз жұмыстарында саулыққа арналған негізгі тұжырымдамаларды қарастырады [4]. А.Е. Созонт саулықтың табиғаты туралы түсініктерді гедонистік және эвдемонистік көзқарастар тұрғысынан қарастырады [5]. Гедонистік бағыт когнитивтік және мінез-құлықтық психология контекстінде саулықтың тұрақты құрылымын бөліп көрсетеді олар: когнитивті аспект ретінде өмірге қанағаттану; эмоционалды компонент ретінде оң және теріс аффекттердің қарқындылығы мен балансы. Эвдемонистік бағыт гуманистік және экзистенциалды дәстүрге бағытталған, теориялық ізденістерге деген құштарлықпен сипатталады, сондықтан да бұл тұғырдың шекарасында саулықтың нақты құрылымы туралы айту мүмкін емес.

Н.Д. Творогова саулықты «мәдени, әлеуметтік, психологиялық, физикалық, экономикалық және рухани факторлардың күрделі байланысын білдіретін көп факторлы құрылым» деп санайды [6].

Көптеген ғалымдар саулық құбылысын зерттеумен айналысты және осы мәселеге арналған зерттеулер де жеткілікті. Алайда саулық компоненттерінің бірыңғай классификациясы әлі жоқ. М. Селигманның пікірінше, саулықтың құрамдас бөліктері:

- 1) айналысу;
- 2) мағына;
- 3) жағымды эмоциялар;
- 4) жетістіктер (жеңістер, жетістік) ;
- 5) басқа адамдармен қатынас (бұл басқа элементтермен тікелей байланысты, өйткені олар өмірге мән береді, бір нәрсемен айналысумен немесе жағымды

эмоциялармен бірге жүреді және жетістіктермен де байланысты). Бұл компоненттердің кейбіреулері объективті, ал басқалары субъективті (өзін – өзі бағалау негізінде) бағаланады. Әрбір элемент саулықтың жоғары деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді, бірақ «саулық» компоненттердің ешқайсысына бір жақты байланысты емес деп көрсетеді. [7].

Сондай-ақ, М. Селигман өмірде таңдау жасай отырып, біз әр компонент бойынша ең үлкен жетістікке жетуге тырысамыз деп атап өтті. Tom Rath және Jim Harter «Саулықтың бес элементі: өмір сапасын жақсарту құралдары» атты кітабында өмірдің келесі салаларын саулық элементтері ретінде ажыратады:

- 1) кәсіби саулық (мансап, кәсіп немесе жұмыс);
 - 2) физикалық саулық (мықты денсаулық);
 - 3) әлеуметтік саулық (жақын ортаның және әлеуметтік қатынастардың маңыздылығы);
 - 4) қаржылық саулық (қаржылық қауіпсіздік, өзінің өмір сүру деңгейіне қанағаттану);
 - 5) тұрғылықты ортадағы саулық (қауіпсіздік, қоғамның дамуына өз үлесі).
- Сонымен қатар, авторлардың айтуынша, жетістік барлық бес элементте болуы керек, өйткені бір саладағы жетістіктер екіншісіндегі сәтсіздіктің орнын толтыра алмайды деп көрсетеді [8].

Қазіргі уақытта көптеген жұмыстар «субъективті саулық» ұғымына арналған. Көбінесе субъективті саулық «адамдардың эмоционалды реакциясынан, олардың өмірдің жекелеген салаларына қанағаттануынан, сондай-ақ жалпы өмір сапасы туралы пікірлерінен тұратын құбылыстардың кең категориясы» ретінде анықтайды [9]. Е. Giovanni және бірлескен авторлар субъективті саулықтың 6 факторын анықтайды: физикалық және психикалық денсаулық, еркіндік және өзін-өзі анықтау, жақсы жұмыс, қанағаттанарлық тұлғааралық қатынастар, материалдық саулық, әлемді білу және түсіну [10].

Соңғы уақытта көптеген ғылыми зерттеу жұмыстар субъективті саулықты зерттеуге арналған. Зерттеушілердің ең үлкен қызығушылығы-субъективті саулықтың корреляциясы, оның әлеуметтік-психологиялық факторлары, құрылымы, көріну деңгейлері, сондай-ақ түрлі санаттағы адамдардың субъективті саулығының ерекшелігіне арналған. Көптеген зерттеулерді қорытындылай келе Р.М. Шамионов субъективті саулықтың келесі мынандай анықтамасын береді: «бұл адамның өзінің жеке басына, өміріне және процестеріне деген көзқарасын білдіретін, ол үшін «жайлы» сыртқы және ішкі орта туралы үйренген нормативтік идеялар тұрғысынан маңызды және қанағаттануды басынан кешірумен сипатталатын ұғым» [11].

Субъективті саулықтың құрамдас бөлігі ретінде Л.В. Куликов мынандай өзара байланысты элементтерді бөліп көрсетеді:

- 1) әлеуметтік саулық-өзінің әлеуметтік мәртебесіне, қоғамның жай-күйіне, тұлғааралық байланыстарға және т. б. қанағаттану;
- 2) Рухани саулық-рухани мәдениеттің байлығымен танысу мүмкіндігі, өз өмірінің мәнін сезіну және басынан кешіру, сенімнің болуы (өзіне, Құдайға немесе тағдырға), діни сенім бостандығы;
- 3) физикалық (дене) саулық-жақсы физикалық саулық, денелік жайлылық, денсаулықты сезіну және т. б.;
- 4) материалдық саулық-өз өмірінің материалдық жағымен, материалдық байлықтың тұрақтылығымен қанағаттану;

5) психологиялық салулық (рухани жайлылық) - психикалық процестердің үйлесімділігі, тұлғаның үйлесімділігі, тұтастық сезімі, ішкі тепе-теңдік [12].

Субъективті саулықтың индикаторларын Қ.Муздыбаев былай бөледі: соңғы күндердегі көңіл-күй; бақыт сезімі; өмірге қанағаттану; әлеуметтік жағдайға қанағаттану; материалдық жағдайға қанағаттану; шаршау сезімі, бас тарту, қажетсіздік, ұмытылу сезімдері [13].

Л.В. Куликов «психиканың табиғаты бойынша кез-келген объективті сипаттамалары бар барлық сыртқы саулық факторлары саулықтың тәжірибесіне тікелей әсер ете алмайды, бірақ тұлғаның барлық салаларының ерекшеліктеріне байланысты субъективті қабылдау мен субъективті бағалау арқылы ғана әсер етеді» деп айта отырып психологиялық сипаттамада «саулық» терминіне «субъективті» анықтамасын қосудың қажеті жоқ екенін көрсетеді. Себебі көп жағдайда біз «саулық» деп субъективті саулық туралы айтамыз дейді [14].

Ал енді психологиялық саулық түсінігіне келетін болсақ бүгінгі таңда психологиялық саулықтың түрлі аспектілерін зерттеуге арналған жұмыстар өте көп: предикторлер, факторлар және детерминанттер, динамика, құрылым, психологиялық корреляттар, көрінудің жасерекшеліктік аспектісі. Психологиялық саулық өмірдің әртүрлі салаларында мысалы, ата-ана, жұмыспен қамту, өмірлік қиын жағдайлар, виктимологияда белсенді түрде зерттелген.


Тұлғаның психологиялық саулығы саласы гуманистік теория авторларының бағытында К. Роджерс, А. Маслоу, Э. Эриксон, Г. Олпорт, К.Г. Юнг, Ш. Бюлер, Д. Биррен ұсынылған. К. Рифф өзінің тұлғаның позитивті психологиялық функциясы концепциясында психологиялық саулықтың негізгі компоненттерін бөліп көрсетті (өзін-өзі қабылдау, қоршаған ортамен позитивті қатынас, автономия, қоршаған ортаны басқару, өмірлік мақсат, тұлғалық өсу).

Л.В. Куликовтың пікірінше, психологиялық саулық құрылымында когнитивті және эмоционалды компоненттерді бөліп көрсеткен жөн деп санайды. Психологиялық саулықтың когнитивті компоненті адамның қазіргі өмірлік жағдайды түсінуімен әлемнің қарама-қайшылықсыз бейнесінің болуымен байланысты. Эмоционалды компонент белгілі бір өмір салаларында субъектінің сәттілігіне/сәтсіздігіне байланысты сезімдерді біріктіретін тәжірибе ретінде көрінеді [15].

А.В. Воронина келесідей тәртіпте орналасқан төрт иерархиялық деңгейден тұратын психологиялық саулық моделін жасады-психосоматикалық денсаулық, әлеуметтік бейімделу, психикалық денсаулық және психологиялық денсаулық. Ол даму мен тәрбие процесінде қалыптасатын әрбір келесі деңгейде адам осы дүниеде өзіне, әлемге және өзіне деген жаңа көзқарасты дамытады және нәтижесінде идеяларды, шығармашылық белсенділікті жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады, адекваттымінез-құлықты таңдау еркіндігі дәрежелерінің саны артады деген болжам жасайды [16].

Субъективті саулық түсінігінің құрылымын қазақстандық ғалымдар Ташимова Ф.С., Сапарова И.А құндылық, өмір мағынасы ретінде анықтайды [17,18].

Жоғарыда берілген талдауларға сүйене отырып саулық, субъективті саулық, психологиялық саулық түсініктерінің өзара байланысын сызба түрінде былай көрсетуге болады.



1-сурет. Саулық, субъективті саулық, психологиялық саулық түсініктерінің өзара байланысы

Жалпы, қазіргі таңда психологиядағы саулық, субъективті саулық және психологиялық саулық түсініктерін зерттеу негізінен теориялық және әдіснамалық сипатта және негізінен абстрактілі жалпылауға сүйенеді. Бұл мәселені зерттеудің перспективалық бағыттары ең алдымен неғұрлым жүйелі психодиагностикалық құралдарды әзірлеуді қажет етеді. Тұлғаның жастық, тұлғалық және әлеуметтік жағдай ерекшеліктеріне байланысты субъективті саулық және психологиялық саулық құбылысының көрінуіне жан-жақты эмпирикалық зерттеулерді жүргізе отырып саулықтың индикаторларын, деңгейлерін, түрлерін бөлу, оның қалыптасу динамикасы мен факторларын талдау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Францкевич Е.Т. Психологические благополучие, как фактор риска безопасности образовательной среды//Психология. -2014. -№ 1. - С -174.
2. Аристотель. Никомахова этика // Аристотель. Соч.: в 4 т. Т. 4. М.: Мысль, 1984. С.53–294.
3. Мамардашвили М.К. Лекции по античной философии. М.: Аграф, 1997. 320с.
4. Шевеленкова Т.Д., Фесенко П.П. Психологическое благополучие личности (обзор основных концепций и методик исследования)//Психологическая диагностика. - 2005. - №3. - С. 95 – 129
5. Созонтов А.Е. Гедонистический и эвдемонистический подходы к проблеме психологического благополучия // Вопросы психологии. - 2006. - №4. - С. 105- 114.
6. Клиническая психология. Словарь / Под ред. Н. Д. Твороговой. М.: ПЕР СЭ, 2007. 416 с.
7. Селигман М. Путь к процветанию. Новое понимание счастья и благополучия. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. 440 с.
8. Rath T., Harter J. Wellbeing: The Five Essential Elements. New York: GALLUP PRESS, 2010. 232 p.
9. Diener E. Subjective well-being // Psychological Bulletin. 1984. №95. P. 542–575.
10. Giovanini E., Hall J., Morrone A., Rannuzi G. A framework to measure the progress of societies, OECD Working Paper, 2009.

11. Шамионов Р.М. Субъективное благополучие личности: психологическая картина и факторы. Саратов: Научная книга, 2008. 296 с.
12. Костенко К.В. Субъективная картина жизненного пути и удовлетворенность жизнью в позднем возрасте (на материале проживающих в домах-интернатах): дис. ...канд. психол. наук. Краснодар, 2005. 153 с.
13. Бескова Т.В., Шамионов Р.М. Соотношение характеристик зависти и субъективного благополучия личности // Личность как субъект инноваций: сборник научных трудов. – 2010. – С. 61-71.
14. Куликов Л.В. Детерминанты удовлетворенности жизнью // Общество и политика. СПб.: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 2000. С. 476–510. С -125
15. Куликов Л.В. Детерминанты удовлетворенности жизнью // Общество и политика. СПб.: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 2000. С. 476–510.
16. Воронина А.В. Оценка психологического благополучия школьников в системе профилактической и коррекционной работы психологической службы: автореф. дис. ... канд. психол. наук. Томск: ТГУ, 2002. 28 с.
17. Ташимова Ф.С. Субъектная детерминация смыслов. диссертация на соискание ученой степени доктора психологических наук. - Алматы, 2010, - 253 с.
18. Сапарова И.А. Особенности смысловой регуляции деятельности при ипохондрических состояниях разного генеза: автореф. дис. . канд. психол. наук / И.А. Сапарова. - М., 1989.

КОНФЛИКТЫ НА ПРОИЗВОДСТВЕ

Насриддинова Гулчехра Салахудиновна
Директор ООО «МЕНАТ TRAINING»
guli-77@inbox.ru

Конфликты на производстве негативно сказываются на настроении людей и снижают их работоспособность, ухудшают «духовный климат» в коллективе, повышают неудовлетворенность персонала. Поэтому, постоянное внимание к этим вопросам является одним из условий управления рабочими коллективами и обеспечения кадровой стабильности, необходимо использовать все возможности.

Независимо от характера конфликта и независимо от того, насколько он велик или мал, во всех случаях следует тщательно проанализировать причины конфликта и обстоятельства, которые его породили. Руководитель должен беспристрастно и объективно докапываться до сути каждой конкретной ситуации, делать соответствующие выводы [1, с.18].

Конфликтные ситуации на производстве могут возникать по разным причинам. Среди них:

- недостатки в организации труда;
- неуплаченные сборы;
- плохие условия труда;
- нарушение трудового законодательства;
- неудовлетворительный уровень руководства;

- можно указать на низкий уровень культуры взаимоотношений и др.

Существует четыре *основных типа конфликтов* между членами команды.

Внутренний личностный конфликт возникает, когда одному человеку ставятся противоречивые задачи руководителем, и в результате итоговые требования руководителя не совпадают друг с другом, и в этом случае исполнитель не знает, что делать. Исследования и наблюдения показывают, что такие ситуации возникают в результате ошибки в выборе профессии, что ведет к неудовлетворенности работника своей работой, неуверенности в себе и компании, а также частого возникновения у работника нервных срывов [2; 3].

Межличностные конфликты являются наиболее распространенными конфликтами в жизни. Такие споры, например:

в семье:

- между мужем и женой;
- между отцом и ребенком;
- между матерью и ребенком;
- между ребенком и ребенком и т.д.

в производстве:

- между работником и работником;
- между работником и руководителем;
- лидер с лидером и т. д.

может быть между ними.

Конфликт между отдельными лицами часто может возникать из-за несовместимости их взглядов на тот или иной вопрос, распределения ресурсов между руководителями, неудовлетворительных условий труда между работниками и руководителями. Бывают также случаи таких споров, когда на одну и ту же должность выдвигаются два кандидата.

Конфликт личности также может быть следствием межличностного конфликта. Ведь люди разных категорий иногда не понимают друг друга. Хотя так может показаться на первый взгляд, 75-80 процентов межличностных конфликтов основаны на материальных интересах.

Конфликты между человеком и группой обычно возникают из-за того, что мнение или интерес какого-то индивидуума не совпадает с мнением или интересом группы. Скажем, доцент вуза работает еще в 2-3 местах, в том числе в компании, чтобы подрабатывать помимо своей основной работы, это не в интересах кафедры. Потому что коллектив отдела не заинтересован в том, чтобы он работал в таком количестве мест и не имел возможности доделывать работу на основном рабочем месте. Такая противоречивая ситуация вызывает конфликт между ними.

В подобной ситуации неадекватное наказание, примененное руководителем к сотрудникам отдела, может привести к конфликту между руководителем и группой.

Здесь мнение группы сотрудников не совпадает с мнением отдельного сотрудника. Такая ситуация также вызывает конфликт.

Взаимодействие сотрудников в каждом производственном коллективе имеет две составляющие:

- формальные (или официальные) и
- происходит в неформальной (или неформальной) обстановке.

Формальная группа показывает административно закреплённые формальные отношения работников в производственной и общественной деятельности.

Формальная группа определяется по взаимоотношениям людей, вытекающим из их обязанностей.

Неформальная группа представляет собой неформальные отношения, основанные на личных симпатиях и антипатиях, общих интересах, сходстве характеров и взаимопонимании.

Обе группы постоянно влияют друг на друга, и в этом процессе возникают конфликтные ситуации.

Межгрупповые конфликты:

- между отделами и ведомствами;
- между администрацией и профсоюзом;
- между отделами и администрацией;
- Примерами могут служить споры между ведомствами и профсоюзами.

Этот тип конфликта особенно очевиден в конфликтных ситуациях между однонаправленными группами управления и группами управления штаб-квартиры.

Межгрупповые конфликты по своей природе являются конфликтами смешанного типа, поскольку на их возникновение влияют все вышеперечисленные виды конфликтов.

В зависимости от абстракции конфликты могут быть открытыми или закрытыми.

Открытые споры обычно возникают непосредственно на глазах у противоборствующих сторон. Они будут завершены до того, как произойдет столкновение. Поскольку такие конфликты находятся под контролем руководства, они представляют небольшой риск для предприятия и легко урегулируются.

Закрытые конфликты крайне опасны. Такие споры можно уподобить мине, которая постепенно взрывается в назначенное время. Если конфликт еще не «сделан» или скрыт от глаз людей, иными словами, если конфликт «внутри» людей, знайте, что он чрезвычайно опасен и очень трудноуправляем.

Закрытые споры часто возникают в результате развития в форме сговора, подстрекательства, обмана и др. Они направлены на раздор и разрушение, а ложь, измышления и клевета являются основным оружием противников.

Открытые конфликты часто возникают в результате развития в форме восклицания. Они выражаются в открытом призыве, звучании, призыве. В этом случае группа сотрудников пытается обратить интересы противостоящих им официальных или неформальных групп в свою пользу.

В зависимости от характера споры делятся на объективные и субъективные споры.

К объективным спорам относятся споры, связанные с реальными недостатками и проблемами, возникающими в процессе развития предприятия. Эти споры носят практический характер и служат развитию производства, совершенствованию стиля управления, созданию нормального «духовного климата» на предприятии.

К субъективным конфликтам относятся конфликты, возникающие в результате различного личного мнения людей о том или ином событии. По своей природе эти конфликты возникают в результате эмоций, переживаний и любопытства. Обычно такие споры возникают в результате противоречивых мнений людей, которые не могут видеть друг друга духовно или не понимают друг друга или не хотят понимать друг друга [4, с.10-11].

Специалисты выделяют несколько категорий «конфликтных» личностей, которые вызывают чрезмерные конфликты между людьми:

Демонстративный человек. Они всегда хотят быть в центре внимания. Он является инициатором любых страстных споров.

Высокомерный человек. Это:

- иметь высокое мнение о себе;
- не считаются с мнением других;
- не смотреть на свое поведение с критической точки зрения;
- дзидзаки, тонкокожий, обидится;
- они «смешивают» и распространяют яд на окружающих.

Необузданная личность. Это:

- очень плохо владеют собой;
- характеризуются произвольными действиями;
- агрессивны;
- это люди, которых вообще нельзя объяснить.

Очень конкретный человек. Это:

- слишком требовательны;
- всегда сомневаются;
- становятся нервными;
- они нерешительны.

Существуют и внешние элементы конфликтной ситуации. Это: чрезмерная эмоциональность; неумение четко выражать свое мнение; нежелание понимать друг друга; безосновательная неблагодарность и др.

Обзор исследований конфликта позволяет выделить в качестве наиболее значительных по длительности существования и количеству работ философско-социологическую и психологическую традиции изучения конфликта. Возможно, их анализ позволит нам уточнить определение конфликта и границы его проблемного поля.

Список использованных источников

1. Гришина Н.В. Психология конфликта. – СПб.: Питер, 2001. – 464 с
2. Насриддинова Г., Шарипов Ш. Преемственность профессиональной направленности обучающихся в системе общего среднего и среднего специального, профессионального образования. Материалы республиканской научно-методической конференции “*Становление и развитие профессионального образования*”. Ответ.ред. доц. К.Даўлетов. Нукус. КГУ. 2010 г. Стр 200. с. 23-24.
3. Насриддинова Г., Шарипов Ш. Преемственность развития творческой личности в системе непрерывного образования. *Инновации в высшем образовании: проблемы и перспективы*: Международная научно-практическая конференция. – Украина, Кременц, 20-21 май, 2010 с. 343-347.
4. Цветаев В.М. Управление персоналом. – Питер, 2000. 192 с.
5. Чудакова В.П. Конфликты в межличностных и деловых взаимоотношениях и пути их урегулирования в условиях кризиса. Учебно-методическое пособие – К.: ИПККП, 2022. -с. 40

ҚАЗІРГІ МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІҢ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕР ЕТУІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Сейдина Балмуздак Зикировна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институтының аға оқытушысы
Арқалық қ., Қазақстан
bsejdina@gmail.com

Барлық балалар мультфильмдерді көргенді ұнатады. Мультфильм көрмейтін баланы кездестіру өте қиын.

Шынында да, қазіргі балалар мультфильмдерді ең кіші жастан бастап көреді, олар экранда көрген балалар арқылы шындықты қабылдайды, мінез-құлық үлгілерін боялған әлемнен нақты әлемге ауыстырады. Балалар ол жерден не тапқанын түсіну өте маңызды. Мультфильмдердің барлығы әртүрлі мағынаға ие, әрқайсысының мағынасы мен мысалы бар. Түстердің жарықтығы, көптеген кейіпкерлер мен жағдайлар, сюжетті ұсынудың жеңілдігі балаға көргендерін оңай түсінуге мүмкіндік береді. Бала мультфильмдерді көргенде көп нәрсені үйрене алады. Мысалы: өмірлік білімді, тәжірибені, адамгершілік қасиеттерді, зұлымдық пен мейірімділікті және т.б.

Мультфильм (анимациялық фильм) – бұл кейіпкерлерді жасау үшін әртүрлі әдістер мен материалдарды қолданатын аниматорлар жасаған фильм, ал «жандандыру» кадрларды тез өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Мультфильмдер теледидардан көрсетуге, кинотеатрда көрсетуге, компьютер экранында және басқа да электрондық құрылғыларда көруге арналған.

Анимация кино индустриясының пайда болған сәттен бастап саласы болып саналады. Алайда, бұл қызықты бағытты кескіндеме немесе графикамен сәтті байланыстыруға болады. Суретшінің таланты техникалық мүмкіндіктермен үйлескенде – балалар мен ересектерді бей-жай қалдырмайтын өнер туады. Әрі қарай, кино, анимацияның дамуы, Францияда да өтті. Оны дамытқан Эмиль Коль болды. Эмиль Коль-өз қызметін актерлік қойылымдардан бастаған тағы бір жарқын суретші және режиссер. 1908 жылы ол алғашқы анимациялық фильмдерді шығарды. Олар тек қозғалыста жазылған комикстерге ұқсас болды. Эмиль Коль оларды жандандыру үшін мыңдаған суреттер салды. Ол нақты заттарды көшіру арқылы реализмге ұмтылды, тіпті фотосуретті де қолданды. Оның мұрасын қазіргі аниматорлар құнды деп санайды.

Анимация тарихындағы тағы бір жарқын есім Ресеймен байланысты. 1912 жылы Владислав Старевич «әдемі Люкс» деп аталатын алғашқы қуыршақ мультфильмін жасады. Владислав Старевич-талантты суретші және нәзік психолог. Ол мультфильмдердің көрнекі жағына ғана емес, оларды терең мағынамен толтырды. 1926 жылы қаңтарда Калифорнияда Уолт Диснейдің алғашқы студиясы ашылды. Анимация тарихындағы ең танымал сурет кейіпкері-Микки Маус болды, яғни тышқан. Микки Маус ол ашуланшақ және қатал көрінді. Жас көрермендердің ата-аналары кейіпкердің жаман мінезіне наразы болды. Содан кейін барып, Дисней оны сүйкімді және ақкөңіл етіп өзгертті. Дисней анимацияның атасы болып саналады,

оның жұмысы бөлек әңгімеге лайық, өйткені ол 30 рет Оскар сыйлығын алды. Оның тәжірибесі бүгінгі анимацияларға негіз болып отыр [1].

Ендігі кезекте өзіміздің еліміздің анимациясына назар аударсақ. Ең алғашқы аниматор ретінде танылған тұлға ол – Әмен Қайдар болатын. ҚР Еңбегі сіңген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұлттық өнер академиясының профессоры, режиссер-аниматор, қазақ мультипликациясының негізін қалаушы Әмен Қайдар Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын үздік бітіріп шыққан соң, мультфильм шығаруға кіріскен болатын. Алғашқы мультипликациялық туындысын шығармас бұрын, ол қазақ аңыз-ертегілері мен қисадастандарды оқып, қазақ ауыз әдебиетіне үлкен зерттеу жүргізген. «Қарлығаш ұясын бұзуға болмайды!» деген тыйым сөзді естіп өскен ол алғашқы туындысына халық ертегісін арқау етті. Мультфильм жасауға бес адамнан тұратын шығармашылық топ кірісті. Аз уақыттан кейін кейіпкерлер бейнелері салынды. Мультфильм музыкасы белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиевке тапсырылды. Қазақтың тұңғыш мультфильмі ұлттық музыкалық аспап домбыра әуенімен әрленді. Ұзақтығы 10 минутқа жететін мультфильм жасауға бір жарым жыл уақыт кетті. Әмен Қайдардың ұлттық мультфильм түсіру туралы ойын сол кездегі «Қазақфильм» киностудиясының басшысы Камал Смайылов қолдаған болатын. *Өзіміздің қазақ мультфильмдерін алатын болсақ. Қазақ мультфильмдерінің мазмұны жағынан прецедентті атауларды жиі кездестіруге болады.* Бұл – өз кезінде әлеуметтік маңыз иеленген лингвомәдени таңбалар. Қазақ мультфильмдерінде, ертегілерінде тұтастай прецедентті мәтінге ие болған атаулар бар және өте көп. Олар аксиологиялық (бағалауыштық) мәнде беріліп, кейіпкердің адами, сапалық белгілерін айқындауға фондық негіз болады. Мультфильмдердің прецеденттік мәнге ие болуы, кейіпкер атауының берілуінен-ақ прагматикалық күшке ие бола алады. Бұлар магиялық қасиетке ие болып, ақылдылық, қайырымдылық, мейірімділік, жомарттық сияқты сан түрлі адамдық қасиеттерді паш етеді. Мысалы, «Күн астындағы Күнікей қыз», «Қаңбақ шал», «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Ер Төстік», «Толағай», «Құйыршық», «Асан мен Үсен», бейнелері. Мультфильмдер мен ертегілердің прецеденттік атаулармен әсер ету бағыты мультфильм мазмұнындағы кейіпкерлердің қимылдарын, ғажайып, керемет әрекеттерін әсерлендіре, толғандыра түседі. Ертегі мәтіндерінде аруақтың, пайғамбарлар (діни ертегілер болса), мифтік тұлғалардың, батырлар мен ойдан шығарылған жеке тұлғалар мен аң-құстардың, жан-жануарлардың аттары енгізіледі. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін іс әрекеті, қимылы ел арасында мысал етіп, айтылып жүрген ертегі және мультфильм кейіпкерлері де бар. Мысалы, Қожанасыр, Алдар көсе, Қаңбақ шал бейнелерін алайық. Оның прагматикалық мәні тарихи-әлеуметтік жағдайлардан пайда болған. Мұндағы адресант адресантқа мынадай прагматикалық мақсаттың нәтижесін бере алады: Қожанасыр – аңқау, іс-қимылы, әрекеттері аңғалдықтың бейнесін береді, ал Алдар көсе – өтіріктің белгісі, бірақ ел арасындағы теңсіздікпен күресуші, әлеуметтік тапты қорғаушы, қолдаушы. Қаңбақ шал – белгілі тұрағы, үйі жоқ, әр жұмыстың басын бір шалып жүретін қимыл иесі ретінде көрініс табады. Сол сияқты жан-жануарлар мен құстар адам бойындағы түрлі қасиеттерді байланыстырып, бейнелеуші ретінде сипатталады. Балаларға арналған мультфильмдер мазмұнының жан-жануарлар, аң-құс бейнесімен келуі, оларға түсінуге жеңіл, қабылдауға ыңғайлы, ой-танымына сай болып келуінен байқалады. Сол арқылы балалар адам бойындағы түрлі мінез-құлықты сипаттап бере алады [2].

Мультфильмдердің пайдасы келесідей:

- Мультфильмдер бала мен ата - ана арасындағы «арақашықтықты» жақындатады;
- Бала мен ата - ананың бір - біріне деген ішкі байланысты бекітуге мүмкіндік береді;

- Баланың рухани жан дүниесін байытады;

- Балаға өмірдің құндылығын түсіндіруге көмек береді;

- Өмірде орын алатын әртүрлі жағдайларға көзқарасын қалыптастыруға әсерін тигізеді;

- Жақсы мультипликациялар балаларды еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейді, жақсы әдеттерге үйретеді.

Сонымен бірге мультфильмдердің бай педагогикалық мүмкіндіктері бар:

- қоршаған әлем туралы ойларын кеңейту, жаңа сөздермен, құбылыстармен, жағдайлармен танысу;

- әлеуметтенуге ықпал ететін мінез-құлық үлгілерін көрсету, өйткені балалар еліктеу арқылы үйренеді;

- дүниеге баға беру қатынасын, ойлау қабілетін, себеп-салдар байланыстарын түсінуді қалыптастыру;

- эстетикалық талғамды, юмор сезімін дамыту;

- эмоционалды қажеттіліктерді орындауға көмектеседі.

Ендігі кезекте қазіргі уақыттағы пайдалы ертегілер туралы айтсақ. Кез келген мультфильмнің «өз айтары», яғни балаға берер тәрбиесі бар деген пікірде болу, қателік. Алайда ата - аналардың көбісі осы тұсына мән бермейді, тек көрсетіп қоя салады. Кішкентай бала мультфильмнің не айтқысы келгенін бәрібір түсінбейді деп келте ойламаңыз. Ойын арқылы ойы дамытын баланың өмірге көзқарасы мультфильмдер түрлі ертегілер арқылы қалыптасады. Сондықтан, мультфильмдердің қалай және қандай оқиғамен аяқталатынына мән беріңіз. Мысалы, көпке жақсы таныс «Шалқан» мультфильмінің немесе ертегінің тәрбиелік мәні неде? Бұл ертегі татулықты, ауызбіршілікті насихаттайды. Сондай-ақ, адамның көбісі бастаған ісіне аз қадам қалғанда тастап, қолын бір сілтеп кетіп жатады, бітуге сәл-ақ, жақын тұрған іске тағы бір күшеніп кіріскен адам мәреге оп-оңай жететіні жайлы айтылады. «Шалқан» ертегісінде барлығы жабылып, көмектесіп тартқанымен, соңында кішкентай ғана тышқан келіп көмектескеннен кейін ғана шалқанды жұлып алады. Бұл мультфильмде біз көп жағымды жақтарды көруімізге болады. Мысалы, достықты, жанашырлықты, жұмысты аяғына дейін апаруды, татулықты көруімізге болады. Және де бала кез келген мультфильмді аяқтаған соң, міндетті түрде ондағы тәрбиелік мәнін жеңіл тілмен балаға түсіндіру қажет [3].

Бірақ біздің Қазақстанда мультипликация әлі күнге дейін дұрыс дамымаған. Соның кесірінен біздің елдің балалары шетелдің қажет емес, мағынасыз мультфильмдеріне қызығады. Бірақ ол мультфильмдерде ешқандай тәрбие жоқ деуге болады. Ал мультфильм арқылы баланы тәрбиелеуде қандай үлкен жетістіктерге жетуге болатынын білсек қой, баланы тіпті патриотизмге де, жанашырлыққа да т.б. заттарға да тәрбиелей аламыз. Қазақстанның мультфильмдері жоқ емес, барғой әрине. Бірақ оларды әлі шикі деуге болады. Себебі балаларға неше түрлі әдеміленіп көркемделген бейнелер ұнайды және түстері де анық, ашық болса ғана баланы еліктіруге болады. Ал біздің мультфильмдер ондай емес, балаларды еліктіре алмайды. Бізде тіпті қаншама мүмкіндік бар керемет туындылар жасауға. Себебі біздің ата-бабамыз қаншама мұра қалдырып кеткен. Солардың желісін пайдаланып қаншама керемет, ғажайып туындыларды шығаруға болады.

Сонымен барлымызға белгілі болғандай ерте балалық шақта жеке тұлғаның негіздері қаланады: баланың бастапқы дүниетанымы, жақсылық, жамандық ұғымдары, адамдардың іс-әрекеттеріне деген реакциясы, және олардың мінез-құлқы қалыптасады. Балалар мінез-құлқтың бастапқы тәжірибесі деп, ұжымдағы қарым-қатынасты, заттарға, табиғатқа, адамдарға деген қарым-қатынасты алады. Олар сол арқылы ең маңызды моральдық нормаларды игере алады. Отанға деген сүйіспеншілік оянады, ересектерге деген құрмет көбиді, заттарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау қалыптаса бастайды: өз еңбегінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін көреді, көмектесуге деген ұмтылыс және басқа да игі істерге деген сезімдері ояна бастайды[4]. Бұл қасиеттердің көпшілігі адамның жалпы руханиятының негізі болып табылады.

Сонымен, қазіргі уақытта анимация өнер түрі ретінде балаларға көркемдік-эстетикалық, адамгершілік-эмоционалды әсер етудің өте жоғары тәрбиелік әлеуетіне, сондай-ақ үлкен білім беру мүмкіндіктеріне ие.

Мультфильм кинотеатры-бұл баланың жеке басына және оның әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер ететін, оның қиялына және айналасындағы әлемді қабылдауға әсер ететін бірнеше өнер түрлерін біріктіруге негізделген күрделі процесс.

Алайда, көптеген заманауи яғни қазіргі мультфильмдер күмәнді білім беру әлеуетіне ие. Сонымен, қазіргі балаларға не қарау керек? Мүмкін, бұрынғы кеңестік кезеңдегі мультфильмдерге назар аударған жөн болар. Кеңестік мультфильмдердің көбісінің сюжеттері қарапайым және түсінікті, оларда көтерілген мәселелер балаларға таныс болып келеді. Кеңестік мультфильмдерде кейіпкерлер жақсы, әдемі, таза тілде сөйлейді, әрқайсысының өзіндік ерекше дауысы, эмоциясы, нағыз авторлық музыкасы бар. Кеңестік мультфильмдерде кейіпкерлер ашық және жағымды, мейірімді болып бөлінеді. Бала кімнің дұрыс, кімнің дұрыс емес екенін және мұндай әрекеттердің салдары қандай болатынын анықтай алады. Осылайша, мынаны айтып өтуге болады: сөз бен суретті біріктіре, байланыстыра отырып, мультфильмдер үлкен тәрбиелік әлеуетке ие деуге болады. Мультфильмдер арқылы балалардың көбісі мінез-құлқы үлгілерін, іс-қимыл тәсілдерін үйренеді, лексикалық сөздік қорын байыта алады, эмоционалды тәжірибесін кеңейте алады. Алайда, мультфильмдер, олардың мазмұнына, сипаттамаларына және басты кейіпкерлердің әдеттеріне, қолданылған лексикаға байланысты, балалардың әлеуметтенуіне оң ғана емес, теріс әсер етіп, балаларға жағымсыз мысал да келтіре алады.

Осымен біз пайдалы, тәрбиеге бай мультфильмдердің балаларға оң әсерін тигізіп, олардың рухани адамгершілік қасиеттеріне және мінез-құлқына жүріс-тұрысы мен сөйлегеннің барлығына мультфильм көмекші құрал ретінде қатты әсер ете алатыны туралы дәлелдедік деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кожагулова Назгуль Жанбыршевна, «Мультфильмнің бала өміріндегі рөлі» URL: <https://infourok.ru/ilimi-zhoba-multfilimni-bala-mirindegi-rli-1730951.html> (қаралған уақыты: 06.02.2022 ж.)
2. Хамидуллина А.М. «Мультфильмы – что это?» URL:<https://school-science.ru/5/19/35801/> / (қаралған уақыты: 06.02.202 ж.)

3. Жазира Смағұлова, «Балаға қандай ертегі айтасыз?»
URL:https://bilimdiler.kz/oyin_sayk/kizikti/3337-balaga-kanday-ertegi-aytasyz.html
(қаралған уақыты: 06.02.2022ж)

4. Татенова Акнур Толеуовна, "Адамгершілікке тәрбиелеу құралы" URL:
<https://infourok.ru/urok-adamgershilikke-trbieleu-rali-914368.html> (қаралған уақыты:
25.02.2022ж)

ӨМІРЛІК ЖЕТІСТІК ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Салпина Шынар Ерлановна

7M01101 – Психология және психология
мамандығы 2 курс магистранты,

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік
университеті, Қостанай қ., Қазақстан
shynaryerlan@gmail.com

Байжұманова Бибианар Шаймерденовна

психология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

Қазір барлық кезеңдегідей еңбек мотивациясын қалыптастыру факторы ретінде өмірлік жетістік идеясы өзекті болып қала берді. Өмірлік жетістік – бұл қалаған мақсатқа жету, ол үшін көп жұмыс істеуді көздейді, яғни осы өмірлік жетістікке жетудің ниеті белгілі бір жұмысқа ынталандырады.

Социологиялық тұрғыдан жетістік М. Вебер, В. Зомбарт, К. Манхаймның еңбектерінде көрсетілген. Вебердің айтуынша, «жетістік» - протестанттық жоба. Адамның жетістігін Құдай жаратқан және әлеуметтік ізгілік дәрежесіне айналдырған. Тікелей протестанттық этика американдық өмірлік ұстанымды анықтады: жетістікке ұмтылу басты құндылық ретінде қарастырылады. Табыс идеяларының мағыналық құраушысы рухани және экономикалық өркендеуді біріктіру болды [1]. Егер белгілі бір дәрежеде материалдық және рухани тұрғыда нәтиже көрсетілсе, ол адамның жетістікке жеткенін көрсетеді.

Жеке тұлғаның психологиялық теориясында және З. Фрейдтің «әдіснамасында» адамның жетістігі инстинкттер мен әлеуметтік орта арасындағы бәсекелестікті жоюдың үйлесімділігімен анықталады [2].

Э. Фромм жетістікке жету шарты туралы ойлана отырып, жеке бастама принципі маңызды болып табылатын және оның өмірлік көзқарастарының құрылымында сәттіліктің маңыздылығын көрсететін нарықтық тұлға түрін зерттеді. Бұл түрдегі жетістік өзін қоғамға «сату» қабілетінде көрінеді [3].

А. Адлердің пікірінше, адамдар бастапқыда әлеуметтік тіршілік иелері. Жетістік өзінің мәні бойынша артықшылыққа ұмтылуға жақын. Бұл ұмтылыс жеке тұлғаны дамудың жоғары сатыларына жетілуге жетелейді, ал үстемдік пен кемелдікке деген орташа ұмтылыс әлеуметтік контекстке ие [4].

Ағылшын әлеуметтанушысы Г. Спенсердің айтуынша, әр адамның жетістікке бағытталған инстинкті бар. Адамның мақсатқа жетуге, табысты болуға деген ұмтылысы - кез-келген тіршілік иесінің туа біткен биологиялық бағдарламасы. Мінез-құлқық реакцияларының жылдамдығы, физикалық күш, дамыған ойлау, ерекше жағдайларда бағдарлау қабілеті - бұл организмнің биологиялық жетістігінің көрінісі. Бұл оған уақыт өте келе топта жоғары мәртебеге ие болуға және топқа өзінің тіршілік ету ортасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жоғары мәртебелік позиция жеке адамның жұптасу ықтималдығын арттырады, бұл өз кезегінде жоғары бәсекелестік қасиеттерге ие ұрпақтардың дүниеге келуіне әкеледі. Мұның бәрі түрдің өмір сүруіне ғана емес, эволюциялық күресте жоғары деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді [5].

Д. МакКлелланд жетістікке жету мотивін «экономикалық өсудің негізгі факторы» деп сипаттады, ал табысқа жетелейтін адамдардың мінез-құлқы, оның пікірінше, «белгілі бір жағдайларда нақты әлемде үлкен жетістікке жетуі керек» [6, 285, 286]. Х. Хекхаузен жетістік мотивациясын ішкі мотивация деп атайды [7]. Оған еңбек мотивациясының көптеген заманауи теориялары жүгінеді, оны ең тиімді қозғаушы күш, адамның мінез-құлқын басқаратын, оның қызметінің негізгі қозғаушы күші деп атайды.

Осы орайда шетелдік және отандық психологтардың жетістік ұғымын қалыптастыру мәселесіне деген көзқарастарын талдай отырып, В.В. Томенко жетістік ұғымын түсіндіру тәсілдері екі негізгі тұрақтыға дейін азаяды деген қорытындыға келді:

- жеке тұлға үшін өмірлік жетістік сол қоғамның басқа мүшелері жоғары бағалайтын қоғамда осындай жағдайға жеткенде қол жеткізіледі;

- жеке адам өзінің өмірлік жетістігіне қоғамда беделді емес, жеке тұлға үшін табысты болып саналатын әлеуметтік мәртебеге ие бола алады.

Сонымен қоса, американдық психолог А. Теллегеннің пікірінше, адамның табысқа деген құштарлығы тек 46%-ы гендерге, ал 54%-ы әлеуметтік ортаның әсеріне байланысты. Шынында да, бастапқыда жеке адамдар арасындағы физикалық және ақыл-ой қасиеттері, жеке ерекшеліктері және басқа өлшемдері бойынша биологиялық айырмашылықтан туындаған теңсіздік өмір бойы мәртебені бекітуге және оны ұрпақтарына беруге әкелмеді. Бірақ еңбек бөлінісімен, таптық қоғамның рудименттерінің пайда болуымен бірте-бірте кейбір әлеуметтік топтарды басқалардан артық көру үшін нормативтік және заңнамалық база құрылады. Қоғам бай және кедей, жоғары және төмен мәртебелі тұлғаларға бөлінді.

Н.В. Лейффридтің зерттеулеріне сүйене отырып, біздің қоғамымыздағы табысты, жетістікке жеткен тұлғаға «тату отбасының болуы, жоғары білім, әділ, кәсіпте өзін-өзі жүзеге асырған, табанды, мақсатты, құрметті, ақылды, еңбекқор, әдепті, белсенді» қасиеттерін теңестіре аламыз [8]. Осы орайда мансаптың адам өмірінде, әсіресе жастар арасында жоғарғы деңгейде екенін көре аламыз. Еңбек көзіне келетін болсақ, соңғы уақытта заман талабына сай әлеуметтік желілер арқылы табыс табу көздері кең етек жайып жатқанын да атап өткен жөн. Бұл жастарды қосымша еңбектенуге, олардың мотивацияларын арттыруға көмек береді.

Өмірлік жетістік түсінігі көптеген факторларға байланысты: тәрбие, өмірлік жағдайлар, қоршаған орта, өмірлік мақсат және басқалар. Біздің әрқайсымыз үшін өмірлік жетістік пен сәттіліктің өзі туралы түсінік әртүрлі. Мотивация - ниеттің қалыптасуына әкелетін адамның ішкі сезімдеріне бағытталған әсер. Сондай-ақ, мотивация бұл процестің нәтижесі деп те аталады: белгілі бір әрекетке деген ұмтылыс, бір немесе басқа нәрсені жасауға деген ұмтылыс.

Студенттік кезеңге жататын жасөспірімдік және жастық кезеңдерін дағдарыс кезеңі ретінде есептейміз, себебі бұл өмір кезеңінде жеке тұлғаның дамуының алғашқы шындығы бағындырыла бастайды, оған тұлғашылық қайшылықтар, өзіндік ерекшелігінің күрделілігі, дара көзқарастың қалыптасуы, әлеуетті мүмкіндіктер мен олардың өзекті іске асырылуы арасындағы сәйкессіздіктер жатады. Бұл сәйкестік дағдарыстары әлеуметтік және жеке-тұлғалық бөлімдерден, сәйкестендіруден және өзін-өзі анықтаудан тұрады. Студенттердің басым проблемалары - отбасылық қиындықтар, кейіпкерлердің екпіні, сыныптастарымен жанжалды қатынастар, айналадағы адамдардың манипуляциясы және оларға қарсы тұра алмау, қоғамдағы қанағаттанарлықсыз тұлғааралық қатынастар. Оның ішіне болашаққа деген алаңдаушылықтар, материалдық құндылықтардың артуын да есепке аламыз. Осы орайда жастардың еңбекке қызығушылығы арқылы жеке жетістік мәселесін де, қоғамға болашақ мамандарды даярлау мәселесін кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Егер жастар осы кезеңде бұл міндеттерді шеше алмаса, жеткіліксіз сәйкестікті қалыптастыру ықтималдығы артады. Бұл дегеніміз, көптеген ұлдар мен қыздар өмірлік жоспарлар құра алмайды, өмірлік бағдарламаларды уақтылы жүзеге асыра алмайды, олар өсу мен өзгеруден қорқады, ішкі ресурстарды жұмылдыра алмау және кез-келген негізгі іс-әрекетке назар аудару, өнімді, шығармашылық қабілеттердің бұлыңғырлануы, өзін-өзі анықтаудан бас тарту, теріс мінез-құлық үлгілерін таңдау.

Адамның шығармашылық әлеуетін дамыту ерекшеліктеріне байланысты С.Ю. Степанов өмір стратегиясының үш түрін ажыратады:

1) өмірдің сарқылу стратегиясы - бұл стратегияның тасымалдаушысы репродуктивті белсенділікпен, өсудің болмауымен, шығармашылық әлеуеттің төмендеуімен сипатталады;

2) тіршілікті қалыптастыру стратегиясы - осы типтегі өкілдер шығармашылық белсенділік танытады, өз ойларын жүзеге асырады, бірақ бұл процесс біркелкі жүзеге аспай, дағдарыс кезеңдерімен кезектес келеді.

3) өміршеңдік стратегиясы - бұл стратегияның тасымалдаушылары өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыруда тұрақты және әр уақытта ұмтылысқа ие [9].

Қорыта келе, еңбек - бұл материалдық және мәдени құндылықтарды құруға бағытталған адамдардың іс-әрекеттері. Жетістік, өз-өзіне жауапкершілік ала білу қабілеті еңбекке баулу арқылы келеді. Бұл дағдылар жастар үлкен өмірге қадам баспас бұрын нақты қалыптаса бастағаны тиімді. Елдің экономикалық, рухани дамуы жастардың қолында болғандықтан, оларға еңбек арқылы қандай жеке әр салада өз тұлғалық дамуына, ортақ мемлекеттік жетістіктерге жете алатындығын түсіндіру абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мутушев А.А. Понятие ценности в системе философского знания / А.А. Мутушев // Теория и практика общественного развития. - 2015. - С. 113-117.

2. Нефедова Н.И. Социальные представления об успехе / Н.И. Нефедова // Вестник Волгоградского государственного университета. - 2012. - С. 141-145.

3. Мухтарова З.Ш. Проблема самореализации личности в трудах отечественных и зарубежных ученых / З.Ш. Мухтарова // Вестник Астраханского государственного технического университета. -2007. - С. 158-162.

4. Васильева В.П. Анализ психологического понимания власти / В.П. Васильева // Вестник Южно-Уральского государственного университета. - 2008. - С. 112-121.

5. Болдарева, Е. Ф. Языковая игра как форма выражения эмоций : автореф. дис. ... канд. филол. наук : 10.02.19 / Е.Ф. Болдарева ; ВГПУ им. А.С. Серафимовича. - Волгоград, 2002. - 160 с.

6. Макклелланд Д. Мотивация человека. — СПб.: Питер, 2007. — 672 с.: ил

7. Хекхаузен Х., Мотивация и деятельность / Х. Хекхаузен. — 2-е изд. — СПб.: Питер; М.: Смысл, 2003. — 860 с: ил.

8. Leyfrid N.V. Osobennosti sotsialnykh predstavleniy ob uspešnom cheloveke u predstaviteley raznykh pokoleniy [Features of the Social Ideas About a Successful Person in Different Generations]. Novosti nauchno-tekhnicheskogo progressa [News of Scientific and Technical Progress], 2009, no. 24. Available at: http://www.rusnauka.com/24_NTP_2009/Psihologia/49167.doc.htm. (accessed June 12, 2014).

9. Варламова Е.П., Степанов С.Ю. Психология творческой уникальности человека. М.: Ин-т психологии РАН, 2002.

ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ

Аюпова Гүлбаршын Турагуловна
PhD, Әлихан Бөкейхан университеті,
Семей қ., Қазақстан
gulbarshin63@mail.ru

Мазанбекова Меруерт Ержановна
педагогика ғылымдарының магистрі,
Сырдария университеті, Жетісай қ., Қазақстан
mika_98.14@mail.ru

Карипжанова Назигуль Мухтарбековна
1 курс докторанты, Әлихан Бөкейхан
университеті, Семей қ., Қазақстан

Жолдыбекова Асем Тлеубековна
1 курс докторанты, Әлихан Бөкейхан
университеті, Семей қ., Қазақстан

Педагог мамандығы білім берудің барлық буындарында «көмектесуші мамандық» қатарында болады. Осыған байланысты балабақшадан бастап ЖОО-ға дейінгі мекеменің барлығында педагог басқаларға ерекше қатынас көрсетеді. Н.Б. Шмелева [1] «адам-адам» жағдайындағы мамандық үшін басты құндылық ретінде маманның әлеуметтік ортаға риясыз қызмет ету қажеттілігі деп санайды. Сондықтан маманның барлық кәсіби-тұлғалық белсенділігі гуманды мақсатқа бағытталуы керек. Және ерекше «көмектесуші» қатынас К. Роджерс [2] көзқарасы бойынша бір адамдардың басқалардың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету болып табылады. Бұл мәселенің шешімі алдымен оқытушының өзінің тұлғалық дамуымен байланысты.

Сонымен қатар И.Я. Лернер оқытушының іс-әрекетін білім мазмұныны меңгеруге және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға жетекшілік жасау ретінде

анықтайды [3]. Бұдан кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі оқытушы мен білім алушылардың өзін-өзі танытуымен байланысты көптеген оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін шешуден байқалады.

Олай болса білім алушылардың заман талабына сай маман және тұлға ретінде қалыптасып, дамуы жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық қасиеттеріне қатысты болады. Яғни жоғары мектеп оқытушысының кемел тұлға ретінде танылуы кәсіби іс-әрекетінің мазмұнымен және оны ұйымдастырып, жүзеге асыру ерекшеліктерімен байланысты.

Жоғары мектеп оқытушысының жалпыланған анықтамасын З.Ф. Есарева тұжырымдаған. Бұл анықтамада жоғары мектеп оқытушысы кәсіби іс-әрекет негізінде анықталады: «Оқытушы – оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми әдістерін меңгерген, білім берудің техникалық құралдарын біліктілікпен қолдана алатын, өз квалификациясын үздіксіз жетілдіретін, ғылыми-зерттеу жұмысына және қоғам өміріне белсенді қатысатын ғылыми қызметкер» [4].

Осыған байланысты жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктерін теориялық жағынан зерттеу және негіздеу көлемді екі мәселенің шешілуі арқылы мүмкін болады:

1) Оқытушының кәсіби іс-әрекетінің психологиялық, педагогикалық теорияларын талдау;

2) Оқытушының кәсіби қалыптасуымен және жетілуімен тікелей байланысты болатын оның тұлғалық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздерін қарастыру.

Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуын зерттеу және негіздеу үшін алдымен оның кәсіби педагогикалық іс-әрекетін талдау қажет. Сондықтан бұл бөлімде жоғары мектеп оқытушысының кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің теориялық негіздері қарастырылады және талданады. Яғни, жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттеуге және негіздеуге бағытталған мақсат көздеуді назардан шығармай, оның кәсіби іс-әрекетінің сипаты мен мазмұнының мәніне және негіздеріне тоқталамыз.

Оқытушының тұлғалық дамуын іс-әрекеттік тұрғы дәйектей алатыны отандық және шетелдік ғылыми бағыттарда дәлелденген. Кеңестік ғалым А.Н. Леонтьев [5] енгізген «жетекші іс-әрекет» ұғымы онтогенездің белгілі бір кезеңіндегі адамның психикалық, тұлғалық дамуын анықтайтыны белгілі. Олай болса жоғары мектеп оқытушысының қалыптасқан тұлғалық ерекшеліктері оның кәсіби іс-әрекеті арқылы түсінікті болады. Сонымен қатар, оқытушының ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің жүзеге асырылуын, жетілуін оның тұлғалық сапалары анықтайды. Сонда іс-әрекет оқытушының маман және тұлға ретінде қалыптасуының механизмі секілді болады. Оқытушының кәсіби және тұлғалық сипаттарының өзара тәуелді, өзара байланысты болуы іс-әрекет арқылы ғана дәлелденеді. Себебі іс-әрекет В.Н. Мясичев айтқандай қоғамдық қатынастармен мәнді болады [6]. Бұл тұлға қалыптасуының басты шарты болып табылады.

Әдебиетте педагогтың кәсіби іс-әрекеті «педагогикалық іс-әрекет» ұғымымен бір мәнде қарастырылады. Және көптеген еңбектердегі ЖОО-дағы педагогикалық іс-әрекеттің анықтамасында жалпы сипат бар. Яғни жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық іс-әрекетінің екі бағыты көрсетіледі. Сондай бір нақты анықтама А.К. Мынбаеваның «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбегінде «Педагогикалық іс-әрекет – болашақ маманның тұлғасын, оның кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет» деп берілген [7]. Бұл зерттеуде біз де осы көзқарасқа негізделеміз.

Әдебиетке жасалған талдаудан жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетінің өзгешеліктері де анықталды. Осыған байланысты оқытушының кәсіби іс-әрекеті күрделі ұйымдасқан белсенділік формасы ретінде қарастырылады. Себебі оқытушының кәсіби іс-әрекеті келесідей бірқатар аспектілерден тұрады:

- оқыту әрекеті;
- тәрбиелеу;
- ұйымдастырушы;
- әдіскерлік;
- ғылыми-зерттеу іс-әрекеті;
- инновациялық;
- жобалап-бағдарлаушы және т.б.

Әр аспектілердің мазмұны, тәсілдері және функционалдық бағыттары бойынша айырмашылықтары болады. Кейде жоғары мектеп оқытушысының өзінің маман ретіндегі бағыттылығына байланысты бұл аспектілердің бірі басқасынан басым болуы да мүмкін. Яғни бір оқытушының кәсіби іс-әрекетінде ғылыми-зерттеушілік, басқасында оқыту, әдіскерлік, т.с.с. маңызды орын қалады.

Сонда да олардың жиынтығы кәсіпқой маман дайындауға, жастардың әлеуметтенуіне, білім жасап, оны беруге бағытталады. Сондықтан оқытушының кәсіби іс-әрекеті әдебиетте кейде «оқыту-тәрбиелеу іс-әрекеті немесе «ғылыми-педагогикалық іс-әрекет» ұғымдармен бір мағынада, синоним секілді қолданыла береді. Қалай болғанда да жоғары мектеп оқытушысы болашақ мамандарды кәсіби дайындау міндеттерін атқарады. Осыған байланысты оқытушы білім берудің басқа буындарындағы сияқты оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетін толықтай ұйымдастырады және жүзеге асырады. Оқытушы кәсіби білім берудің барша мүмкіндіктерін қолданады. Мысалы, қазіргі кездегі жоғары мектеп оқытушылары педагогиканың жаңа бағыттары медиабілім беру (П.Б. Сейітқазы), педагогикалық білім мен зерттеу генезисін білу (К.Р. Қалкеева) секілді аспектілер бойынша өздерінің кәсіби-тұлғалық даярлығы болуы шарт. Мұның бәрі заманауи жастарды кәсіби дайындайтын ЖОО-дағы білім алушылардың маман және тұлға болып қалыптасуын көздейді. Сондықтан біздің зерттеуде жоғары мектеп оқытушысының «кәсіби педагогикалық іс-әрекеті» ұғымы оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінен бастап жоғарыда қарастырылған барлық аспектілерді қамтиды.

Сондай-ақ зерттеу барысында оқытушының кәсіби іс-әрекеті кез келген іс-әрекет түрлерімен байланысты болатыны айқындалды. Яғни жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетінде төмендегі белсенділік түрлерінің барлығы бейнеленеді:

- танымдық іс-әрекет;
- жаңғыртушы іс-әрекет;
- құндылыққа бағдарланушы әрекеттер;
- шығармашыл әрекеттер;
- коммуникативті іс-әрекет және т.б.

Шын мәнінде жоғары мектеп оқытушысының ғылыми-зерттеу іс-әрекеті қажетті шарт болады.

Оқытушы кәсіби іс-әрекет барысында қандай функция атқарса да оның мазмұны ғылымилық қағидасына сәйкес келуі керек. Оқытушы ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру арқылы оқыту-тәрбиелеу, педагогикалық қарым-қатынас және өзін-өзі таныту үдерістерінің сапасын арттырады. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу іс-әрекеті жоғары мектеп оқытушысының ғалым ретінде жетілуін қамтамасыз етеді. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті оқытушының креативтілікке қажеттілігін қанағаттандыруға

мүмкіндік беруімен оның шығармашылық әлеуетін ашады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті іс-әрекеттегі өзбеттілігін және тәуелсіздігін, әлеуметтік ортадағы құрмет пен абыройға қажеттілігін қанағаттандырып, оқытушының тұлғалық қасиеттерінің дамуына және тұрақталуына негіз болады [8]. Себебі, А.К. Мынбаева айтқандай «ЖОО-ның біртұтас педагогикалық үдерісінде оқыту, тәрбиелеу, ғылыми-зерттеу заңдылықпен өзара байланысты».

Олай болса жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетінде ғылыми және педагогикалық жұмыстардың үйлесімді сәйкестігі маңызды болады. Педагогикалық жұмыстардың шамадан тыс артық болуынан оқытушының ғылыми-зерттеу іс-әрекетпен айналысуын азайтады. Сонымен қатар оқытушы көп уақытын ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне арнаса, оның оқыту-тәрбиелеу қызметінің сапасы төмендеуі мүмкін. Бұл мәселені алғаш рет педагогикалық-психологиялық ғылымдарда З.Ф. Есарева [9] талдады.

З.Ф. Есарева оқытушының кәсіби қызметті тиімді орындауына ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің педагогикалық іс-әрекетпен өзара байланысу сипаты әсер етеді деп санайды. Автор пікірінше оқытушының педагогикалық бағыттылығының басымдығы оның кәсіби дамуына кедергі жасайды. Мұндай оқытушылар ғылыми білімді оқу пәнінің мазмұнына ықпалдастыруда қиыншылық көреді. Олар оқыту үрдісінде танымдық міндет қоюға қиналады. Бұл оқытушылар үшін зерттеу әдістерін таңдау күрделі болады. Сол секілді оқытушының ғылыми-зерттеуге ерекше назар аударылуы да кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін төмендетеді. Мұндай оқытушыларда ұйымдастырушылық және коммуникативті біліктіліктерінің даму деңгейі жеткіліксіз болады. Оларға қарым-қатынас жасауда қиналады. Бірлескен педагогикалық іс-әрекетті мұндай оқытушылар мақсатқа сай жүзеге асыра алмайды. Ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық жұмыстарды үйлестіруге бағытталған оқытушылар кәсіби міндеттерді табысты орындай алады.

Көбіне не ғылыми-зерттеу не оқыту-тәрбиелеу бойынша біржақтылық біртұтас педагогикалық іс-әрекет болмайтынын Т.А. Вековцева ескертеді. Сондықтан ол оқытушыларды тар ауқымды қызмет атқаратын «ғалым-оқытушы» немесе «тәжірибеші-оқытушы» (білім беруші) деп ажыратады.

Бұл мәселелер кейіннен М.И. Ситникова[10] зерттеулерінде дәйектелген. Ол жоғары мектеп оқытушысының кәсіби педагогикалық жағынан өзін-өзі таныту мәдениетінің қалыптасуын зерттеудің нәтижелеріне сүйенеді. Осыдан автор кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі негізгі салаларға байланысты жоғары мектеп оқытушысының төрт типін анықтаған:

- «оқытушы-білім беруші»;
- «оқытушы-тәрбиеші»;
- «оқытушы-әдіскер»;
- «ғалым-оқытушы».

Сондықтан М.В. Буланова-Топоркова еңбегінде [11] жоғары мектеп оқытушылары бағыттылығына байланысты үш топқа бөлінеді:

1) педагогикалық бағыттылығы басым оқытушылар – шамамен оқытушылардың жалпы санының 2/5 бөлігін құрайды;

2) зерттеушілік бағыттылығы басым оқытушылар – шамамен оқытушылардың жалпы санының 1/5 бөлігін құрайды;

3) педагогикалық және зерттеушілік бағыттылықтары бірдей оқытушылар – шамамен оқытушылардың жалпы санының 1/3 бөлігін құрайды.

Бірақ бірқатар зерттеушілер оқытушының кәсіби іс-әрекетінде жетекші іс-әрекет ретінде оның педагогикалық түрін алға қояды. Десе де мұнда оқытушының кәсіпқойлығы ғылыми-зерттеу жұмысымен бекітілу қажеттігі ескертіледі. Кері жағдайда оқытушының оқыту-тәрбиелеу іс-әрекеті тиімді болуын айтпағанда, оның «сөніп» қалу қаупі шығады.

Сонымен, әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктері және оның оқыту, тәрбиелеу, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру, коммуникативті, дидактикалық, әдістемелік, т.с.с. қызметі мен бағыттарына байланысты көп аспектілі, көп түрлі кәсіби педагогикалық іс-әрекеті өзара шарттастықта болады деп санаймыз.

Ғылыми зерттеу жұмыстарында «педагогикалық іс-әрекет» ұғымымен қатар «педагогикалық үдеріс» ұғымы қолданылады. Көп жағдайда осы кезге дейін бұл ұғымдарды бір мағынада қолдану орын алған. Дегенмен, олардың өзара айырмашылығы мен өзара байланысы Н.Д. Хмель еңбектерінде анықталып, дәйектеледі. Автор және оның ғылыми мектебінде педагогикалық үдеріс педагогтың кәсіби іс-әрекетінің объектісі ретінде тағайындалған. Мұнда педагогикалық үдерістің біртұтастық сипаты дәйектелген. Бұл Н.Д. Хмельдің біртұтас педагогикалық үдеріс (БПУ) теориясы жоғары мектеп оқытушысының да кәсіби іс-әрекетіне негіз болады. Себебі ғалымның педагогикалық үдерісті оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетіндегі субъектілердің өзара әрекеттестігі ретінде анықтауы әмбебаптықты көрсетеді. Н.Д. Хмель теориясы бойынша субъектілердің тұлғалық дамуына жеткізетін педагогикалық үдеріс деп қарастырылуы білім берудің кез келген буынында әдіснамалық бағдар болады. Сонымен қатар бұл БПУ педагогтың да, білім алушының да іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын түсіндіреді.

Сондықтан Н.Д. Хмельдің біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-тұлғалық дамуы, оның кәсіби іс-әрекеті құрылымдық-мазмұндық аспектілерін талдауға негіз болады.

Іс-әрекеттің қандай да бірнеше құрылымдық бөліктерден жинақталады (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев және т.б.). Осыған байланысты әдебиетте кәсіби іс-әрекет де құрылымдары бойынша қарастырылады. Бірақ жоғары мектептегі педагогикалық жүйе, педагогикалық іс-әрекет арнайы зерттеу объектісі ретінде санаулы ғана талданған.

Жоғары мектептегі педагогикалық іс-әрекеттің құрылымына, оқытушының оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің жүйелігіне байланысты алғашқы еңбектер кеңестік ғалым Н.В. Кузьминаға тиесілі болды. Ол мектеп мұғалімінен бастап жоғары мектеп оқытушысына дейін білім беру саласындағы барлық субъектілердің іс-әрекетінің құрылымын қарастырып, моделін құрған. Ол жоғары мектептегі оқытушының ғана емес куратордың, әкімшіліктегі тұлғалардың педагогикалық іс-әрекеттерінің құрылымын анықтайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шмелева Н.Б. Введение в профессию «Социальная работа». – М.: Дашков и К, 2017. – 222 с.
2. Роджерс К. Личные соображения относительно преподавания и учения. http://eurekanet.ru/ewww/promo_print/21016.html. 19.06.2017.

3. Лернер И.Я. К вопросу о категориальном аппарате теории процесса обучения // Методологические проблемы современной педагогической науки и практики: межвузовский сб. научн. тр. – Челябинск: ЧГПИ, 1988. – 136 с.
4. Есарева З.Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. – Л., 1993. – 111 с.
5. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы и эмоции. – М.: МГУ, 1971. – 40 с.
6. Мясищев В.Н. Психология отношений: Избранные психологические труды. – М. – Воронеж, 1995. – 284 с.
7. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. - Алматы, 2013. – 183 с.
8. Ложкова Г.М. Специфика профессиональной педагогической деятельности преподавателя высшей школы: <http://www.rusnauka.com>. 18.12.2017.
9. Есарева З.Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. – Л., 1993. – 111 с.
10. Ситникова М.И. Формирование культуры профессионально-педагогической самореализации преподавателя высшей школы: дисс... д.п.н. – Белгород, 2008. – 406 с.
11. Педагогика и психология высшей школы / Ред. М.В. Буланова-Топоркова. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. – 544 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақбалина Эльвира Ергалиқызы
7М01201 – Мектепке дейінгі оқыту және
тәрбиелеу» мамандығының 1 курс магистранты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
eakbalina@mail.ru

Қартбаева Жайнагүл Жаншақызы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
jainagul_kj@mail.ru

Қазіргі таңда білім саласының ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындығына көп көңіл бөлуде. Білім беруді жаңғырту тұжырымдамасының маңызды міндеттерінің бірі мектепке дейінгі балалардың мектепке дайындығын қамтамасыз етуді көздейтін, қоғамда табысты әлеуметтенуге қабілетті, дербес, жауапты және әлеуметтік тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі жас – әр адамның өміріндегі жарқын, ерекше кезең. Дәл осы кезеңде әлеуметтену процесі басталады, балада болмыстың жетекші салаларымен байланысы орнатылады: адамдар, табиғат, заттық әлем. Мәдениетке, жалпы адамзаттық құндылықтарға деген түсініктері қалыптаса бастайды. Денсаулықтың негізі қаланды. Мектепке дейінгі балалық шақ – бұл жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу уақыты, баланың өзіндік

санасы мен даралығының негіздерін қалыптастыру. Мектепке дейінгі тәрбиенің міндеті-баланың дамуын барынша тездету емес, ең алдымен әр мектепке дейінгі жастағы баланың жас мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша толық ашу үшін жағдай жасау.

Бүгінгі таңда заманауи тұжырымдамалардың авторлары (В.И. Слободчиков, В.В. Рубцов, В.Т. Кудрявцев және т.б.) балаларды мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың әр түрлілігін, мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық және психикалық даму деңгейлерін, педагог кадрлардың дайындық дәрежесін ескере отырып, кейінгі мектепте оқуға дайындауды жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртуға шақырады. Әр балаға мектепте сәтті білім алуға мүмкіндік беретін бірдей бастама беру үшін, қандай білім беру ұйымында (немесе отбасында) бала оны алса да, мектепке дейінгі білім беру мазмұнын белгілі бір түрде негіздеу қажет. Баланың дамуындағы барлық әлеуметтік жағдайдың өзгеруі байқалады [2].

Мектепте оқуға психологиялық дайындық мәселесі отандық және шетелдік психологияда кеңінен қарастырылды (А. Анастаси, Я. Йирасик, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин).

Л.С. Выготский мектепке дайындық баланың қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарды қажетті категорияларда жалпылау және саралау қабілетімен анықталатынын атап өтті.

Л.И. Божович мектепке дайындық ақыл-ой іс-әрекетінің, танымдық қызығушылықтың дамуының белгілі бір деңгейін, оқушының танымдық іс-әрекеті мен әлеуметтік позициясын ерікті түрде реттеуге дайындықты қамтиды деп ойлады.

А.И. Запорожец сонымен қатар мотивацияның ерекшеліктерін, танымдық және аналитикалық-синтетикалық іс-әрекеттің даму деңгейін және баланың мектепке дайындығының тұтас жүйесі ретінде ерікті реттеу механизмдерінің қалыптасу дәрежесін атап өтті.

Л.И. Божович дайындықтың ең маңызды құрамдас бөлігі мотивациялық деп санады. Ол оқу мотивтерінің 2 тобын анықтады:

- қарым-қатынас қажеттілігімен байланысты мотивтер;
- интеллектуалды белсенділік қажеттілігімен байланысты мотивтер.

Осы 2 топтың мотивтерінің синтезі "оқушының ішкі ұстанымын" қалыптастырады.

Мотив - бұл адамның өмір сүру жағдайларының әсерінен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағытын анықтайтын іс-әрекеттің ынталандырушысы.

Мектепте оқуға мотивациялық дайындық мыналардан тұрады:

- мектеп туралы жағымды идеялар;
- мектепте оқуға, көп нәрсені білуге деген ұмтылыс;
- оқушының қалыптасқан ұстанымы.

Мотивациялық дайындық өзін-өзі бағалау сияқты психологиялық сапаны қамтиды. Мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалауы, сәттіліктері мен қателіктерін түсінуі керек.

Баланың жеке басының барлық осы психикалық ерекшеліктері қолайлы факторлардың әсерінен, ақылға қонымды және мақсатты педагогикалық әсермен пайда болады және дамиды. Баланың табиғи мүмкіндіктеріне сүйене отырып, осы жасқа сәйкес оқытудың мазмұны мен әдістерін анықтауға, шамадан тыс жүктеме мен шамадан тыс жұмыс істеуге жол бермеуге, толыққанды, жан-жақты және үйлесімді дамуды қамтамасыз етуге болады.

Балалардың мектепте оқуға дайындығы мәселесі тек ғылыми ғана емес, ең алдымен нақты шешімін таппаған нақты практикалық, өте өмірлік және басты мәселе. Көп нәрсе, сайып келгенде, балалардың тағдыры, олардың бүгінгі мен болашағы оның шешіміне байланысты. Мектепке дайындықтың критерийлері баланың психологиялық жасына байланысты, ол физикалық уақыт бойынша емес, психологиялық даму шкаласы бойынша есептеледі [5].

Мектепке дейінгі жаста, басқаларға қарағанда, балалар бар ынтамен оқуға дайын. Оқушының жаңа рөліне қатысты баланың жеке ұстанымын қалыптастыруға қол жеткізу, оқуға деген ұмтылыс пен қабілет ерекше маңызға ие. Осылайша, мұнда тек интеллектуалды жетілу ғана емес, сонымен қатар оқу іс-әрекетіне моральдық-ерікті дайындық, ұжымда қарым-қатынас жасау, ересек адамның талаптарына дұрыс жауап беру, мінез-құлық нормаларын игеру маңызды рөл атқарады. Мұның бәрі жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің бөлігі болып табылады. 6 жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сүйене отырып, мұғалім мүмкіндіктер мен олардың қабілеттерінің жеке айырмашылықтарын есте ұстауы керек. Оқыту мен тәрбиелеудегі шеберлік әр балаға жеке көзқарас тәсілдерінде көрінеді.

Баланың мотивациялық саласының қалыптасуы даму психологиясының негізгі проблемасы болып табылады. Мектепке дейінгі жас – бұл мотивациялық саланың ең қарқынды қалыптасу кезеңі. Мектеп жасына дейінгі баланың әртүрлі мотивтерінің ішінде танымдық мотив ерекше орын алады, бұл мектепке дейінгі жастағы ең ерекше мотивтердің бірі. Бұл жас баланың танымдық қызығушылықтарын қарқынды қалыптастыру және білдіру кезеңі болып саналады [1].

Мектеп жасына дейінгі баланың психикалық белсенділігі тәуелсіз сипатқа ие болады. Ол жаңа міндеттерді көмексіз шешуге, себеп-салдарлық байланыстар орнатуға, заттардың жасырын қасиеттері мен қатынастарын анықтауға тырысады. Сонымен қатар, танымдық мотивация мен танымдық белсенділік жастың тікелей салдары емес және барлық мектеп жасына дейінгі балаларда бұл құнды қасиет бірдей дәрежеде бола бермейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық мотивацияның сәтті қалыптасуына келесі педагогикалық жағдайлар ықпал етеді: мектепке деген қызығушылықты дамыту, қызығушылықты ояту арқылы танымдық қажеттілікті қалыптастыру, білім беру ойындары арқылы танымдық қызығушылықты ынталандыру, көркем әдебиетті оқу, экспериментке деген қызығушылықты қалыптастыру; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандары мен ата-аналардың танымдық мотивацияны қалыптастыру бойынша жүйелі өзара әрекеттесуі.

Мотивация белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған біртұтас іс-әрекеттің мақсаттылығын, ұйымшылдығы мен тұрақтылығын түсіндіреді. Мотивтен айырмашылығы, мотивация-бұл мінез-құлық субъектісінің өзіне тиесілі нәрсе, оның тұрақты жеке қасиеті, ішінен белгілі бір әрекеттерді жасауға итермелейді. Мотивті жалпыланған түрде көптеген диспозицияларды білдіретін ұғым ретінде де анықтауға болады [4].

Іс-әрекеттің мотивіне байланысты ол бала үшін әртүрлі мағынаға ие болады. Бала мәселені шешеді. Мақсат-шешім табу. Мотивтер әртүрлі болуы мүмкін. Мұның себебі мәселелерді шешуді үйрену немесе мұғалімді ренжітпеу немесе ата-аналарды жақсы белгімен қуанту болуы мүмкін. Объективті түрде, осы жағдайлардың барлығында мақсат бірдей болып қалады: мәселені шешу, бірақ іс-әрекеттің мәні мотивтің өзгеруімен бірге өзгереді. Мотивтер оқу іс-әрекетінің сипатына, баланың оқуға деген көзқарасына әсер етеді. Егер, мысалы, бала жаман белгіден, жазадан

аулақ болу үшін үйренсе, онда ол үнемі шиеленіспен үйренеді, оның ілімі қуанышпен қанағаттанбайды.

Әдетте, баланың оқу іс-әрекеті бір мотивпен емес, бір-бірін толықтыратын, бір-бірімен белгілі бір қатынаста болатын әртүрлі мотивтердің бүкіл жүйесімен қозғалады. Барлық мотивтер оқу іс-әрекетіне бірдей әсер етпейді. Олардың кейбіреулері жетекші, ал басқалары екінші дәрежелі.

Мектепте оқуға мотивациялық дайын-бұл қалыптасқан түрінде жетілген "оқушының ішкі позициясының" белгілері бар бала, ең алдымен оған тән мотивтер, олар келесі белгілерде көрінеді:

- бала мектепке барғысы келеді және мұндай мүмкіндік болмаған кезде алаңдайды;

- оқыту оны байсалды, әлеуметтік маңызды іс-әрекет ретінде тартады;

- оқытудың кең полимотивациясы қалыптасты;

- оқу мотивтерінің күші мектептегі қиындықтарды жеңу үшін жеткілікті;

- мотивтердің тұрақты иерархиясы қалыптасады, онда ілімнің танымдық және әлеуметтік мотивтері мен мінез-құлықтың моральдық мотивтері басым болады;

- бала мотивтерді еркін қабылдайды, ілімнің мағынасын түсіндіреді, яғни мотивациялық саланы білудің жоғары дәрежесін ашады.

Танымдық белсенділіктің жоғары деңгейі оқытудың жеткілікті мотивациясына әлі кепілдік бермейді; баланың танымдық қызығушылықтары мектептегі оқу мазмұны мен жағдайына байланысты болуы керек [3].

Сонымен қатар, танымдық белсенділік жастың тікелей салдары емес екені анық және қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың барлығында бұл құнды қасиет жоқ.

Баланың мектепте оқуға дайындығы мектепке дейінгі балалық шақ кезеңіндегі психикалық дамудың маңызды нәтижелерінің бірі және мектепте сәтті оқудың кепілі болып табылады.

Осылайша, мектепке дайындық-бұл 6-7 жыл кезеңін ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі балалық шақтың барлық кезеңін мектепке дайындық кезеңі ретінде және бастауыш мектеп жасын мектепке бейімделу және баланың мектепке дайындық деңгейіне байланысты оқу іс-әрекетін қалыптастыру кезеңі ретінде қамтитын күрделі көп қырлы мәселе. Бұл мәселе одан әрі зерттеуді, 6-7 жастағы балалармен оқу жұмысының міндеттері мен әдістерін нақтылау үшін ұсыныстар әзірлеуді талап етеді. Мектептегі білім беру мәселелері-бұл білім беру, баланың интеллектуалды дамуы ғана емес, сонымен қатар оның жеке басын қалыптастыру мәселелері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гуткина Н. И. Мектепке психологиялық дайындық. - Санкт-Петербург. – 2004. – 208 б.

2. Білім берудің практикалық психологиясы / бас.шығ. Дубровина. - Санкт-Петербург. – 2004.

3. Шадриков В.Д., Нижний Новгородцева Н.В. Балалардың мектепке психологиялық-педагогикалық дайындығы: практикалық психологтарға, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған нұсқаулық. – М.: Владос, 2001. – 256 б.

4. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: Логос, 1999. – 382 б.

5. Ильина М.Н. Мектепке дайындық. – М.: Дельта, 1998. – 222 б.

6. Коломенский Я.Л., Панко Е.А. Мұғалімге алты жасар балалардың психологиясы туралы. – М.: Ағарту, 1998. – 243 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Убайдулла Гауһар Күмісқалиқызы
7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы
мен әдістемесі мамандығының 2-курс
магистранты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
gauhar--98@mail.ru

Жазыкова Мақпал Қожағалиқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Мектептің алдына өзгермелі өмірлік жағдайларда өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қажетті білім көздерін өз бетінше таба алатын, оларды өмірде қолдана алатын түлектерді даярлау міндеттері қойылғаны бәрімізге белгілі. Оқушылардың шығармашылық ойлау, ақпаратпен сауатты жұмыс істеу, әртүрлі әлеуметтік топтарда коммуникативті, байланыста болуы, адамгершілікті, интеллектті, мәдени деңгейді өз бетінше дамыту сияқты қабілеттерін жүзеге асыру алуы аса маңызды.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда білім берудің жаңа стандарттарын іске асыруды қалай қамтамасыз ету керек, бастауыш сынып оқушысын даярлау процесін мүмкіндігінше өнімді және психологиялық тұрғыдан ыңғайлы ету үшін не істеу қажет және де қандай жеке қасиеттерді дамытуға баса назар аудару керек деген секілді бірқатар сұрақтар тұр.

Бастауыш мектеп жасы коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру үшін өте ұтымды кезең. Себебі бастауыш сынып оқушысының сензитивтік қабілеттері айрықша дамыған.

Коммуникативті құзыреттілік сөйлеу әрекетінің түрлерін, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, өмірлік маңызды жағдайларда негізгі дағдылар мен қарым-қатынас дағдыларын игеруді қамтиды [1, 32].

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сәйкес коммуникативті құзыреттілік келесі компоненттерден тұрады:

1. Эмоционалды (эмоционалды жауаптылықты, эмпатияны, сезімталдықты, жанашырлық пен жанашырлықты, өзгелердің әрекеттеріне назар аударуды қамтиды);

2. Когнитивті (басқа адамның танымымен байланысты, басқа адамның мінез-құлқын болжау, адамдар арасында туындайтын әртүрлі мәселелерді тиімді шешу қабілетін қамтиды);

3. Мінез-құлық (баланың ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекет, бастамашылық, қарым-қатынастағы жеткіліктілік, ұйымдастырушылық қабілеттері және т.б.) [2, 47].

Г.М. Андреева құрған қарым-қатынас тұжырымдамасына сүйене отырып, жеке тұлғаның дамуына және коммуникативті құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететін коммуникативті дағдылар кешенін бөліп көрсетуге болады. Бұл келесі дағдылар:

1. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары;

2. Тұлғааралық әрекеттестік дағдылары;
3. Тұлғааралық қабылдау дағдылары [3, 54].

Зерттеулерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру процесі, оқу процесінде төмендегі міндеттер жүзеге асырылса тиімдірек болады:

- білім беру мазмұнын элеуметтік өзара әрекеттесу жағдайларымен байыту;
- жобалау технологиясының элементтерін қолдану;
- оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін жүйелі түрде бақылау.

Тәжірибе көрсеткендей, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру үшін ең толық және тиімді қолданылатын технологиялардың бірі – бұл оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруға ғана емес, олардың жеке басын өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған ізгілендіру, коммуникативтілік, даралау, белсенділік, құндылық тәсілдерін ескере отырып жүзеге асырылатын жобалау технологиясы.

Жобалау технологиясының мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының өздері үшін өмірлік маңызы бар түрлі мәселелерді өз бетінше "түсінуі". Бұл технология оқушылардың оқу процесінде белгілі бір уақыт аралығындағы "іс-әрекетін", сондай-ақ оларды қоршаған әлем туралы ғылыми идеяны қалыптастыру фрагментіне еніп, материалдық немесе басқа да объектілерді жобалауын қамтиды. Жобалаудың материалдық өнімі – бұл оқушылардың өз бетінше қабылдаған мәселенің егжей-тегжейлі шешімі ретінде анықталатын оқу жобасы. Жобада шешімнің ғылыми (танымдық) жағымен қатар әрқашан эмоционалды-құндылық (жеке) және шығармашылық жақтары болады. Бұл оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға көмектесетін мазмұнның эмоционалды-құндылық және шығармашылық компоненттері болып табылады.

1-кесте. Жоба жұмысының кезеңдері

Жоба кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I кезең	1. Мәселені құрастырады (мақсатты) 2. Ойындық (сюжеттік) ситуация туғызады 3. Тапсырма құрастырады	1. Мәселеге ену 2. Сюжеттік желіге кіру 3. Тапсырманы алу 4. Жоба міндеттерін толықтыру
II кезең	1. Тапсырманы шешуде көмек көрсетеді 2. Іс-әрекетті жоспарлауға жәрдемдеседі 3. Іс-әрекетті ұйымдастырады	1. Оқушыларды топтық жұмысқа біріктіру 2. Рөлдерге бөлу
III кезең	1. Практикалық көмек (керек болған жағдайда) 2. Жоба жұмысын бағыттау және бақылау	1. Білім, білік, дағдыны қалыптастыру
IV кезең	1. Таныстырылымға дайындық 2. Таныстырылым	1. Жоба жұмысын таныстырылымға даярлау 2. Іс-әрекет өнімін жалпыға ұсыну

Жобалық қызметті пайдалану білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін едәуір арттырады. Жобалық қызметте коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың тиімді педагогикалық құралдарына:

- жобаны бағыттайтын сұрақтар;
- зерттеу қызметі барысында проблемалық сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу кезінде оқушылардың ынтымақтастығы мен қарым-қатынасын ұйымдастыру;
- білім алушыларды рефлексивті-бағалау қызметіне тарту;
- түрлі технологиялық тәсілдерді пайдалану (өзін-өзі таныстыруды, интерактивті әдістерді, ынтымақтастық тапсырмаларын және т.б. пайдалану) кіреді [4, 23].

Адамның қазіргі әлемдегі жетістігі көбінесе оның өмірін жоба ретінде ұйымдастыра білуімен анықталады, яғни алыс және жақын перспективаларды анықтау, қажетті ресурстарды табу және тарту, іс-қимыл жоспарын құру және осы жоспарды жүзеге асырғаннан кейін қойылған мақсаттарға қол жеткізілгенін бағалау. Әлбетте, мұндай іс-әрекетті "ойлаудың жобалық түрі" бар адам ғана жүзеге асыра алады. Сондықтан мектепте іс-әрекеттің ерекше түрін – жобалық қызметті ұйымдастыру арқылы жобалық ойлауды дамытуға бағыттау аса маңызды. Коммуникативті құзыреттіліктің қалыптасуы жеке тұлғаны қаруландырады, баланың әлеуметтік салада табысты болуына, өмір бойы кез-келген іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруына көмектеседі. Осылайша, бастауыш мектептегі жобалық іс-шаралар арқылы оқушылардың коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің оң динамикасын қамтамасыз ету бойынша қызметтің тиімділігін көре аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011. - 316 бет
2. Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы. Алматы, - 1993. – 356 б.
3. Андреева Г.М. Принцип деятельности и исследования общения // Общение и деятельность. на рус. и чешск, яз. Прага, 1981.
4. Милорадова Н.Г., Ишков А.Д. Формирование мотивационной компетентности // Гуманитарное сознание: проблемы, поиски, перспективы. - М.: МГСУ, 2008. - С. 137-142.

ПОНЯТИЕ О ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Смагулова Анаргуль Руслановна

магистрант 2 курса, специальность 7М03110
«Кризисная психология», Евразийский Национальный
университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
anargulruslanovna@gmail.com

Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна

доктор педагогических наук, профессор,
Евразийский Национальный университет
имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
gmen64@mail.ru

Важнейшим фактором становления личности ребенка является психологическая безопасность. Поэтому проблема обеспечения психологической безопасности детей в современном мире все еще очень актуальна. Психологическая безопасность личности и среды неотделимы друг от друга и представляют собой модель устойчивого развития и нормального функционирования человека во взаимодействии со средой. Важным условием снижения числа стрессовых ситуаций в педагогической практике является обеспечение психологической безопасности всех участников образовательного процесса как ученика, преподавателя, так и родителей и родителей обучающихся. Имея опыт работы учителем более 14-ти лет, работая в школе заместителем директора по воспитательной части и также продолжая работу как индивидуальный предприниматель, которая имеет свой образовательный центр более десяти лет, я всегда изучаю обучающихся и что влияет на получение качественного основного образования в школе и дополнительного образования в центре, акцентируя внимание на причины, которые препятствуют получению качественного результата и одним из главных причин является психологическая безопасность детей. Я люблю свою деятельность учителя так же, как и детей, поэтому данная тема была выбрана для глубокого изучения и одобрена моим научным руководителем.

Целью развития и донесения важности данного термина, «психологическая безопасность» в широкую аудиторию в социуме, является – повышение эффективности и продуктивности развития и раскрытие детей как личность, реализованных, сильных, уверенных в себе, которые смогут внести свой вклад в развитие экономики страны. Для этого необходимо начать с определения понятия «психологическая безопасность», которое обозначает положительное самоощущение человека, его эмоциональное, интеллектуальное, личностное и социальное благополучие в конкретных социально-психологических условиях, а также отсутствие ситуаций нанесения психологического ущерба личности, ущемления ее прав.

В настоящее время отечественные и зарубежные исследования достаточно широко исследуют проблему психологической безопасности человека.

Профессор Эми Эдмондсон говорит о том, что для наиболее продуктивной работы людям нужна психологическая безопасность, возможность делать ошибки и проявлять любопытство [1].

А. Янг определяет психологическую безопасность личности как оценку, включающую аффективные и когнитивные компоненты удовлетворенности жизнью, которая зависит от положительных эмоций (любви, радости, удовлетворенности) [2].

По мнению Г.В. Грачева, психологическая безопасность – это такое состояние при котором психика человека защищена от воздействия многообразных информационных факторов, препятствующих или затрудняющих формирование и функционирование адекватной информационно-ориентированной основы социального поведения человека и в целом жизнедеятельности в современном обществе, а также адекватной системы его субъективных (личностных, субъективно-личностных) отношений к окружающему миру и самому себе [3, с.33]

По мнению Т.С. Кабаченко, психологическую безопасность можно рассматривать как самостоятельное измерение в общей системе безопасности, представляет собой состояние информационной среды и условия жизнедеятельности общества, не способствующее нарушению психологических предпосылок целостности социальных субъектов, адаптивности их функционирования и развития [4, с.8].

И.А. Баева дает следующее определение психологической безопасности: «психологическая безопасность – это состояние психологической защищенности, а также способность человека и среды отражать неблагоприятные внешние и внутренние воздействия». [5]

Также понятие «психологическая безопасность» чаще всего раскрывается через категории «психическое здоровье» и «угроза» и трактуется как такое состояние, когда обеспечено успешное психическое развитие личности и адекватно отражаются внутренние и внешние угрозы ее психическому здоровью. Так, например, под психологической безопасностью образовательной среды понимается такое ее состояние, которое свободно от проявлений психологического насилия во взаимодействии способность удовлетворению потребности в личностно-доверительном общении и создает референтную значимость среды и обеспечивает психическое здоровье включенных в нее участников.

Безопасность – это явление, без которого не могут нормально развиваться ни личность, ни социальная организация, ни общество в целом. Понятие психологической безопасности является многозначным и может быть реализовано через совместную деятельность личности, их взаимоотношения и адаптацию к жизненной среде. Некоторые ученые занимаются изучением факторов риска развития психической напряженности человека, такие как регулярные конфликты в семье, жестокое обращение, или такие факторы, как низкий социально-экономический статус, хронические заболевания, что усугубляет повышение угроз психологической безопасности. Другие исследователи занимаются вопросом о том, как обстоятельства и события жизни даже здоровых взрослых людей без заметных психологических и физиологических нарушений могут влиять на психологическое благополучие и психологическую безопасность личности, в том числе и детей. Способность справиться без последствий в стрессовых и угрожающих жизни обстоятельствах называется психологической устойчивостью. Само содержание понятия «безопасность» означает отсутствие опасностей или возможность надежной защиты от них. Опасность же рассматривается как наличие и действие различных факторов, которые являются дисфункциональными, дестабилизирующими жизнедеятельность ребенка или личности, угрожающими развитию его личности.

Как упоминалась ранее, основные источники угроз психологической безопасности личности можно условно разделить на две группы: *внешние и внутренние*, то есть на социальные и психологические. Мы знаем, что все начинается с детства и ниже приведены примеры внешних и внутренних угроз психологической безопасности детей.

К *внешним источникам* угроз психологической безопасности детей в целом следует отнести:

1. Манипулирование детьми, наносящее серьезный ущерб позитивному развитию личности: Это проявляется в том, что взрослые стремятся все сделать за ребенка, тем самым лишая его самостоятельности и инициативы как в деятельности, так и в принятии решений.

2. Индивидуально-личностные особенности персонала, участвующего в образовательном процессе и ежедневно вступающего во взаимодействие с детьми.

3. Межличностные отношения детей в группе. Бывает так, что детское сообщество отвергает кого-то из сверстников, а воспитатели долгое время этого не замечают или не находят достаточно эффективных средств для устранения такого явления. В результате у отвергаемых детей появляется чувство дезориентации в микросоциуме, каковым является для ребенка дошкольное учреждение. Кроме того, в детском коллективе уже в раннем возрасте могут проявляться грубость и жестокость, на которую также нет должной реакции педагогов.

4. Враждебность окружающей среды ребенка, когда ему ограничен доступ к игрушкам, не продумано цветовое и световое оформление пространства; отсутствуют необходимые условия для реализации естественной потребности в движении; действуют необоснованные запреты, вызванные псевдозаботой о безопасности ребенка.

5. Несоблюдение гигиенических требований к содержанию помещений и в первую очередь, отсутствие режима проветривания.

6. Интеллектуально-физические и психоэмоциональные перегрузки из-за нерационально построенного режима жизнедеятельности детей, однообразия будней.

7. Нерациональность и скудность питания, его однообразие и плохая организация.

8. Неправильная организация общения. Преобладание авторитарного стиля, отсутствие заинтересованности ребенком со стороны взрослых.

9. Недооценка значения закаливания, сокращение длительности пребывания ребенка на свежем воздухе.

10. Отсутствие понятных ребенку правил, регулирующих его поведение в детском обществе.

11. Неблагоприятные погодные условия.

12. Невнимание к ребенку со стороны родителей, асоциальная семейная микросреда и т.п.

Внутренними источниками угроз психологической безопасности ребенка могут быть:

1. Сформировавшиеся в результате неправильного воспитания в семье привычки негативного поведения. В результате дети сознательно отвергаются детьми и подсознательно взрослыми.

2. Осознание ребенком на фоне других детей своей неуспешности. Это способствует формированию комплекса неполноценности и зарождению такого, например, отрицательного чувства, как зависть.

3. Отсутствие автономности. Прямая зависимость во всем от взрослого, рождающая чувство беспомощности, когда приходится действовать самостоятельно.

4. Индивидуально-личностные особенности ребенка, например сформировавшиеся (не без помощи взрослых) боязливость или привычка постоянно быть в центре внимания.

5. Патология физического развития, например нарушения зрения, слуха и т.п.

Общим же источником угроз психологической безопасности детей является информация, которая неадекватно отражает окружающий его мир, т.е. вводит его в заблуждение, в мир иллюзий. Проще говоря, когда взрослые обманывают ребенка. И это может привести к психологическому срыву.

Признаки стрессового состояния детей при нарушении его психологической безопасности могут проявляться:

- в трудностях засыпания и беспокойном сне;
- в усталости после нагрузки, которая совсем недавно его не утомляла;
- в беспричинной обидчивости, плаксивости или наоборот повышенной агрессивности;
- в рассеянности, невнимательности;
- в беспокойстве и непоседливости;
- в отсутствии уверенности в себе, которая выражается в том, что ребенок все чаще ищет одобрения у взрослых, буквально жметя к ним;
- в проявлении упрямства;
- в том, что он постоянно сосет соску, палец или жует что-нибудь, слишком жадно без разбора ест, заглатывая при этом пищу (иногда, наоборот, отмечается стойкое нарушение аппетита);
- в боязни контактов, стремлении к уединению, в отказе участвовать в играх сверстников (часто ребенок бесцельно бродит, не находя себе занятия);
- в подергивании плеч, качании головой, дрожании рук;
- в снижении массы тела или, напротив, начинающихся проявляться симптомах ожирения;
- в повышенной тревожности;
- в дневном и ночном недержании мочи, которых ранее не наблюдалось, и в некоторых других явлениях.

Все вышеперечисленные признаки могут говорить нам, что ребенок находится в состоянии психоэмоционального напряжения, только в том случае, если они не наблюдались ранее.

Следует отметить и то, что не все признаки стрессового состояния могут быть явно выражены. Но беспокоиться следует даже в том случае, если проявились хотя бы какие-то из них.

Наличие вышеуказанных симптомов нередко свидетельствует о возникновении психосоматических расстройств, которые могут отрицательно сказаться на самочувствии, поведении ребенка. Игнорирование их обычно приводит к стойким нарушениям не только в здоровье, но и в личностном развитии. Бывает, что такие дети в последствии становятся лживыми, неуверенными в себе, склонными к бесплодным мечтаниям, трусливыми, некоммуникабельными. У них как способ защитного поведения очень рано появляется социальная маска.

Отсюда следует, что в дошкольном или в образовательном учреждении должна быть разработана система общей и индивидуальной психологической защиты детей.

Индивидуальная программа психологической защиты выстраивается на основании изучения личностных особенностей данного ребенка, его опыта, привычек, условий воспитания в семье. Делает это психолог дошкольного или в образовательного учреждения при участии родителей.

Надежными показателями того, что средства психологической безопасности выбраны верно, служат хорошее настроение детей, проявляемое им чувство бодрости, радости, уверенности. Устойчивый оптимистический настрой говорит о том, что адаптация в социальной среде проходит или уже прошла успешно.

Психоэмоциональное состояние детей во многом зависит от ритма жизни, который в дошкольном или в образовательном учреждении задается режимом дня. Традиционно в нем указывается время и длительность сна, прием пищи, прогулок, занятий или дополнительных кружков для школьников.

С одной стороны, на жизнь в заданном ритме как бы должна оказывать положительное воздействие на психоэмоциональное состояние ребенка, но, с другой – можно наблюдать, что дети нервничают, перестают слушаться взрослых, хотя те ничем такое состояние не провоцировали. Особенно это заметно в конце недели в образовательных учреждениях. Провоцирующим фактором может явиться непродуманный в плане комфортности для психологического состояния ребенка режим дня или отношения со сверстниками.

Поскольку психологическое здоровье – условие жизненной успешности и гарантия благополучия человека в жизни в целом, то, ни родителям, ни педагогам не стоит экономить силы на его формирование в детстве.

Список использованных источников

1. Эдмондсон Э. Взаимодействие в команде: как организации учатся, создают инновации и конкурируют в экономике знаний. М. Эксмо. 2016
2. Yang A. The impact of adult attachment and parental rearing on subjective wellbeing in Chinese late adolescents / A. Yang [et al.] // Social Behavior and Personality [serial online]. – 2008.
3. Грачев Г.В. Информационно-психологическая безопасность личности: состояние и возможности психологической защиты. М., 1998-125с.
4. Кабаченко Т.С. Психология управления: Уч. пособие. -М., 2000
5. Баева И.А. Психологическая безопасность в образовании: Монография. СПб., 2002. - 271с

КӘСІБИ ДЕНСАУЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

Отарбаева Жансая Сансызбаевна

7M03103 – Психология мамандығы 3 курс
докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан
otarbaeva_zhansaya@mail.ru

XX-ғасырдың басындағы өнеркәсіп аймағында еңбек етіп жүрген жұмысшылардың саулығы туралы сұрақтарға көңіл бөліне бастады. Оған басты себеп, жұмысшылардың еңбеткрін ғылыми тұрғыда ұйымдастыруға деген әрекеттердің туындауы себеп болды. Еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізін салушылардың бірі – америкалық инженер Ф.Тейлор болды. Тейлордың ғылыми тұжырымдамаларында жұмысшыны жекеленген бірлік, өнеркәсіп процесінің элементі ретінде қарастырып, «экономикалық адам» концепциясын ұсынды.

Тейлордың ізбасары еңбекті ғылыми ұйымдастыру концепциясын жалғасытрушы Ф. Джилбрет «адами факторға» баса назар аударды. Ол әрбір адамның физикалық және психикалық қабілеттеріне сәйкес еңбек ету – еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізі деп есептеді. Сонымен қоса, адам факторы еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы басты мәселе деп санап,оның жұмысқа қатынасын, оған дұрыс көңіл бөлуді алға қойды. Әр бірі еңбек қуанышын сезіну керек деген ойды алға тартады. Джилбрет еңбек қуанышының бірінші талабы және оның өнімділігі жұмысшылардың саулығы деп көрсетеді. Жұмысшылардың саулығы үшін олардың жұмыс орындарының мақсатты ұйымдасуы және құрал – саймандармен қамту керек, бірақ ең бастысы, жұмысшыға оның денсаулығын сақтауға қажетті демалыспен қамтамасыз етуді және оның жалпы шаршап-шалдығуына себеп болатын факторлардың әсерін төмендету керектігін пайымдайды.

Джилбрет алғаш рет Америкада ұйымдастырылған шаршаумен күрес күніне бастамашы ретінде шықты және ол одан кейін жылда желтоқсан айында өтіп тұрады. Ол өнеркәсіптегі қызметкерлердің мәселесін шешу үшін психологтарды тартуды талап етті. Джилбреттің айтуынша психологиялық фактордың мәні мәселені шешудің ең «ұлысы», оны бағаламауға болмайды: өнеркәсіптегі оқыс оқиғаларды болдырмау, жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету.

Кәсіби денсаулық туралы осындай және басқа да ойлар XX-ғасырдың басында Англияда да қарқынды талқылана бастады. Кембридж университетінің профессоры Б. Мессіо кәсіби психологияның басты талабы ретінде еңбекті қорғау ережелерін ұстануды алға қойды. Өнеркәсіп орындарындағы оқыс жағдайларға басты себеп, дұрыс қабылдаудың, естің және зейіннің төмендеуіне алып келетін жұмысшылардың шаршауы, қажуынан көреді. Егер, адамға оның табиғатына жақын, қабілетіне сәйкес жұмысты атқаруына мүмкіндік берсе, онда ол, жұмыста оңай игеріп, қатты шаршамай, ынтасымен істейтін болады. Өнеркәсіптегі тапсырманы орындаудағы жұмысшының күш-қуат жұмсауы оның денсаулығының үнемі жақсы жағдайына сай болу керек, деген тұжырымды ұстанады.

Кембридждің психологиялық зертханасының директоры Ч. Мейерстің пікірі бойынша сол уақыттағы Англия мен Американың өндіріс орындарында етек алған «өнеркәсіптік дөрекілікті», «жанданған қаталдықты», «арсыз қызғаншақтықты»,

«жұмысшыларды орынсыз қанаушылықты» катал айыптады. Өнеркәсіптің дамып өткендеуіне, болашақтағы жетістіктеріне психологиялық фактор үлкен рөл атқарады және маңызды болып табылады деп санады. Оның басты ұстанымы: жұмысшылардың адами тұлғалық қадір-қасиетін сыйлау керек. Жұмысшылардың кәсіби іс-әрекетті орындауға мотивациясы болуы керек және толыққанды, қызықтырақ, зияткерлік өмірлеріне жағдай жасалыну керек. Мейерстің пікірінше, өндірістік еңбектің жоғарылауына маңызды жағдай өнеркәсіп қауіпсіздігіндегі жұмысшылардың сенімділігін қалыптастыру мен оған қажетті алғышарттарды қалыптастыру қажет.

Өнеркәсіп психологиясының негізін салушылардың бірі Ф. Уоттс жұмысшылар бос уақытын ұйымдастыруға ерекше тоқталады. Ол былай деп жазады: «Жұмысшылардың демалысты пайдалану мүмкіндігін жақсартып, көбейтсе, олардың бос уақыттарын физикалық және рухани пайдалырақ етуге болады. Ол жұмысына әсерін тигізетін өмірлік күш-қуатының артуын көрсетеді» Сәйкесінше, Уоттс бойынша, өнеркәсіптегі психологтың міндеті жұмыстың жоғары сапада орындалуы үшін физикалық және рухани аса жақсы жағдай тудыру болып табылады.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру аймағындағы ғылыми еңбектердің зерттелінуі Германияда да тыс қалмады. Оның пайда болу ерекшеліктерінің сыни талдауын И. Витте ұсынды. Еңбекті ғылыми негіздеудегі әдістер еңбек құндылықтарын бағалай отырып, ол «Европаны Америкаландыруға талпынуды» және жұмысшылардың бір-бірімен қарым-қатынасы тек ресми формада ғана емес, өзара үйлесімділікте болу маңызды екені көрсетеді. Оған қоса, автор ұжымдағы тұлға аралық конфликтілердің алдын алу мәселесімен де айналысады.

Әсіресе, ірі ұйымдық компаниялардағы жұмысшыларды әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету, оларға оқыс оқиғаларды ескере отырып денсаулықтарын сақтау сияқты кең ауқымды іс-шаралардың маңыздылығын мойындай отырып, Витте бұл қамқорлықтың ешқандай да адамсүйгіштікпен түсіндірілмейтінін, ол тек ауру адам, отбасындағы аурумен мазасы кеткен жұмысшы жұмысқа қабілетсіз болады деген рационалды ойдың бар екенін байқайды.

Витте Америкалық кәсіпкерлер өз қол астында тек қана тәртіпті жұмысшылар ғана емес, сондай-ақ дені сау жұмыс күшінің болғаны өздерінің шешімдері мен әрекеттеріне көптеген еркіндік беретінін жақсы түсінді дейді. Витте мұндай ұстанымды толықтай қабылдамай, еңбектегі өзгерістердің перспективасын рухани құндылықтардың, жұмысшылардың дербестігінің, этикасының негізінде көреді. Біздің ұранымыз автоматтандыру сияқты мақсатта болмау керек, жұмысшыларды ынталандыру және жұмысты жігерлендіру болуы керек дейді. Осы көзқарасқа жақын, еңбекті ұйымдастырудағы үйлесімді факторлар және қажу мен оның жұмысқа қабілетіне әсері феномендерін зерттеген белгілі неміс ғалымы Э. Крепелин болды. Оның пайымдауынша қызметкер жұмысты қысымда, жаныштауда болып емес, керісінше, психологиялық дені сау жағдайда орындалған жұмыстың артықшылықта болатынын қарастырды.

1921 жылы Мәскеуде В.М. Бехтеревтің төрағалығымен еңбек пен өндірістердегі ғылыми ұйымдастыру бойынша бірінші жалпы Ресейлік бастамашыл конференция өткізілді. Бехтерев пен оның әріптестерінің баяндамасында жұмысшылардың денсаулығын қорғау мен еңбек гигиенасы, еңбек процесін сауықтыру және үйлесімділік сұрақтары талқыланды. Ми Институтында еңбек гигиенасы мен жалпы гигиена туралы түрлі сұрақтар төңірегінде көлемі жағынан кішекентай, кең ауқымды оқырмандарға есептелген ғылыми-танымал кітапшалар баспасы ұйымдастырылды. Бұл серияның бірінші жұмыстарын профессор В.П. Кашкадамовпен дайындалды.

Мұнда автор жұмыс атқарушының тамақтанудың дұрыс ұйымдасуы, өмір сүру жағдайының сай келуі, отбасылық қарым-қатынастарын есепке алып, кәсіби қызметінің мазмұны, демалу мен көңіл көтерудің сипаты және тағыда басқаларын қарастыратын «өмірдің жалпы тәртібін» ұстанғанда кәсіби психологиялық денсаулық қамтамасыз етіледі деген ойды дәйектейді.

1920 жылы Мәскеуде Кеңес одағының теоретигі, еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы практик А.К. Гастев Орталық еңбек институтын ашып, сол институтты бірнеше жыл басқарды. Оның басшылығының арқасында институттың қызметкерлерінің өндірістік үдерістерде еңбек қозғалысының қағидасы, тиімді өндірістік тәлім-тәрбиенің әдістемесі, өзара үйлесімділікті ұйымдастыру мәселелері өзекті сұрақтар ретінде зерделенді.

А.К. Гастев барлығынан бұрын жұмыскердің субъект ретінде өзіндік жетілуі туралы айтып, технологиялық үдерістің ұйымы бойынша дербес бастамаға деген құқықты өздеріне қалдыру керектігін айтты. Жұмысшылардың физикалық және психикалық денсаулығын қамтамасыз етуге баса көңіл бөлді. Бұл мәселені шешуші басты міндет еңбекке қажетті жағдай қалыптастыру, шаршап қажуды болдырмау, жұмысшының физикалық мүмкіндіктерін шынықтыруды қалыптастыру мен оның байқампаздығын, қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін, еркін, өз уақытын дұрыс пайдалана алуын т.б. дамытуды қарастыру болып табылды. А.К. Гастев Ресейдегі еңбекті ғылыми ұйымдастырудың басты мақсаты – жұмысшыларды барынша белсендіруді, олардың денсаулығын, адами ресурстық күшін сақтаумен үйлесімділікте болуы тиіс деген концепцияны құрды.

Жиырмамыншы жылдары басқару психологиясы ғылымының құрылуына орай, ғылыми зерттеушілердің барлығы дерлік кәсіби денсаулық туралы мәселеге жан-жақты талдау жасап, ғылыми еңбектер қарқынды жариялана бастады. Айталық, еңбекті ғылыми ұйымдастырушы Н.А. Витке кәсіби іс-әрекеттің психологиялық кейбір ережелеріне талдау жасап кетеді. Еңбек қозғалыстарына үлкен мән бере отырып, ол қарапайым жұмысшылардың денсаулығын қорғауда оларды жәбірлемей, керісінше шаршауды болдырмау, оларға қолдау жасау керектігін тілге тиек етеді.

Кәсіби іс-әрекет субъектілерін жұмысты орындаудан қашпайтындай, керісінше жұмыс істеуге тарту аспектілерін дәлелдейді. Егер жұмыскер өзінің істеген жұмысынан қанағаттану сезімін сезінсе, жұмыскер одан күшті сенімділікке ие болып, өзін-өзі жақсы таныта алатын болады. Оған орындайтын қызметтің қоғамдық мағынасын түсіну, еңбектің құралдарын жақсы меңгеру, орындай алатындай және өте оңай тапсырмаларды алу қосылады. Виткенің ойынша, жұмысшы «биоәлеуметтік құбылыс», сондықтан оның еңбек гигиенасына қажетті жағдаймен қамтамасыз ету физиология, әлеуметтану және психологиядан сәйкесінше білімді қолдану керек. Автор, жұмыскерлердің өздерін қалай сезінетіндіктерімен ғана шектеліп қалмау керек, олардың жұмысқа қабілеттіліктерін уақытылы ұқыпты және объективті зерттеу жүргізіп тұру қажет дейді.

Қазіргі уақытта психолог мамандары мен ғалымдардың назары кәсіби денсаулық мәселесіне ауып отыр. Заманауи еңбек жүйесі адамға жағымды да жағымсыз да әсерін тигізуі мүмкін. Соңғысына тұлғаға кәсіби деформацияға ғана емес, сонымен қатар қажет болған жағдайда мүлде тоқтатуға немесе кәсібін ауыстыруға тура келетін кәсіби ауруларды алып келетін еңбектің жағымсыз жағдайлары әсер етеді.

Кәсіби денсаулық мәселесіне қатысты мәселелерді кешенді талдаудағы негізгі концепция кәсіби қызметті психологиялық қамсыздандыру концепциясы болып табылады. Бұл мамандыққа толығымен кәсіби қызметті түбегейлі психологиялық

Личностный подход к изучению креативности в большей степени сконцентрирован на выявлении индивидуальных различий субъектов творчества. Наиболее часто встречаемыми качествами творческой личности являются готовность к риску, независимость, работоспособность, терпимость в ситуациях неопределенности, чувство юмора, настойчивость, уверенность в себе, адекватность

самооценки, высокая сила Я, открытость опыту, стремление к самосовершенствованию, духовному росту. Однако параметры креативной личности не имеют жестко заданных границ. Изучение личностных аспектов креативности следует рассматривать как самостоятельную область исследований творчества.

2. По мнению большинства исследователей, креативность поддается развитию. Особенно эффективно воздействие на ее формирование в сензитивные периоды психического развития детей. Дошкольный возраст и подростковый являются теми возрастными периодами, в которые происходит интеллектуальное развитие креативов (В.Н. Дружинин, Е.Л. Солдатова и др.).

3. Психологический анализ исследований отечественных и зарубежных авторов, показал, что воображение и чувство (эмоции) в жизни ребенка нераздельны. Эмоция как бы собирает впечатления, мысли и образы, созвучны настроению человека. Богатая эмоциональная жизнь стимулирует развитие воображения ребенка.

4. Средства арт-терапии развивают чувства детей. Осуществляя процесс творчества, ребенок испытывает целую гамму положительных эмоций как от процесса деятельности, так и от полученного результата. Арт-терапия способствует более интенсивному развитию высших психических функций, таких, как память, мышление, восприятие, внимание. Последние, в свою очередь, определяют успешность учебы ребенка.

5. Условия, которые способствуют развитию креативности в детском возрасте выделены П. Торренсом и включают: ориентация ребенка на творческие решения; снятие преград в отношении инициативы ребенка; поощрение различных творческих продуктов дома и в школе; предоставление возможности действовать с мыслями и предметами; воспитание у ребенка осознания ценности творческих черт своей личности; воспитание у ребенка внимания ко всем свойствам окружающей среды.

Список использованных источников

1. Бетенски М.Г. Что ты видишь? Новые методы арт-терапии. Перевод с английского языка Злотник М., Москва, "Ось-89", 2001. 205 с.
2. Оклендер В. Окна в мир ребенка: Руководство по детской психотерапии /пер. с англ. - М.: Независимая фирма «Класс», 2003. 126 с.
3. Основные современные концепции творчества и одаренности/ Под ред. проф. Д.Б. Богоявленской. - М.: Молодая гвардия, 1997. - 416 с.
4. Речицкая Е.Г., Сошина Е.А. Развитие творческого воображения младших школьников. - М., 1999 - 25-44 с.
5. Torrence, E.P./ Education and the Creative Potential. Minneapolis, 1963. 145 p.

ИНТУИТИВТІ СУРЕТ САЛУ ӘДІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Жұмамұрат Гүлнұр Теміржанқызы

7М01201 - Мектепке дейінгі оқыту және
тәрбиелеу мамандығының 2 курс магистранты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан
Gulnur0017@mail.ru

Туребаева Клара Жаманбаевна

педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Шығармашылыққа деген ұмтылыс кез-келген адамға тән. Сурет салмайтын адамға өзін суретші ретінде сезінуге, шығармашылыққа, шабытқа деген ынтасын қалыптастыруға және өнерге қосылудан үлкен жағымды сезімдерді сезінуге көмектесетін арнайы әдістер бар. Бұл әдістерді қолдану қысқа уақыт аралығында шығармашылық дамуға серпін беруге, сурет салудан, өзін-өзі көрсетуден қорқудың кедергілерін жоюға мүмкіндік береді. Бұл балалармен және ересектермен жұмыс істеу кезінде өте пайдалы. Сурет салу кезінде мидың шығармашылық бөлігі – оң жарты шар қолданылады. Көркем сурет мектебінде сол жақ жарты шар режимінде сурет салуға үйретіледі, сондықтан оқу ұзақ уақытты талап етеді. Мұнда бәрі басқаша: арнайы әдістер кез-келген адамға оң ми режимін қосуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл сурет шығарманың академиялық құндылығы емес, әр адам үшін шығармашылық көріністің құндылығы бар екенін ескеру қажет.

Бұл әдістерді қолданудың мақсаты - тұлғаны шығармашылық процеске баулу, білім алуға және дамуға ынталандыру. Осындай әдістердің бірі - «интуитивті сурет салу». Оны «оң жарты шардың суреті» деп те атайды. Оң жарты шар кескіндемесі - өмірге суретшінің көзімен қарау мүмкіндігі. Өз шығармашылығын ашуды армандайтын кез-келген адам үшін бұл арман өте жақсы жауап беріп, керемет шындыққа айналуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай арман кез-келген жаста жүзеге асырылады және оны жүзеге асыру көп жылдық оқуды қажет етпейді.

Қазіргі уақытта сурет салу өнерінде интуитивті сурет салу әдісі жаңа үрдіс ретінде қарыштап дамуда. Интуитивті сурет салу - бұл адамның сезімдерін жеткізу үшін сызықтарды, нүктелерді, белгісіз пішінді дақтарды қолдануды қамтитын кескіндеме техникасы [1]. Интуитивті сурет салу әдісі ХІХ ғасырдың басында пайда болды. Ағылшын суретшісі, академик Дж. М.В. Тернер, И.В. Гетенің түстер теориясын пайдаланып адамның ішкі ойлау қабілетімен сезімін анықтауға болатынын түсіндірді. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында Владимир Соловьев, Лев Шестов, Алексей Лосев, әрине, ХХ ғасырдың дерексіз өнерінің негізін қалаушы Василий Кандинский сурет салуда интуицияны қолданудың теориясы мен практикасын анықтады.

Адамның ми бөлігі екі жарты шарды құрайды. Ол оң жақ және сол жақ. Әр түрлі жарты шарлардың функциялары білімнің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Сол жақ жарты шардың функциялары аналитикалық ойлаумен анықталады. Оң жақ

функциясы интуитивті ойлаумен. Ақпаратты жарты шарлармен өңдеу механизмдері де ерекшеленеді. Сол жақ жарты шар үздіксіз кіретін ақпаратты дәйекті немесе сабақтастықпен өңдейді. Оң жақ - ақпаратты бір уақытта немесе симуляциялық түрде өңдейді. Р. Орнштейннің пікірінше, дамыған елдердегі білім беру жүйесінің негізі сол жақ жарты шардың, яғни, тілдік және логикалық ойлау дамуына дерлік бағытталған, ал оң жарты шардың функциялары арнайы дамымайды. Осылайша, интуицияны, вербалды емес ойлауды дамытуға тиісті көңіл бөлінбейді. Түйсіктің рөлі әсіресе үлкен деп саналады, мұнда белгісізге, жаңаға ену үшін таным техникасынан тыс шығу қажет. З. Фрейд интуицияны шығармашылықтың жасырын бейсаналық негізгі принципі ретінде түсінді. Жарты шардың белсенділігінің арақатынасы әртүрлі болуы мүмкін. Сонымен қатар И.П. Павлов жоғары жүйке қызметі ерекше адам түрлерін анықтады. Олар: көркемдік, ақыл-ой және орта деңгейді қамтыды. Көркемдік түрі бірінші сигналдық жүйенің (сезім мүшелерінің) екіншісінен (сөйлеуден) басым болуымен сипатталады. Көркемдік типтегі адамдар негізінен оң миды пайдаланып бейнелі ойлауға ие. Олар ақпаратты бөліктерге бөлмей-ақ толығымен қамтиды. Сол жақ жарты шар екінші сигналдық жүйенің біріншісінен басым болуымен сипатталады, яғни, дерексіз ойлау басымырақ болады. Көптеген адамдарда аталған екі сигналдық жүйе теңестірілген болып келіп И.П. Павловтың атаған орта деңгейіне жатады [2].

АҚШ-та 60-шы жылдары американдық мұғалім Бэтти Эдвардс сурет салуды үйренудің керемет тиімді әдісін құрды және оны «мидың оң жағындағы сурет бейнесі (интуитивті сурет салу)» деп атады. Бұл әдіс Роджер Сперридің ми жарты шарларының функционалды мамандануы туралы тұжырымдамасына негізделген. Біздің миымыз екі жарты шарға бөлінгендіктен, ол ақпаратты өңдеудің екі әдісін қолданады. Бір жарты шарда ауызша және аналитикалық ойлау режимі қолданылады. Ол дыбыстарды, алгоритмдерді, математикалық есептеулерді, сөйлеуді қайта өңдейді. Басқа жарты шарда бейнелі режим қолданылады. Олар: өлшемдерді салыстыру, түстерді қабылдау, тұтас көретін заттардың перспективалары. Кейіннен Беттидің еңбектерінде бұл режимдер сәйкесінше "I-режимі" және "P-режимі" деп аталды. Интуитивті сурет салу әдісінің мәні сол жақ жарты шардың жұмысын уақытша басу және сурет салудағы жетекші рөлді осы қызметке қолайлы оң жарты шарға беру болып табылады. Жұмыс кезінде объектінің қалай көрінуі керектігі туралы санадағы пікірлер еленбейді. Оның орнына суретші объектіні шынайы көріп, оның өлшемін тұтастай анықтап, жеке элементтердің өлшемін, кеңістіктің, жарық пен көлеңкенің қатынасын салыстырып, барлығын бір суретке біріктіреді. Алғаш рет 1979 жылы жарияланған интуитивті сурет салу әдісі тез революциялық сипатқа ие болды және оны бірден танымал суретшілер мен оқытушылар қабылдап, оң бағаға ие болды [3].

Бұл әдіс өзіңізді шығармашылық тұлға ретінде ашуға және дамытуға, өміріңізді жаңа эмоциялармен толтыруға, оны жарқын, қуанышты және үйлесімді етуге мүмкіндік береді. Интуитивті сурет салу әдісі бойынша сабақтарда әркім сәттілікке қол жеткізеді және сұлулықты өз қабылдауымен берілетін түстердің тереңдігі мен жарықтығына толы өз шедеврлерін әдемі сала бастайды. Мұғалім - жаттықтырушы шығармашылық тапсырмаларды ұсынады, олар өте қарапайым, бірақ соған қарамастан, мүмкіндіктеріңізді барынша ашуға және бір күнде сурет салуды үйренуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вальдес М.С. Одриосола. Интуитивное рисование: развитие творческих способностей средствами арттерапии. М., 2009.
2. Одриосола М.В. Интуиция, творчество и арттерапия. Институт общегуманитарных исследований. Москва. 2012. – стр154.
3. Аствацатуров Г.О. Технология современного урока и творчества учителя/ 2002.

ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ РОЛЬ ПСИХОЛОГИИ ЛИЧНОСТИ

Буриева Кибрио Эргашева
магистрант 2 курса по направлению
«Педагогика и психология»,
Ташкентская область Чирчикский Государственный
педагогический университет,
г. Чирчик, Узбекистан

Психология образования – являясь основой эффективности процесса обучения, включает в себя мотивацию, прохождение процессов обучения, форм контроля и оценки обучаемого.

Многие студенты, изучающие иностранные языки, встречаются с трудностями и не могут добиться ожидаемых результатов не только из-за плохой методики преподавания, но и из-за своего психологического подхода.

Знание методов и мастерство преподавателя играет немаловажную роль, но это является залогом успеха лишь на 15-20%, остальные 80-85 % зависят от психологии самого учащегося. Эти 80-85% включают в себя мотивацию, эмоцию и правильное распределение времени. Они на самом деле являются основой и гарантией качественного и быстрого усвоения материала и изучения языка. При изучении языка позитивный подход приводит к эмоциональному подъему и как результат этого качественное усвоение материала. Эти предположения можно рассмотреть на следующих примерах: прежде всего, необходимо настроиться на изучение русского языка как иностранного. Для этого мы должны осознать основные свойства этого языка.

Например: чего я могу добиться при абсолютном владении русского языка? Что необходимо делать, чтобы владеть данным языком? В какое время дня лучше изучать данный язык, что приводит к эффективным результатам? Подобные вопросы и ответы на них могут быть огромным шагом к успешному и быстрому эффективному владению иностранным языком.

У каждого учителя есть свои маленькие изобретения и секреты, как повышать мотивацию учащихся в обучении немецкому языку, как развивать их творческую активность и нет сомнений, что необходимо

использовать разнообразные приемы стимулирования учащихся. Так же благодаря наблюдениям, можно сказать, что повышение мотивации идет через:

- вовлечение учащихся в самостоятельную работу на уроке;

- проблемность заданий и ситуаций;
- контроль знаний, умений и навыков;
- использование познавательных игр;
- страноведческий материал и, конечно, доброжелательное отношение учащихся.

Согласно психологическим исследованиям мотивации и интереса при обучении английскому языку усилия учителя должны быть направлены на развитие внутренней мотивации учения школьников, которая исходит из самой деятельности и обладает наибольшей побудительной силой. Внутренняя мотивация определяет отношение учащихся к предмету и обеспечивает продвижение в овладении языком.

Если в учебном заведении побуждает заниматься сама деятельность, когда ему нравится говорить, читать, воспринимать иностранную речь на слух, узнавать новое, тогда можно сказать, что у него есть интерес к предмету «английский язык» и обеспечены условия для достижения определенных успехов. Из вышесказанного мы видим, что в настоящее время имеется достаточное количество исследований в психологии и методике преподавания английского языка, позволяющего использовать и в дальнейших поисках решения проблемы и осуществить ценностный подход в ее рассмотрении.

Но есть вопросы, которые волнуют учителей английского языка и сейчас. Это вопросы более тесного взаимодействия и сотрудничества учителей начальной школы, учителей академических лицеев и профессиональных колледжей и преподавателей ВУЗов. Ведь для успешного изучения английского языка необходимо на протяжении всех лет обучения поддерживать интерес к изучаемому предмету, а это возможно только при таком взаимодействии и взаимообщении, полном взаимопонимании. Необходимо скоординировать программы изучения родного и английского языков. Язык является важнейшим средством человеческого общения, без которого невозможно существование и развитие человеческого общества.

Все это существенно повышает статус предмета иностранный язык как общеобразовательной учебной дисциплины и мотивацию в обучении.

Список использованных источников

1. Авлаев О.У. Гендерные различия в социальном интеллекте в развитии студентов. «Психология» научный журнал. Страницы 2021. Страницы 1, 34-41.
2. Авлаев О., Баяева У. Психологический детерминант совершенства Адама. Методический журнал государственного образования. 2021. Страницы № 6, 87-92.
3. Бушаева У., Авлаев О., Абдуманнотова Н. Научные и практические сочетания психологически матчей студентов. / Журнал критических отзывов. JCR. 2020; 7 (12): 3063-3070 DOI: 10.31838 / JCR.07.12.463

ҰЯТ ФЕНОМЕНІНІҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрсынхан Динара Сейілханқызы

7M03110 – Кризисті психология мамандығының
1 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан
dinara.tursynkhan@mail.ru

Байжуманова Бибианар Шаймерденовна

психология ғылымдарының кандидаты,
психология кафедрасының доценті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Адамның әлеуметтік ортасы, сондай-ақ тұтастай алғанда мәдениет ұятты сезінудің маңызды көзі болып табылады. Ұят – бұл адамның (сондай-ақ оған жақын және қатысы бар адамдардың) осы ортада қабылданған нормаларға немесе күтілетін үміттерге сәйкес келмейтіндігін білдіретін эмоция. Осылайша, ұят өзі үшін маңызды адамдардың алдында жасаған әрекеті үшін өзін қолайсыз немесе лайықты емес ретінде бағалауды қамтиды [1].

Ұяттың мәні адамның моральдық тұрғыдан қолайсыз әрекеті (немесе әрекетсіздігі) емес, адамның әлеуметтік бейнесі, әлеуметтік ортада өзін-өзі бағалауы. Сонымен қатар, адам өзін сәйкестендіретін (идентификация) барлық адамдар үшін, оның ішінде этникалық және ұлттық белгілері үшін де ұятты сезінуі мүмкін [2].

С. Изард ұятты базалық эмоцияларға жатқызып, оны "қандай да бір жағдайда немесе тапсырманы орындау кезінде көрінетін өзінің әлсіздігін, қабілетсіздігін немесе өзін лайық еместігін сезіну, соның негізінен пайда болатын мазасыздық пен ішкі уайым" деп сипаттайды [1, 345 б.]. М. Матош пен оның әріптестерінің көзқарасы бойынша ұят дегеніміз – адам өзінің өзге адамдардың көзіндегі бейнесін немесе жасаған іс-әрекетін кемшіліктерге, айыптауға лайық, теріс, дұрыс емес деп ойлау [3].

Әрбір ұлттың мәдениеті пен субмәдениеті нормалар мен ережелер жиынтығын қамтиды, олардың бұзылуы қай ұлтта да болмасын, ұятты болып саналады. Ұятты сезінудің этностық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері бірқатар психология ғалымдарының еңбектерінде қарастырылады. Солардың бірі К. Изардтың ұяттың әлеуметтік-мәдени факторларын анықтау бойынша АҚШ-та оқитын Греция, Англия, Германия, Швеция, Франция, Швейцария және Жапониядан келген 153 колледж студенттеріне жүргізген зерттеулері [1, 359 б.] мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Оның жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша, грек студенттері ұятты "түсінікті", "айқын" эмоция деп көрсетсе, ал жапон студенттерінің 68%-ы ұятты "түсініксіз", "жасырын" эмоция деп келтірген. Бұл туралы Бенедиктің айтуы бойынша, ұят сезімі жапон мәдениетінде ерекше орын алады, әсіресе батыстық ықпалдың басталуына дейінгі кезеңде қалыптасқан мәдени дәстүрлерде жапондықтар үшін ұят немесе отбасы мен елін масқара ету ең үлкен күнә болып саналады екен.

Ал И.С. Конның айтуы бойынша, ұят адамның құзыреттілігі, сонымен қатар өзінің күші, қабілеті туралы алаңдауымен сипатталады. Ұят сезіну адамның

сәтсіздігінен қашуға ықпал етеді. Ал жеке сана деңгейіндегі ұятқа қарсы түсінік - бұл мақтаншақтық. Мәдени және тарихи типология аясында мақтаншақтықты сезіну арқылы адамның әлеуметтік шығу тегін, өзін жоғары бағалау мен тануды білдіретін құрмет пен атақ пайда болады. Автордың пікірі бойынша, ұят деңгейі төмен этностарда немесе мәдениеттерде мақтаншы сезімі жоғары болады [4].

Шепард және әріптестерінің кросс-мәдени зерттеуінде, қоғамдық ұят сезімі кінә мен агрессиямен салыстырғанда әлеуметтік бейнеге немесе болмысқа үлкен әсер ететіндігі анықталған. Ұят сезімі әлеуметтік сәйкестіліктің тұтастығы бұзылуынан туындайды және топ мүшесінің өзінің жағымды әлеуметтік бейнесін қалпына келтіруге деген талпынысын тудырады [5].

Т.Г. Стефаненко өзінің «Этнопсихология» еңбегінде ұятты әлеуметтік мінез-құлықты реттейтін, әлеуметтік іс-әрекетті бағалайтын механизм деп қарастырады. Оның пікірі бойынша, ұят сыртқы бақылауға, бағалауға (өзгелер мен жайлы қалай ойлайды немесе не айтады?) бағдар ретінде ортада қалыптасқан норманың бұзылуы адамның өзін-өзі айыптауына, өкініш сезімінің пайда болуына әкеледі. Т.Г. Стефаненко ұятты әр түрлі мәдениеттерде мінез-құлықтың реттеудің негізі ретінде қарастып, Р. Бенедикттің танымал "Хризантема мен қылыш" кітабына сүйенеді. Р. Бенедикт өз еңбегінде батыс мәдениетін кінәмен, шығыс мәдениетін ұятпен байланыстырады. Жапондықтарды ұятты сезінуге бейімділігінің аса жоғары екендігін айта отырып, онда «ұят мәдениеті» (shame culture) қалыптасқандығын келтіреді. Ұят мәдениетін, оның пікірі бойынша, адам барлық іс-әрекеттері, мінез-құлқы, жеке қасиеттері де сол мәдениетте қалыптасқан нормаларға сай болуға бағытталатындығымен түсіндіреді [6].

Марселла, Мюррей және Голден этникалық көзқарастардың ұятқа және басқа эмоцияларға әсерін анықтау үшін, Гавай университетінің студенттеріне зерттеу жүргізді. Авторлар еуропалық американдықтар Қытай және жапон тектес американдықтарға қарағанда ұятты "әлсіз, анық емес және пассивті" деп бағалайтынын анықтады. Сонымен қатар, еуропалық американдықтар ұят сезімін аз сезінеді және оны нашар түсінеді деп тұжырымдады [1, 361 б.].

Ресейде А.А. Алимов және С.Т. Николаевна жүргізген әртүрлі этникалық топтар өкілдерінің кінә және ұятты сезіну ерекшеліктерін зерттеуі моральдық норма мен ұятты сезінудің әр этносқа тән ерекшеліктерін көрсетті. Авторлардың қорытындысы бойынша, тек қазақтарда моральдық норма мен ұяттың тығыз байланысы анықталды, сонымен қатар қазақ ұлтының өкілдері ұятты сезінуге бейім екендігін көрсетті. Бұл туралы А.А. Алимов және С.Т. Николаев қазақ халқындағы ұят пен моральдық норманың тығыз байланысының болуын тарихи-мәдени дамуындағы көшпелі өмір-салтымен байланысты деп тұжырымдады [7].

Ұятты сезінуге бейімділігі бойынша 2013 жылы Ресейде жүргізілген зерттеулердің бірінде жасалынған іс-әрекеттің құпиялылығына байланысты ұятты сезінудің этникалық ерекшеліктері бар екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша, қандай да бір кәсіби және қоғамдық қатынастар саласында жасырын заң бұзушылық жасаған кезде армян мен орыстар ұятқа қарағанда кінә сезімін жоғары сезінсе, ал жасаған әрекеті көпшілікке белгілі болғанда орыс ұлтының зерттелінушілері армян ұлтының зерттелінушілеріне қарағанда аса жоғары ұятты сезінеді. Ал әзірбайжан ұлтының өкілдері тек жасаған әрекеті қоғамға белгілі болғанда ғана ұятты сезінуге бейім екендігі анықталды. Сонымен қатар армян зерттелінушілері отбасында жасаған дұрыс емес әрекеті үшін ұятты жиі сезінетінін, ал орыстар өзгелерге байланысты қылмыстық әрекеттер жасағанда жоғары дәрежеде

ұятты сезінетіндігі байқалды. Яғни, жоғары көрсетілген зерттеулерде бірнеше ұлттар ұятты сезіну немесе ұятты сезінуге бейімділікті адамның өзіне сенімсіздігінің көрінісі деп санаса, ал кейбір ұлттар ұятты адамның жоғары моральдық қасиеті деп бағалайды [8].

Сонымен қатар Т.Г. Стефаненко ұяттың мәдени ерекшеліктерін бөліп көрсетеді. Оның пікірі бойынша, тек жапондықтарда батыс мәдениетінде өте аз болатын «қоғамдық ұят» немесе «ортақ ұят» жиі кездеседі. Ортақ ұят адам өзі сәйкестендіретін немесе жататын мәдениет өкілінің орынсыз ісі үшін де ұятты сезінуімен баланысты. Ғалым жапондықтар арасында жүргізілген экспериментті мысалға келтіріп, денесін ашық көрсететін киім киген әйел үшін қоғамдық деңгейде жапондықтардың ұятты сезінгендерін айтады. Яғни, кейбір мәдениеттерде адам өзі үшін ұятты сезінсе, ал басқа мәдениеттерде қандай да бір жасалынған орынсыз іс үшін сол мәдениет өкілдерінің барлығы ұятты сезінеді [6, 224 б.].

2015 жылы жүргізілген зерттеуде орыс және американдық студенттердің ұятты және кінәні сезінуде өзара айырмашылықтар мен біршама ұқсастықтар анықталынды. Американдық студенттерде де, ресейлік студенттерде де кінәні сезіну дәрежесі ұяттан әлдеқайда жоғары екендігі байқалған. Зерттеушілер ресейлік студенттердің репаративті ниеті басқалардың құрметін қайтарумен, ал американдықтар болашақта мінез-құлқының өзгеруімен байланысты деп тұжырымдайды. Орыстардың басқаларға агрессиясы олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдағысы келмеуімен байланысты, ал американдықтар олардың мінез-құлқы тұлғааралық қатынастарды бұзуы мүмкін екенін түсінеді. Осылайша, американдықтардың кінәсі мен ұялуы орыстарға қарағанда бейімделгіш. Зерттеушілер кінә мен ұят жалпы теріс өзін-өзі бағалау тәжірибесін түсінудің маңызды элементтері, сондай-ақ оның тасымалдаушыларының мінез-құлқын болжауға мүмкіндік беретін мәдениеттің маңызды өлшемдері екенін атап өтті [9].

Смотрованың кросс-мәдени зерттеулері көрсеткендей, әзірбайжан зерттелінушілерінде ұяттың масштабы жауапкершілік стратегиясымен, ал кінәнің масштабы жағымды бағалау стратегиясымен теріс байланысты. Қазақстандық зерттелінушілерде мазасыздық, ұят пен кінәнің анықтығы проблемаларды шешумен, қиындықтарды жеңе отырып, жауапкершілікті мойнына алып, әлеуметтік қолдау іздеумен байланысты. Сондай-ақ, бұл сезімдер эмоционалды бағытталған күрес стратегияларымен байланысты екендігі анықталды. Армян ұлтының зерттелінушілерде ұяттың масштабы сындарлы стратегиялардың арсеналымен (өзін-өзі бақылау, позитивті бағалау, әлеуметтік қолдау іздеу) және деструктивті мінезбен (қарама-қайшылықтар, алшақтық, болдырмау) байланысты екендігі анықталынды. Ал орыс зерттелінушілерінде кінәлау, ұят және күрес стратегияларының өзара байланысының мазмұны кінә мен ұят сезімімен байланысты жағдайларды жеңу үшін тек ресейліктер қолданыстағы мінез-құлық стратегияларын (конструктивті, деструктивті, проблемалық, эмоционалды-бағдарлы) қолданатындығын көрсетеді [10].

Ұят сезімі топтық нормалардың қалыптасуына және оларға қатысты жалпы келісімді сақтауға ықпал етеді. Ұялу қабілеті адамның әлеуметтік дағдыларының немесе қабілеттерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін, ол адамның эгоисттік қалауларын шектейді, яғни тұлғааралық қарым-қатынас барысында жағымды эмоциялардың пайда болуына үлес қосады [1, 363 б.].

Еліміздің этнопсихологиялық ерекшелігіне байланысты, ұятты сезіну тәрбиелілік, адамгершілік, тазалықтың көрінісі болып саналады. Әсіресе, бала

тәрбиесінде «ұят болады» ұғымы психологиялық әсердің ажырамас бөлігі болып кеткендей. Ұяттың әлеуметтік-мәдени функцияларын өз шығармаларына арқау еткен Абай Құнанбаев, Бауыржан Момышұлы ұятты сезіне білу немесе ұялшақтық қазақ жастарының мінез-құлқының өзегі болуы керектігін айтады.

Алайда, елімізде соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер барысында ұятты сезіну мен әйелдердің зорлық-зомбылық құрбаны болудың арасында байланыстар анықталуда. Г. Шадинова жүргізген зерттеуде қазақ әйелдерінің зорлық-зомбылыққа төзуіне, құқық қорғау мекемелеріне жүгінбегендігінің себебі жақындары мен көршілерінің алды ұятты болудан қорқу екендігін айтады [11]. Н.К. Абдраманова, Е.О. Алауханов жүргізген сауалнамада «қандай да бір зорлық-зомбылық құрбаны болған жағдайда, неге құқық қорғау мекемелеріне хабарламайсыз» деген сауалға зерттелінушілердің 31,8%-ы туыстарынан ұялатынын айтқан [12].

Қорыта келе, біз жүргізген теориялық зерттеу ұяттың келесідей этнопсихологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

Ғалымдар шығыс елдерінде (Жапония, Корея, т.б.) «ұят мәдениеті» қалыптасқан деп атаса, ал Еуропа елдерін «кінә мәдениеті» деп көрсетеді.

Зерттеулерде көрсеткендей, Батыс елдерінде ұятты сезіну немесе ұятты сезінуге бейімділікті адамның өзіне сенімсіздігінің көрінісі деп санаса, ал кейбір ұлттар (Орта Азия елдері) ұятты адамның жоғары моральдық қасиеті деп бағалайды.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеулер барысында, өзге ұлттармен салыстырғанда қазақ ұлтында ұятты сезіну басым екендігі анықталынған. Ал еліміздің зерттелінушілерінің берген деректерінде, қазақ отбасында зорлық-зомбылық құрбаны болуға төзудің себебі туыстардан және көршілерден болған жағдай үшін ұялу екендігі айтылады. Қазақ қоғамында ұят феномені өте үлкен мағынаға ие, ол адамдардың әлеуметтік іс-әрекетін бағыттайтын, тәрбие немесе әсер ету механизмімен байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Изард К.Э. Психология эмоций. – СПб.: Питер, 2008. - 464 б. Серия «Психология», № 4, 2017. - Б. 27-43.

2. Бреслав Г. Совесть и моральные эмоции: адаптация взрослой, подростковой и детской версий Тоска на этапе качественного анализа Вестник Омского университета.

3. Гергилов Ростислав Евгеньевич. "Стыд как множественный феномен: теоретико-методологический анализ" Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены, №4 (134), 2016. - Б. 1-19.

4. Кон И.С. Моральное сознание личности и регулятивные механизмы культуры // Социальная психология личности / Отв. ред. М. И. Бобнева, Е. В. Шорохова. М., 1979. - Б. 85-113.

5. Ефремова М.В., Григорян Л.К. Коллективные эмоции вины и стыда: обзор современных исследований // Современная зарубежная психология. 2014. Том 3. № 4. - Б. 71–88.

6. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. – М.: Институт психологии РАН, «Академический проект», 1999. – 320 б.

7. Горнаева Светлана Васильевна Эмпирический анализ переживания чувств вины и стыда: социокультурные особенности // Russian Journal of Education and Psychology. 2013. №9 (29).

8. Алимов Айдар Анварович, Смотрова Татьяна Николаевна Взаимосвязь моральной нормативности с показателями вины и стыда у представителей разных этнических групп // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. 2015. №9-10 (55).

9. Коллективные переживания социальных проблем // под ред. Т.Г. Стефаненко и С.А. Липатова. М.; Смысл, 2015. - 239 б.

10. Т.Н. Смотрова «Особенности стратегий совладания с чувствами вины и стыда у представителей разных этнических групп» Понять другого: Межкультурное взаимопонимание в современном глобальном мире. Сборник материалов пятой Всероссийской научно-практической конференция «Практическая этнопсихология: актуальные проблемы и перспективы развития»: 20–21 ноября 2015 г. – М.: ГБОУ ВПО МГППУ, 2015. – 147 б.

11. Шадинова Г. А. Социология культуры и нравственное развитие общества // Социальные науки: social-economic sciences. - 2015. - № 4. – Б. 23-29.

12. Абдраманова Назира Кайыпбек Кызы, Алауханов Есберген Оразович Латентность домашнего насилия в Республике Казахстан на современном этапе // Вестн. Том. гос. ун-та. Право. 2020. №38. Б. 5-14.

РАЗВИТИЕ ЭМПАТИИ ТЕРАПИЕЙ ЭКСПРЕССИВНЫМИ ИСКУССТВАМИ У СТУДЕНТОВ-ПСИХОЛОГОВ

Баурина Александра Борисовна

старший преподаватель кафедры общей и педагогической психологии Московского государственного областного университета, г. Москва, Россия
arb1@mail.ru

Феномен эмпатии в психологической науке получил широкое распространение в середине XX века. Изучением феномена «эмпатии» занимались авторы: В.В. Бойко, Т.П. Гаврилова, Ю.Б. Гиппенрейтер, Х. Кохут, З. Фрейд, Ж. Пиаже, А.В. Петровский, Е.А. Климов, К. Роджерс и многие другие. С каждым годом число публикуемых работ по данной теме растёт, но, тем не менее, фактически отсутствуют работы, направленные на развитие эмпатии у студентов, которые работают в сфере «человек-человек».

Развитие уровня эмпатии, как важного профессионального качества, является актуальной проблемой на сегодняшний день. И в данном исследовании развитие эмпатии у психологов, в том числе у студентов, осуществляется поэтапно и комплексно, в виде тренинга:

1. Подготовительный. В курсе общей психологии студентам даётся определения эмпатии, подчёркивая важность этого свойства личности в их профессиональной деятельности. Знакомят с основными концепциями, понятиями, методами и подходами к изучению эмпатии. Также обращают внимание студентов на зависимость эмпатии от эмоциональной памяти. В психологии эмпатия

рассматривается и как свойство личности, и как потребность и как эмоциональная форма, с помощью которой можно познать человека.

2. Проблемный. Эмпатия рассматривается, как компонент мыслительного процесса. Создаётся проблемная ситуация и решить её можно только через сочувствие по отношению к людям.

3. Специальные упражнения на развитие эмпатии с применением терапии экспрессивными искусствами. Могут использоваться из разных направлений упражнения из арт-терапии, фото-терапии, сказка-терапии, музыка-терапии и т.д. Они могут применяться в групповой или индивидуальной форме. Целью семинаров и тренингов является формирование опыта решения задач, которые требуют проявления эмпатии.

4. Творческий. Психологу нужно развивать свою творческую натуру с необходимостью включать в себя создание условий для «узнавания» или видения проблем и задач, путей их решения. Это поможет сформировать психологическую направленность мышления.

Эмпатия как профессиональное качество психолога является обязательным компонентом практической деятельности. Психолог должен быть эмпатичным по отношению к своему клиенту, иначе эффективность психотерапевтической помощи будет близка к нулю.

Так, для развития эмпатии у студентов-психологов нами была выбрана терапия экспрессивными искусствами. Терапия экспрессивными искусствами - это подход, который позволяет экспериментировать с чувствами, исследовать и выражать их на символическом уровне. Этот подход все чаще рассматривается как инструмент эффективной психологической помощи, способствующей формированию здоровой и творческой личности. В нашем исследовании мы рассматриваем данный подход как инструмент развития эмпатии у студентов- психологов.

Терапия с применением экспрессивных искусств использует различные искусства – движение, рисование, живопись, скульптуру, музыку, письмо, вокализацию и импровизацию – в условиях, обеспечивающих поддержку человека, для стимулирования личностного роста, развития и исцеления. Групповая терапия экспрессивными искусствами является одним из самых эффективных методов, который поможет развить эмпатические способности у людей различных социальных групп, в том числе и студентов факультета психологии.

Терапия экспрессивными искусствами позволяет человеку выразить свои чувства, эмоции, ощущения, переживания, через цвет, движения, формы, символы, образы, музыку на бессознательном уровне. Во время терапии человек расслабляется и раскрывается не только для себя, но и для других. Групповая форма такой работы позволяет людям посмотреть на ту или иную проблемную ситуацию со стороны, легче пережить те или иные неблагоприятные ситуации, получить поддержку, завести друзей и лучше социализироваться. В группе человек учится слышать и слушать, принимать чужое мнение и отстаивать своё. Занимаясь терапией экспрессивными искусствами, человек раскрывает свой творческий потенциал, высвобождает свои внутренние ресурсы, становится ближе к другим людям, учится их понимать и сочувствовать. Таким образом, в групповом тренинге достигается развитие эмпатии.

Перед проведением тренинга, в котором использовались упражнения и техники терапии экспрессивными искусствами, на студентах факультета психологии Московского Государственного Областного университета была проведена методика «Шкала эмоционального отклика» А. Меграбяна и Н. Эпштейна. Всего в

исследовании участвовало 50 человек. Результаты данной методики показали, что только 10% студентов обладают высоким уровнем эмпатии, 80% обладают средним уровнем эмпатии и 10% - низким, т.е. их эмоциональная реакция весьма рациональна и избирательна. На наш взгляд, эмпатия это необходимое профессиональное качество помогающих профессий, поэтому очень важно, чтобы это качество имело высокие показатели. Для увеличения уровня эмпатии у студентов факультета психологии был разработан и проведен групповой тренинг с использованием терапии экспрессивными искусствами.

Тренинг состоял из следующих этапов:

1. Знакомство и настройка на группу;
2. Центрирование и индивидуализация;
3. Выражение, поиск и развитие образов через экспрессивное искусство;
4. Коммуникация и общность;
5. Сотворчество и взаимодействие;
6. Контенирование и вербализация;
7. Поиск значения и осмысление, установление связи с реальной жизнью;
8. Интеграция приобретенного опыта.

Отличительной чертой данного тренинга являлось то, что обратная связь участникам давалась в форме эстетического отклика. Этот термин, введенный Паоло Книлом, одним из основателей терапии экспрессивными искусствами, означает чувственную реакцию на художественную сторону происходящего. Такой отклик расширяет виденье работы, углубляет ее понимание, помогает найти другие грани. В то время как интерпретации и оценки могут расстроить участников или вызвать сопротивление, эстетический отклик помогает лучше прочувствовать происходящее. Когда в группе или в отношениях между участниками и терапевтом дается эстетический отклик – такой способ обратной связи создает ощущение равноправия между участниками процесса, ощущение безопасности. Эстетический отклик дает ощущение принятия, понимания, поддержки, но также он требует от участников искренности, эмоциональной включенности в процесс. Таким образом, становится понятно, что такой вид обратной связи очень хорошо помогает в развитии эмпатии.

Для того чтобы зафиксировать возможные улучшения в результате проведения тренинга, мы повторно протестировали студентов, проходящих тренинг, используя методику «Шкала эмоционального отклика» А. Меграбяна и Н. Эпштейна. Результаты методики, которую провели после группового тренинга с использованием терапии экспрессивными искусствами, показывают, что студенты смогли улучшить свои эмоциональные реакции, научились понимать чувства и эмоции других людей и предугадывать их реакцию. По итогам проведенной методики 35% студентов с высоким уровнем эмпатии, 60% со средним и 5% с низким. Учитывая все выше сказанное, данный тренинг с применением терапии экспрессивными искусствами можно считать эффективным для развития эмпатии у студентов-психологов.

Список использованных источников

1. Губанов, А.В. Индивидуация и профессиональный рост психолога-психотерапевта / А.В. Губанов, С.И. Григорьева, А.В. Ефремов // Гуманитарное пространство. – 2017. – Т. 6. – № 3. – С. 488-499. – EDN ZAYGTZ.
2. Губарь И.В. Сравнительный анализ личностных характеристик студентов психологических и технических специальностей / И.В. Губарь, М.О. Резванцева //

Современная прикладная психология: теория и практика: Сборник статей Международной научно-практической конференции. В 2-х томах, Москва, 19-20 апреля 2017 года / Редколлегия Т.Н. Мельников [и др]. Ответственный редактор Н.Т. Колесник. – Москва: Московский государственный областной университет, 2017. – С. 60-64. – EDN ZSNINR.

3. Резванцева М.О. От описательной психологии К.Д. Левитова к экспериментальной психологии XXI века. История кафедры общей и педагогической психологии МГОУ / М.О. Резванцева // Психология и педагогика: актуальные проблемы теории и практики : сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции (к 15-летию факультета психологии МГОУ), Москва, 13 ноября 2019 года. – Москва: Московский государственный областной университет, 2019. – С. 140-144. – EDN RKWRUD.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ДИЗОРФОГРАФИЯСЫН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТУ

Тогызбаева Мамыр

психология мамандығының 1 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан
Mamyr.togyzbaeva@mail.ru

Айкинбаева Гүлден Қанатовна

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Психикалық дамуы тежелген балалармен логопедиялық жұмысты олардың психикалық ерекшеліктері (танымдық іс-әрекеті мен ерік-сезім аясы) және сөйлеу тілінің дамуының бұзылыстарына тән белгілері сөйлеудің іс-әрекетті реттеуінің жеткіліксіздігі, іс-әрекетті вербализациялау қиындығы, сөйлеудің жоспарлау функциясының қалыптаспауы ескеріледі.

Психикалық дамуы тежелген балалармен түзету-логопедиялық жұмыс кешенді, сонымен қатар ажырата ықпал ету сипатта жүргізіледі. Ажырата логопедиялық ықпал етуде баланың клиникалық сипаттамасы, жеке психикалық ерекшеліктері, жұмыс істеу қабілеті, сөйлеу тілінің бұзылу механизмі және деңгейі ескеріледі. Дизорфографияны түзету жұмысы оның түрін, белгілерін, механизмін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Логопедиялық сабақтар барысында балалардың сөйлеу, жазу әрекетінің ең осал бөлімдері жаттықтырылады. Логопедиялық жұмыстың нәтижелі болуы көп жағдайда перспективтік жоспарды дұрыс құрастырып, оның іске асуына тығыз байланысты болады. Жұмыс жоспары төмендегі талаптарға сәйкес құрастырылуы керек:

- ақаулықтың түрін, құрылымын ескеру;

- онтогенетикалық ықпал ету;
- сөйлеу тілінің даму деңгейін ескеру;
- қазіргі кезеңдегі түзету жұмысының жаңа технологиялары мен көзқарастарды ескеру;

- логопедия ғылымындағы негізгі қағидаларды басшылыққа алу.

Тексерудің бірнеше қағидалары белгілі:

1. Жүйелі тексеру қағидасы сөйлеу тілінің әр түрлі компоненттерінің: дыбыстық, фонематикалық, лексикалық, лексикалық-грамматикалық жағының жүйелі байланысына негізделген.

2. Кешенді ықпал – сөйлеу, интеллектуалдық, танымдық іс-әрекетінің мағлұматтарымен қатар көру, есту, қимыл сферасы, соматикалық жағдайы, жүйке жүйесінің ерекшеліктерін ескеру болып табылады.

3. Іс-әрекеттік қағида. Аталған қағиданың іске асыру – түзету жұмысының мақсатын, бағытын анықтап, түзету тәсілдерін, жұмыс барысында қолданатын іс-әрекет түрлерін (ойлау, оқу, танымдық) анықтауға мүмкіндік береді.

4. Динамикалық тексеру қағидасы-баланы оқыту процесінде бақылап, тексеріп оның потенциалдық мүмкіндіктерін анықтауды көздейді.

5. Онтогеникалық қағида. Тексеру және түзету жұмысын ұйымдастыруда баланың онтогенезде сөйлеу тілінің, психикалық даму заңдылығын ескеру.

6. Сөйлеу тілінің бұзылуын тексеру және түзету жұмыс барысында алынған мағлұматтарды сапалы талдау қағидасы динамикалық тексеру қағидасымен тығыз байланысты. Барлық аталған қағидалар өзара тығыз байланысты және бұл қағидалар түзету жұмысында кеңінен қолданылады.

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың дизорфографиясын логопедиялық жұмыстары арқылы түзету жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау ойлау операцияларын дамыту;
- көріп қабылдауын, талдауын, көріп жадында сақтауын дамыту;
- кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру;
- естіп қабылдауын, зейінін, естіп жадында сақтауын дамыту;
- қолдың ұсақ және артикуляциялық моторикасының бұзылуын түзету;
- дыбыс айтуының бұзылуын, сөздің дыбыстық-буындық құрамының бұзылуын түзету;

- сөз қорын дамыту (сөз қорын молайту, сөздің мағынасын анықтау, лексикалық жүйені қалыптастыру, сөздердің арасындағы байланысты бекіту):

- тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйесін қалыптастыру;
- фонематикалық талдауды, жинақтауды, түсініктерін дамыту;
- сөйлем құрылымын талдауды қалыптастыру;
- сөйлеудің коммуникативтік, танымдық және реттеуші функциясын дамыту.

Түзету жұмыс барысында әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану керек. Сөйлеу тілінің фонематикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын да қамтитыны белгілі. Бұл сөйлеу тілінің фонематикалық барысын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын жан-жақты тексеру деген сөз. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын талдауға жүйелі тәсілді қолданудың, сөйлеу тілінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтап қана қоймай, сонымен бірге оның басқа бөлімдерімен де қандай байланысының бар екенін шамалауға мүмкіншілік беретін ерекшелігімен маңызды. Мысалы, сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұзылуы өз бетімен дербес болып келуі белгілі, бірақ ол көп жағдайларда сөйлеу тілінің фонетикалық жағын, ал кейде, тіпті фонетика-

фонематикалық және лексика-грамматикалық жақтары сияқты жалпы дамуын да қамтитын бұзылудың күрделі нышанын білдіретін ақаулықтарға сай келуі мүмкін. Осының барлығы тексеру барысында ашылуы керек.

Дизорфографияның әр түріне қатысты түзету жұмыстарының әдістемелеріне кеңінен тоқталайық.

Моторлы дизорфографияны түзету.

Кеңістік пен уақыттың кезектілігін анықтауға арналған жаттығулар сөздің дыбыстық, буындық және морфемдік құрылымын талдауға негіз болады. Кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру. Сонымен қатар уақыт туралы ұғымдарын дамыту сөз қорын белсендетуге және етістіктің шарттарын түсінуге ықпалын тигізеді.

а) Кеңістікті бағдарлау жұмысы өзара тығыз байланысты екі бағытта жүргізіледі:

- өз денесін бағдарлау, оң сол дене мүшелерін ажырату;

- қоршаған кеңістікті бағдарлау;

Қоршаған кеңістікті бағдарлау жұмысын жүргізу барысында онтогенезде кеңістікті қабылдау және түсінігін ескеру қажет. Алдымен бала оң-сол қолын білуі қажет, соның негізінде дене мүшелерінің оң солын айыра бастайды.

ә) Көріп талдау және жинақтауын дамыту

Бұл бағыттағы жұмыс кеңістікті бағдарлауын, әсіресе әріптің графикалық элементтерінің кеңістікте орналасуы, әріптердің ұқсас және айырмашылығын анықтаумен тығыз байланыста жүргізіледі.

б) Баланың сукцессивті қабілетін дамыту

Сукцессивті қабілетті дамытуға арналған жаттығулар қимыл, кеңістік, уақыт, сөйлеу кезектілігін есте сақтап, жоспарлап іс жүзінде іске асыруға бағытталады.

Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікіелей байланысты. Осы жағдайларды ескере отырып «Су Джок» терапиясын енгізілді. Саусақпен жұмыс жүргізгенде балаларға көмек көрсетіп отыру қажет, себебі саусақтары икемсіз болады. Жұмыс барысында балаларды мадақтап отырған жөн.

Ұсақ моториканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіледі;

2. Қимыл қозғалыс қабілеті артады;

3. Икемділігі арта түседі;

4. Логикалық ойлау қабілеті дамыйды;

5. Танымдылық деңгейі артады.

Ойындар арқылы, біздер баламен қарым- қатынасты нығайтып, баланың өз-өзіне деген көз қарасын өзгертіп, ойынға, оқуға деген ынтасын көтереміз.

Бала ыммен, ишаратпен сабақтан алған әсерін, көргенін, естігенін айтып беруге тырысады. Фонемді тану бұзылысы негізіндегі дизорфография (фонемді дифференциациялау) және акустикалық агнозия мен фонематикалық естуінің дефектісі салдарынан болған дизорфографияны түзету жұмысы ұқсас болып келеді.

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың дизорфографиясын логопедиялық түзету жұмысының негізгі мазмұны:

- әріптерді құрастыру, қайта құрастыру;

- әріптерді табу, бөліп айту.

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың дизорфографиясын логопедиялық түзету жұмысының негізгі бағыттары:

- көріп қабылдауын және тануын (гносисын) дамыту;

- көріп есте сақтауын анықтау және кеңейту;

- кеңістік түсінігін, қабылдауын дамыту;
- көріп талдау, жинақтауын дамыту;
- шатастыратын дыбыс және әріппен жұмыс.

Ажырату жұмысы келесі кезектілікпен жүргізіледі:

- жеке әріптерді ажырату;
- шатастыратын әріптерді буында ажырату;
- шатастыратын әріптерді сөзде ажырату;
- шатастыратын әріптерді сөйлемде ажырату;
- шатастыратын әріптерді мәтінде ажырату.

Жоғарыда аталған жұмыс бағыттары негізінде перспективті жоспар құрастырылады.

1. Көру гнозисін қалыптастыру мақсатымен қолданатын тәсілдер:

- контурмен сызылған заттарды атау;
- бірінің үстіне бірі сызылған суреттерді атау;
- заттың жетіспейтін бөлшегін толықтырып сызу, атау;
- түрі, түсі, көлемі бойынша заттарды іріктеу;
- суреттегі айырмашылықтарды табу.

2. Көріп есте сақтауын (көру мнезисін) дамыту:

- 10-шақты суреттің ішінен 4-5 суретті есте сақтап атау, көрсету;
- әріптердің ішінен тек дауысты, дауыссыз әріптерді есте сақтап атау;
- алғашқы кезектілікті сақтап әріптерді, сандарды, фигураларды орналастыру;
- «не өзгерді?», «не жоғалды?» ойындары.

3. Әріпті тануын, әріп бейнесін ажыратуын қалыптастыру:

- графикалық ұқсастардың арасынан әріп табу: Л-М; А-Д; К-Ж; Ж-Х; П-Н; Ш-Щ;
- бірінің үстіне бірі жазылған әріптерді атау;
- дұрыс, қате жазылған әріптерді анықтау;
- элементтері бойынша әріп құрастыру;
- бір әріптен екінші әріп құрастыру (х-ж; т-г; р-в, т.б.);
- әріптердің ұқсастығын, айырмашылығын анықтау.

әріп бейнесін бекіту үшін, әріпті бір ұқсас затпен сәйкестендіру (О - дөңгелекпен, З - жыланмен т.б.) немесе тақпақтар жаттау сияқты тәсілдер қолданған тиімді.

Фонетикалық деңгейдегі түзету жұмысы

Фонетикалық деңгейдегі жұмыс екі бағытта жүргізіледі:

- сөздің дыбыстық құрамын талдау (жай түрінен күрделіге қарай)
- фонетикалық қабылдауын, яғни ұқсас фонемаларды ажырату.

Балалардың фонематикалық түсінігі (қабілеті) фонемалардың әр түрлі нұсқаларын бақылап, оларды өзара салыстырып, талдап, қортындылау нәтижесінде қалыптасады. Фонематикалық түсінігінің қалыптасуына артикуляциялық кинестезияның маңызы зор. Сондықтан артикуляциялық аппараттың жұмысына алғашқы сабақтан бастап балалардың зейінін, көңілін аудару керек. Сабақтың бастапқы кезеңінде алдыңғы қатардағы дауысты дыбыстар және айтылуы сирек бұзылатын дауыссыз дыбыстар (П,М,Н,Ф,Т,К) өтіледі. Бұл кезеңде артикуляцияның сипаттамасына терең тоқталмай, оның негізгі белгілеріне ғана тоқталған жөн. Дыбыстарды ажыратуын анықтау, бекітуге бағытталған логопедиялық жұмыс әр түрлі анализаторға (сөйлеу, есту, қимыл, көру т.б.) сүйене отырып жүргізіледі.

Шатастыратын дыбыстарды ажырату жұмысы екі кезеңнен тұрады:

- алғашқы кезең;

- шатастыратын дыбыстарды естігенде айтқанда ажырату.

Бірінші кезеңде шатастыратын дыбыстардың әрқайсысының айтылуы мен естілуі жеке анықталады. Ол жұмыс мынандай кезектілікпен жүргізіледі: көру, есту, сезіну анализаторларына сүйене отырып дыбыстық артикуляциясы мен дыбысталуын анықтау; оның буындағы орнын анықтау; сөздегі орнын анықтау (сөздің басында, ортасында, аяғында); сөздегі дыбысты, оның орнын анықтау; қандай дыбыстың алдында, қандай дыбыстан кейін естілуін анықтау; дыбыстың сөйлемдегі, текстегі орнын анықтау.

Екінші кезең шатастыратын дыбыстарды қатар айтылуы мен естілуін салыстыру. Ажырату жұмысы жоғарыда көрсетілген кезектілікпен жүргізіледі. Бірақ негізгі жұмыстың мақсаты ажырату болғандықтан сөздік материалдар шатасатын дыбыстарды бірдей қамту керек. Түзету жұмыс барысында дыбыстарды ажыратуын бекітетін жазбаша жаттығулар ерекше орын алады. Дизорфографияны түзету жұмысының алдында міндетті түрде дыбыс айту кемшіліктерін түзету қажет. Әдетте дыбыс айтуын түзету жеке логопедиялық сабақ барысында жүргізіледі, содан кейін дизорфография тобының сабағына қатысады. Түзету жұмысының барлық кезеңінде балалардың танымдық процестерін, сөз қорын, грамматикалық құрылымын дамытуға бағытталған жұмыс түрлері қарастырылады.

Акустикалық - артикуляциялық ұқсас дыбыстарды ажырату. Бұл бағыттағы жұмысты алдымен ұқсас дауысты дыбыстардан бастап, содан кейін ұқсас дауыссыз (қатаң, ұяң) дыбыстармен жалғастыру керек. Жұмыс барысында кейбір төмендегі тәсілдерді пайдалануға болады.

Логопедиялық жұмыс барысында сұрақ қою арқылы сөйлемдегі сөздердің байланысын, септік жалғаулар мен жұрнақтардың мағынасын түсініп дұрыс меңгеруіне көңіл бөлу қажет. Түзету жұмысының негізгі бағыттары:

- сөз тіркестері мен сөйлем құрау;
- көпшіл жалғаулар арқылы сөз өзгерту;
- жұрнақ;
- сөз қорын анықтау және дамыту;
- синоним, антоним, омоним;
- сөздің буындық құрамын талдау және жинақтау;
- буынның түрлері, екпін түсетін буын;
- сөздің құрамын талдау және жинақтау;
- күрделі сөздер;
- жалғау;
- сөз жасау;
- сөз өзгерту;
- сөздің түбірі;
- септік жалғаулар;
- сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы анықтау;
- жалғау және жұрнақтар мағынасын анықтау, дұрыс пайдалану.

Грамматикалық дизорфографияны түзету.

Р.И. Лалаева аграмматикалық дизорфографияға мынандай сипаттама береді: «Аграмматикалық дизорфография сөйлеу тілінің грамматикалық жағының (морфологиялық, синтаксистік) жетілмеуі. Жазуда сөйлем деңгейіндегі аграмматизмдер сөздің морфологиялық құрылымының бұзылуымен, жалғау, жұрнақтарды алмастырумен, септік жалғауды дұрыс қолданбауымен, күрделі

сөйлемдерді құрастырудағы қиыншылықтарымен, сөйлемдегі сөз кезектілігін сақтамау, таспап кетуімен сипатталады».

Түзету жұмысының негізгі міндеттері:

- заттың атауын, іс-әрекетін, сипатын білдіретін сөздерді мағынасымен сәйкестендіруін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру;

- сөздің морфологиялық құрамы туралы түсінігін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру;

- сөйлеу тілінің грамматикалық жағын қалыптастыру, дамыту, жетілдіру.

Аграмматикалық дизорфографияны түзету логопедиялық жұмысының мазмұны:

- балалардың сөз қорындағы сөздердің мағынасын анықтау және әр түрлі сөз таптарын жаңа сөздермен, сөзжасам дағдыларын менгерту арқылы сөз қорын молайту;

- түбірлес сөздерді біртіндеп менгерту;

- сөз тіркестерін, сөйлем арасындағы байланысты, әр түрлі синтаксистік құрылымдардың модельдерін менгеру арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық жағын анықтау, дамыту және жетілдіру;

- байланыстырп сөйлеу тілін мына бағыттарда дамыту: әңгіменің кезектілігін анықтау;

-әңгіме құрастыруға қажет сөздік материалды іріктеу; үлгі бойынша сөйлем құрастыру, қайта құрастыру дағдысын жетілдіру.

Мысалы, тілдік талдау мен жинақтаудың салдарындағы дисграфияда төмендегідей міндеттерді атауға болады:

- сөйлем құрамын талдау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;

- буындық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру;

- фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру.

Аграмматикалық дизорфографияны түзетудің негізгі міндеттері:

қандай және оның мақсаттары, құндылықтары, мағынасы қандай деген сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретін психологиялық білімге артып келе жатқан сұранысқа бағдарланады.

Бұл адамның рухани ізденісі, тұлғалық қасиеттері адамның бәсекеге қабілеттілігінің негізі болатын жаңа экономикалық қатынастардың пайда болуымен айқындалады. Сондай-ақ әркімді саналы таңдау жасауға мәжбүр ететін өмір шарттарының өзгергіштігімен сипатталады.

Классикалық академиялық білім берумен салыстырғанда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты өзекті әлеуметтік-мәдени үдерістерге сезімтал қарайтын неғұрлым икемді жүйе болып табылады. Бұл міндетті орындау үшін қосымша психологиялық білім берудің оқу бағдарламасы жоғарыда аталған үш блоктан тұруы тиіс: жалпы білім беретін, тұлғалық және арнайы блок. Бұл үш блок өзара бірігіп, білім беруді «социогенез тетігі» жасауға мүмкіндік береді» [1].

Бірінші блок базалық психологиялық пәндерді де, сонымен қатар мүмкіндігінше, психологиялық тәжірибенің заманауи бағыттарының барынша көп шоғырында қамтиды. Олармен танысу әрбір тыңдаушыға оның жеке ерекшеліктері мен құндылықтарына барынша сәйкес келетін бағытты кейіннен кәсіби мамандану үшін таңдауға мүмкіндік береді. Екінші блок тұлғалық құрамдауышқа арналған, өйткені маманның жеке тұлғасы кәсіби жұмыста негізгі құрал болып табылады. Кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді және олардың дамуын түсіну шарты болып мыналар жатады: оқытудың дәстүрлі емес интерактивті түрлерін кеңінен қолдану (мысалы, оқытушыны лектордан пікірталас ұйымдастырушыға айналдыру); кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіптегі жеке стилін түсінуге бағытталған бірқатар қосымша курстар мен тренингтер енгізу (мысалы, тренинг шеңберінде жеке кәсіби стилді қалыптастыру мақсатында кәсіби қызметті модельдеу); әлемнің тұтас көрінісін қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларының экзистенциалдық аспектілерін күшейту (мысалы, «өмір», «өлім», «махаббат», «бақыт», «шығармашылық» және т.б. ұғымдарды тұлғалық ұғыну [3, 6, 7]; жеке өмірлік мақсаттар мен құндылықтарды түсіну және оларды топта талқылау және т.б.). Үшінші (жалпы білім беретін) блок қандай да бір психологиялық проблемалар туындайтын мәнмәтінді түсінуге мүмкіндік беретін жалпы құзыреттілікті арттыруға бағытталған. «Психологиялық денсаулық мәдениеті» курсы шеңберінде шығармашылық, белсенді және бақытты өмір мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады. Бұл өз кезегінде студенттерге, болашақ мамандарға өздерінің әлеуетін танып-білу және өмірлік кәсіби іс-әрекеттің оңтайлы стилін табу мүмкіндігін ұсынады [2, 4, 5].

«Психологиялық денсаулық мәдениеті» курсының мақсаты – ағза мен психиканы сауықтырудың нақты технологияларын көрсету ғана емес, сонымен қатар психологиялық денсаулықты бұзатын ұғымдарды, стереотиптерді, нұсқамаларды, зиянды әдеттерді, тысқары пікірлерді қайта өзгерту үшін де, және де терең дүниетанымдық деңгейде өзіне және әлемге деген тұтас конструктивті қарым-қатынасты дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуден тұрады.

Сонымен, жоғары оқу орындарында студенттердің психологиялық денсаулығын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын нақты курстар аясында көптеген жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- 1) студенттерді өзін-өзі сауықтырудың, өзін-өзі реттеудің, күйзеліс, экстремалды және дағдарыстық жағдайлардың жағымсыз салдарларын жеңудің, шығармашылық ашылуының тиімді технологияларына оқыту;
- 2) студенттерді психологиялық және валеопсихологиялық ағарту;

3) деструктивті нұсқаулар мен білімінің жеткіліксіздігіне және өзінің тұлғашылық ресурстарын ұтымсыз пайдалануға байланысты денсаулық туралы ең маңызды түсініктерді қалыптастыру арқылы түзету;

4) әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі айқындау үдерістерінде студенттерге психологиялық көмек көрсету (психологиялық кеңес беру түрінде);

5) салауатты өмір салты идеологиясы негізінде студенттердің арасында өзара көмек топтарын, клубтар мен бірлестіктер ұйымдастыру;

6) өзін-өзі тану және жеке тұлғалық өсу топтарында тренингтер, семинарлар өткізу;

7) студенттерге салауатты және тұтас дүниетаным мен өзіндік қарым-қатынастың негізгі қағидаттарын көрсету, олардың бойында холистикалық ойлаудың тұрақты дағдыларын қалыптастыру.

Аталмыш курстар жоғары оқу орындарындағы дәрістердің, семинарлық және тәжірибелік сабақтардың, тренингтік формалар мен жеке консультациялардың жалпы концепциясымен біріктірілген кешенді, сондай-ақ студенттік клубтар мен өзара көмек топтарының жұмысын үйлестіруді қамтиды.

Білім беру үдерісінің тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – қазақ психологы С.М. Жақыповтың концепциясы егізіндегі диалогтық бірлескен әрекеттегі коммуникативті білім беру [8]. Бұл коммуникация клубтық кеңістік туралы болып отыр, оның аясында тыңдаушылар мен оқытушылардың кәсіби және тұлғалық өсу үдерісі жалғастырылуы мүмкін. Кездесу кештерінен бастап арнайы семинарлар мен тренингтерге дейін түрлі форматтағы тақырыптық іс-шаралар бағдарламасы студенттердің білім беру үрдісінде психологиялық денсаулықтарын сөзсіз қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, білім беру және коммуникативтік үдерістерді бірыңғай ұзартылған кеңістікке біріктіру студенттердің эрудиция деңгейін және білім беру бағдарламаларының жалпы тиімділігін арттыруға өз септігін тигізеді. Жоғарыда сипатталған білім беру түрінің басты ерекшелігі – оның формасы мен мазмұнында ғана емес, сонымен қатар оның ең басты бағыты мұғалім мен оқушының өзара эволюциясының қатынасы екендігінде болып табылады. Бұл қарым-қатынастар оқыту үдерісінде пайда болатын сенім, ашықтық, теңдік, табиғилық, сыйластық, құрмет, ашықтық, жан жомарттығын көздейді. Ал осы білім беру үдерісін бағалаудың негізгі критерийі кәсіби дайындық деңгейі ғана болып табылмайды, сонымен қатар өмірде болып жатқан оқиғаларды (соның ішінде терроризм сияқты экстремалды оқиғалар) қабылдау, оларға адекватты талдау жасау, қиын жағдайлар орын алған жағдайда тұтастықты, бірлікті, жеке жауапкершілікті басшылыққа ала алу қабілетімен де бағалауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асмолов А.Г. Практическая психология как фактор конструирования образовательного пространства личности / Психология с человеческим лицом. -М.: Смысл, 1997.- С. 239-249.

2. Васильева О.С. Валеопсихологический подход к понятию здоровья // Психологический вестник РГУ. – № 5. – 2000. – С. 150–154.

3. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека. – М.: Академия, 2001. – 352 с.

4. Васильева О.С. Комплексный подход к оздоровлению личности в системе образования // Психология в вузе. – № 4.-2003.- С. 23-34.
5. Психология здоровья // Материалы круглого стола с международным участием. - СПб.: ГИПСР, 2009. - 453 с.
6. Шадриков В.Д. Происхождение человечности. - М.: Логос, 1999. - 200 с.
7. Ялом И. Экзистенциальная психология. - М.: Класс, 1999. - 576 с
8. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения.- 2 изд. - Алматы: Казак, университет, 2009. - С 308

ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Салпина Көркем Ерлановна

Педагогика және психология мамандығының 2 курс
магистранты, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан
korkemsalpina@mail.ru

Байжуманова Бибіанар Шаймерденовна

психология ғылымдарының кандидаты,
психология кафедрасының доценті,
Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Оқу-тәрбие процесінің психологиялық қауіпсіздігі – бұл оқушының қадір-қасиетіне, психикалық денсаулығына, дүниетанымы мен өзіне деген көзқарасына төнетін қауіп-қатерден қорғалу жағдайы.

Психологиялық қауіпсіздік баланың жан-жақты дамуының, оның психологиялық денсаулығының сақталуы мен нығаюының ең маңызды шарты екені анық. Психологиялық денсаулық, өз кезегінде, баланың өміршеңдігінің негізі болып табылады, ол балалық және жасөспірімдік кезеңде өз өмірінің қарапайым міндеттерін шешуге міндетті емес: өз денесі мен мінез-құлқын меңгеру, өмір сүруге үйрену, еңбек ету, білім алу және өзіне және басқаларға жауапты болу, ғылыми білімдер жүйесін және әлеуметтік дағдыларды меңгеру, қабілеттерін дамыту және «Мен» бейнесін қалыптастыру [1].

Гуманистік психологияда адамның табиғатын, оның мүмкіндіктерін түсіну үшін позитивті қажеттіліктер ықпал ететін, ерекше қолайлы жағдай жасау керек деп айтылған. Егер адамның ішкі табиғаты толық ашылуы үшін жағдайлары анықталмаса, білім беру ортасының психологиялық сипаттамасы толық ашылмайды. Бұл жағдайлардың жиынтығын «психологиялық қауіпсіздік» ұғымымен анықтауға болады.

Қауіпсіздікке деген қажеттілік тірі тіршілік иесін өзін-өзі сақтау және өзін-өзі дамыту үшін белсенділікке итермелейтін өмірлік күш ретінде, тұрақтылық, өзін-өзі дамыту және психотерапиялық жұмысты күшейту түрінде көрінеді. Қазіргі мектеп

оқушылары қауіпсіздікті сезінетіндей, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыратын, психикалық денсаулықты сақтап, оны әрі қарай дамытатын білім беру ортасының жобасын жасау қажет. Психикалық сау тұлға белгілі бір жағдайларда ғана болуы мүмкін. Ең маңызды шарттардың бірі - білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі болып табылады [2].

Психологиялық денсаулық – өмірдегі табыстың шарты және адамның өмірдегі аман-саулығының кепілі болғандықтан, оны балалық шақта қалыптастыруға ата-ана да, ұстаздар да күш-қуат жұмсамауы керек екені анық. Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығына қамқорлық жасау әрбір білім беру мекемесі мен мұғалімнің жұмысында міндетті нысанаға, олардың заманауи білім сапасына қол жеткізуінің көрсеткішіне айналуда. Баланың денсаулығы білім беру қызметтерінің барлық тұтынушыларының күтуінде бірдей ұсынылатын бірнеше талаптардың бірі болуы мүмкін, сондықтан оны қазіргі заманғы жоғары сапалы білім беру үшін біріктірілген тапсырыстың біріктіруші бөлігі ретінде түсіндіруге болады. мемлекет, қоғам және жеке адам. Бұл қазіргі заманғы мектеп шын мәнінде балаларды оқытатын орынға ғана емес, сонымен қатар олардың толыққанды өсу кеңістігіне, табысты, бақытты және дені сау адамдарды қалыптастырудың ұясына айналуы керек дегенді білдіреді. Бұл рухани жайлылық атмосферасы мен тұлғаның және оның психологиялық әлеуетінің дамуын қолдайтын және тіпті бастамашы болатын оқу орнындағы қолайлы әлеуметтік-психологиялық климатта ғана мүмкін болады.

Мектепке келген бала өзінің әлеуметтік позициясының өзгеруімен де, жаңа ересектермен - мұғалімдермен қарым-қатынасқа дағдылануымен де байланысты бейімделудің көптеген психологиялық қиындықтарын бастан кешіреді. Баланың мектептегі өмір сүру сапасын қамтамасыз етуде ерекше маңызды рөл бастауыш сынып мұғаліміне тиесілі. Алғашқы ұстаз – тұрақты құбылыс. Ол студенттің ішкі әлеміне еніп, мәңгілік өмірдің бір бөлігіне, әр адамның жеке өмірбаянына айналады. Баланың барлық кейінгі мұғалімдерге қатынасы және ересек адамның көптеген жеке қасиеттерінің қалыптасуы бірінші мұғалімнің қандай болатынына байланысты [3].

Бүгінгі бірінші сынып оқушылары алғашқы төрт оқу жылын мұғалімдерімен бірге өткізуге мәжбүр болады. Осы уақыт ішінде бастауыш сынып мұғалімінің тікелей қатысуымен әр балада көптеген психологиялық жаңа ісіктер қалыптасады. Тұңғыш ұстаз бейнесі шәкірт тұлғасының құрылымында мәңгілік «енгізіледі». Бала бақытты сезіне ме, немесе, керісінше, бірінші мұғаліммен қарым-қатынас жасаудан қорқу - оның бүкіл мектептегі психологиялық саулығы осыған байланысты болады.

Қазіргі уақытта бастауыш мектеп жасындағы балалардың көпшілігі мектеп талаптарын орындауды қиындататын тұрақсыз, ыңғайсыз жағдайларды бастан кешіреді, мұғалімдермен және құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарды бастан кешіреді. Бұл мәселенің шешімі мектеп оқушыларының жай-күйі және олардың қызметінің сапалық сипаттамасы ретінде жайлылыққа қол жеткізуінен көрінеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, кіші оқушының жайлылығы – бұл баланың мектепшілік ортамен оңтайлы әрекеттесуінің нәтижесінде оның өмір сүру процесінде пайда болатын психофизиологиялық күй [4].

Педагогикалық тұрғыдан алғанда жайлылық мыналардың сапалық сипаттамасы ретінде әрекет етеді: а) мектепшілік ортаны ұйымдастыру; ә) оқушының өз қабілеті мен мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесіндегі оқу әрекеті, оқу іс-әрекетінен қанағаттану, мұғалімдермен және құрбыларымен қарым-қатынастағы жүйелілік.

Ыңғайлы мектепшілік орта – бұл мектептің ішкі кеңістігі, оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын сақтауға, олардың оқу-тәрбие іс-әрекетіне оңтайлы араласуына, өзін-өзі табысты жүзеге асыруына ықпал ететін оның жағдайларының жүйесі.

Мектепшілік ортада психофизиологиялық жағдай ретінде жайлылыққа қол жеткізу баланың өмірдің жаңа жағдайларына сәтті бейімделуіне, эмоционалды тұрақтылығына, өзін-өзі реттеуіне, белсенді және белсенді позициясына, алаңдаушылықтың болмауына, шаршаудың төмендеуіне ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушысының табысты психологиялық-педагогикалық статусының ерекше маңызды құрамдастары:

Кіші мектеп оқушысының өзіне деген қарым-қатынасы – өзін епті, білімді, көп нәрсеге қол жеткізе алатын оқушы ретіндегі тұрақты оң баға, талап қоюдың адекватты деңгейі.

Маңызды іс-әрекеттерге қатынасы – мектеп пен оқытуды эмоционалды жағымды қабылдау.

Мектептегі тұрақты эмоционалды жағдай – бұл мектеп (мұғалім) мен ата-ана талаптары, үлкендердің талаптары мен баланың нақты мүмкіндіктері арасында қайшылықтардың болмауы.

Бала мінез-құлқының белсенділігі мен дербестігі танымдық және әлеуметтік әрекеттегі дербестік болып табылады.

Мұғалімдермен қарым-қатынас және қарым-қатынас – сыныпта және сабақтан тыс уақытта мұғалімдермен адекватты рөлдік қарым-қатынас орнату, мұғалімге құрмет көрсету, баланың мұғалім тұлғасын эмоционалды жағымды қабылдауын, олардың мұғалімдермен және тәрбиешілермен қарым-қатынас жүйесін.

Баланың құрдастарымен қарым-қатынасы - құрдастарымен тиімді тұлғааралық қарым-қатынас жасау әдістері мен дағдыларын меңгеру; достық қарым-қатынас орнату, ұжымдық қызмет түрлеріне дайын болу, жанжалдарды бейбіт жолмен шеше білу.

Ақыл-ой әрекеті және ақыл-ой әрекетінің қарқыны – оқу тапсырмасына зейінін шоғырландыра білу, бүкіл сыныппен бір қарқынмен жұмыс істеу.

Танымдық саланың маңызды жақтарын қалыптастыру – оқу міндетін бөліп алып, оны әрекет мақсатына айналдыра білу, психикалық әрекеттердің ішкі жоспарын қалыптастыру және т.б. [5].

Ең бастысы, бала тәрбиесімен және білімімен айналысатын әрбір адам әрқашан есте ұстауы тиіс нәрсе – оқушының оқуға деген көзқарасын қалыптастыруда мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынастың эмоционалды құрамдас бөлігі бірінші орында тұрады. Мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушылардың жан дүниесінде белгілі бір эмоционалды белгімен «тіркеледі». Баланың мұғалімге деген қатынасы эмоционалды жағымды, бейтарап оқшауланған, теріс немесе қарама-қайшы болуы мүмкін. Мұғалімге деген қарым-қатынастың соңғы екі түрі табысты оқуға ешбір жағдайда ықпал етпейді. Кіші оқушының психологиялық-педагогикалық статусының қалыптасу жолы оның ұстазына байланысты. Тіпті мұғалімнің балаға үндеуіндегі бір ғана әдепсіз әрекеттері мен мәлімдемелері бұрынғы ең ауыр жұмысты жоққа шығаруы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - СПб.: Питер, - 250 с.
2. Баева И.А. Психологическая безопасность в образовании. - СПб.: Изд-во Союз,-145 с.
3. Дружинин В.П. Экспериментальная психология. - М.: Наука, - 360 с.
4. Гальперин П.Я. Хрестоматия по истории психологии. - М.: Изд-во Моск. университета, - 460 с.
5. Гуманистическая психология: спор между номотетическим и идиографическим подходом в познании человека // Интернет-ресурсы-<http://csd.boom.ru/brothers/psychology/6.htmquestion4>>

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Убайдуллаева Улмекен Курбанбайқызы
7M01301 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
ulmeken04@list.ru

Жусупова Жанна Азатқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Қоғам дамуының маңызды шарттарының бірі – жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру процесі. Рухани адамгершілік, тіл, мінез-құлық нормалары, қоғамдық қарым-қатынастар туралы өмірлік тәжірибе мен білімді беру – мұның бәрі өзара әрекеттесу және қоғамдағы табысты өмір сүру үшін қажетті жағдайлар болып табылады. Баланы адамгершілікке тәрбиелеу және тұлғаны қалыптастыру процесінде екі маңызды әлеуметтік институт басты рөл атқарады: отбасы және мектеп. Бұл жұмыс отбасы мен мектептің әлеуметтік институт ретінде баланың әлеуметтену процесіне қалай әсер ететінін қарастырады. Сондықтан балаға берілетін отбасы тәрбиесі мен мектептегі тәрбие – бұл біртұтас, ажырамас үрдіс. Оқу-тәрбие үрдісінің алғашқы кезінен бастап ата-аналарды педагогикалық процеске қатыстырудың маңызы өте зор. Кіші мектеп кезеңінде отбасылық тәрбие баланың дамуындағы маңызды факторлар болып саналады.

Баланы тәрбиелеудің негізгі институты – отбасы. Отбасы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды бойына сіңіреді, баланың дүниетанымы мен адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Отбасында бала әлеуметтік өмір, адамдар және олардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы алғашқы білімді алады. Сондай-ақ қоғамда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алады және ата-аналардың осы оқиғалар туралы пікірлерін біледі. Отбасы баланың шығармашылық

қабілеттері мен қызығушылықтарын қалыптастырады, оған адамгершілік туралы алғашқы идеяларды, алғашқы өмірлік және еңбек дағдыларын береді. Сонымен қатар, отбасының баланың жеке қасиеттерін, оның мінезін, пікірлерін, ойларын қалыптастыруға негіз қалайтындығы маңызды. Мұның бәрі тәрбие беруде ғана емес, балалардың жеке басының қалыптасуына да әсер етеді. Отбасы, басқа әлеуметтік институттардан айырмашылығы, балаға күнделікті әсер етеді, сондықтан тәрбиенің барлық шексіз мүмкіндіктері бар [1].

Баланың жеке басын тәрбиелеу және қалыптастыру процесінде, отбасы институтынан басқа, мектеп белсенді қатысады. Мектеп бала тәрбиесін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді және отбасындағы қанағаттанарлықсыз тәрбиені түзетеді. Мұның бәрі өзара әрекеттесу болған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл отбасылардағы балаларды тәрбиелеу мәселелерін анықтауға көмектеседі. Мектептің көмегісіз отбасы балаларын тәрбиелеу процесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізе алмайтыны анық. Отбасы кейінгі өмірге алғашқы дайындықты береді, адамгершіліктің алғашқы сабақтарын үйретеді, алғашқы еңбек дағдылары мен адамдармен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Мектеп балаға жауапкершілік пен тәуелсіздік сезімін оятады. Ата-аналарға баланың жеке басының дамуына қажетті жағдай жасауға көмектесетін мектеп мұғалімдері. Мектеп пен отбасының сәтті өзара әрекеттесуі үшін ата-аналар баласының мінез-құлқына және оның тәрбие деңгейіне талдау жасай білуі керек. Сондықтан мектептің отбасымен табысты және тұрақты байланыс орнату үшін мұғалім ата-аналарға педагогикалық кеңестер беріп, оларға кәсіби қолдау көрсетуі керек [2].

Шынында да, бала тәрбиесі – әр отбасына қатысты күрделі мәселе. Қазіргі қоғамда көптеген ата-аналар жұмыс пен мансапты бірінші орынға қояды. Баласын мектепке жіберу арқылы олар барлық міндеттемелерін алып тастайды, әрі қарай мектеп тәрбиелейді деген позицияны ұстанады. Бірақ баланың жеке басын қалыптастыруда отбасы үлкен маңызға ие екенін есте ұстаған жөн. Ата-аналар баласына үлгі болып табылады. Алайда жеке тұлғаны қалыптастыру үшін екі жақты әрекет маңызды рөл атқарады. Сондықтан отбасы мен мектептің үйлесімді педагогикалық өзара әрекеттесуін орнату өте маңызды. Тәрбие процесінде отбасы мен мектептің мақсатты қызметі мыналарға тиімді әсер етеді:

- баланың жағымды қасиеттерін қалыптастыру;
- оның мінезін дұрыстау;
- ойлаудың, қызығушылықтың, мақсаттың жаңа тәсілдерінің пайда болуы;
- адамгершілік нормаларын қалыптастыру [3].

Бүгінгі таңда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі жан-жақты сипатқа ие болған кезде, олардың бірлескен қызметі арнайы оқыту нысанына айналып отыр. (Ш.А. Амонашвили, П.Ф. Лесгафт, Г.М. Коджаспирова, И.П. Подласый, А.С. Макаренко, Г. Песталоцци, Н.Н. Букина, Г.В. Алферова, Ю.С. Бродский, Л.Ц. Ваховский, Т.Ю. Гущина, Е.Г. Замолоцких, Н.Е. Қожанова, Л.Н. Константинова, В.Ю. Коровкин, И.В. Крупина, В.А. Миславский, Л.А. Николенко, Е. Панова, Н.И. Стрекалова, И.А. Хоменко және т.б.). Олардың іс-әрекетінің педагогикалық аспектісі мектеп пен отбасында тәрбиелеу жағдайын жүзеге асыруды, оқушыларға қойылатын талаптардың бірізділігін, бір-біріне қарама-қайшы келмейтін тәрбиенің әдіс-тәсілдерінің алуан түрлілігін шебер қолдануды көздейді. Отандық зерттеушілерден отбасы мәселелерін қарастырғандар: Х. Арғынбаев, Ж.Б. Қоянбаев, К. Бейсенбаева, М. Тажин, Б. Аяғанова, М.Т. Баймұқанова сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады [4].

Болашақ ұрпақ өмірде өзінің орнын табуды және табысты болуды көздейді. Мұғалімдер мен ата-аналардың мақсаты осы жолда оған қолдау көрсету, оның қалыптасуына көмек көрсету болып табылады. Ата-аналар мен мұғалімдердің баланың мүддесінде қызметі тек қана олар одақтас болған жағдайда ғана нәтижелі жүзеге асуы мүмкін, бұл оларға баланы жақсырақ білуге, оны кез-келген жағдайда көруге және осылайша оларға балалардың ерекшеліктерін қабылдауға, олардың жеке бас қабілеттерін дамытуға, өмірлік құндылықтарын дамытуға, мінез-құлқындағы адамға керексіз мінездер мен жағымсыз әдеттерден арылуға мүмкіндік береді. Ол үшін ортақ мақсаты бар, бірлескен қызмет, конструктивті қатынастар, ортақ болмыс өрісін құру керек [5].

Педагогикалық өзара әрекеттесудің мақсаты – педагогикалық үрдістің басқа қатысушыларын тарту немесе ынталандыру, тоқтату немесе тежеу. Біздің зерттеу жұмысымыздың контекстінде өзара байланыс субъектілері ата-аналар, балалар мен мұғалімдер қарастырылады. Олардың әрқайсысы өз бағыттылығымен сипатталатын басқаларға қатысты белгілі бір позицияны алады [6].

Отбасы тәрбиесінің басымдығын тану отбасы мен мектептің өзара байланысын қажет етеді. Осы қатынастардың жаңалығы "ынтымақтастық" және "өзара әрекеттестік" ұғымдарымен анықталады. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін басшылыққа ала отырып, әрекеттесіп отырған тараптардың бір-біріне сый-құрметпен қарауын, серіктестердің көзқарасының теңдігін болжайтын мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы жатыр.

Мұғалім мен ата-ананың өзара әрекеттестігінің негізгі бағыттары:

I бағыт – арнайы педагогикалық білім.

II бағыт – мектеп мамандарын тарту: психолог және әлеуметтік педагог.

III бағыт – мұғалім ұйымдастыруымен орындалатын ата-аналар мен оқушылардың практикалық бірлескен іс-әрекеттері.

IV бағыт – педагогикалық мәселелер бойынша білім беру.

I бағыт – ата-аналарға білім беру, әртүрлі мәселелер бойынша керекті ақпарат беру. Мұғалім ата-аналарға мектептің педагогикалық тұжырымдамасы туралы, білім беру әдіс-тәсілдері жайында, осы оқу жылына оқушылардың жеке дамуының мақсаты мен міндеттері туралы, сонымен қатар баланың рухани дамуы туралы, оның оқу іс-әрекетінің өзгешеліктері, жеке қабілеттерімен айқындалатын топтағы қарым-қатынастары, оқытудағы қазіргі жетістіктері.

II бағыт – мектеп мамандарын тартуға байланысты: әлеуметтік педагогтар мен психологтар. Бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік педагогпен және психологпен бірлескен жұмысы: ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейін дамыту; бала алғаш мектеп табалдырығына қадам басқан кезде және білім берудің жаңа сатысына өткен кезде әлеуметтік осал отбасыға білім беру маршрутын таңдауда көмек беру; оқушылар арасындағы білім мен қарым-қатынас кезіндегі туындайтын қиыншылықтардың алдын алу және оларды жеңу; отбасы ішілік қарым-қатынас мәселелерін шешуде отбасына көмек беру; дағдарыстық жағдайларда отбасыға қол ұшын созу; оқытудың барлық кезеңінде білім алушының денсаулығы мен эмоционалды әл-ауқатын сақтауға бағытталатын кешенді іс-шараларды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру.

III бағыт – мұғалім ұйымдастыруымен орындалатын ата-аналар мен оқушылардың практикалық бірлескен іс-әрекеттері. Ата-аналар мен балаларды ортақ іске тарту бойынша іс-шаралар жоспарланып, іске асырылады.

IV бағыт – ата-аналардың балаларының мектептегі өмірінен хабардар болуы, оның жеткен жетістіктері мен оқуда қиындаған қиындықтары туралы, мектеп пен сынып ішінде болып жатқан жағдайлар, балалар мен ата-аналардың оларға қатысуы туралы білуі шарт. Ата-аналардың хабардарлығы мектепке деген оң көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді, баланы әртүрлі позициялардан жақсырақ тануға, алдағы кездесуі ықтимал қақтығыстар мен жағымсыз іс-әрекеттердің алдын алуға, отбасы мен мектептің бірегей келісілген талаптарын орындауға көмектеседі, сондай-ақ түрлі мәселелерге қатысуға ынталандыру [7].

Қорытындылай келе, біз отбасындағы және мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің барлық көріністері ересектер мен балалар арасындағы ынтымақтастық, адамгершілік, жалпы қамқорлық пен сенім қарым-қатынасында құрылуы тиіс деп есептейміз. Бұл қатынастар, өз кезегінде, тәрбиенің тиімділігін арттыру ісінде шешуші болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ата-аналарымен өзара серіктестігі отбасыларды оқу-тәрбие үрдісіне, танымдық, әлеуметтік бірлескен іс-шаралар жүйесі арқылы әртүрлі және қызықты өмірді ұйымдастыруды, ортақ ұжымды қалыптастыруды көздейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рассел Григ Бастауыш мектеп мұғалімі: Шеберлікті шыңдау (екінші басылым) Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 600б. ISBN-13: 978-1138779242
2. Дейл Х. Шунк Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019жыл. – 608бет. ISBN 978-601-7943-22-6
3. Стив Бартлетт, Диана Бертон Білім берудегі зерттеулер Алматы: «Ұлттық аударма бюрасы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 бет. ISBN-13: 978-1473919006
4. Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С. Взаимодействие школы и семьи в процессе воспитания младших школьников «Научная дискуссия современной молодёжи: актуальные вопросы, достижения и инновации» сборник статей IX Международной научно-практической конференции, Состоявшейся 17октября 2019 г. в г. Пенза, 92стр. eLIBRARY ID: 41167382;
5. Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова Педагогика оқулық Астана: «Фолиант» баспасы, 2007. – 656 бет. ISBN 978-601-302-507-0
6. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 228 бет. ISBN 9965-620-48-2
7. Дүйсенбаев А. Педагогика: Оқулық / А. Дүйсенбаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 264 б. ISBN 978-601-302-817-0

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ – ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Хамзина Кулшат Бакытжановна

Педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университеті, Ө. Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты, Қостанай қ., Қазақстан
Hamzina_67@mail.ru

Абдрахманова Дина Серікқызы

7М01101 – Педагогика және психология
мамандығының 2 курс магистранты,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік
университеті, Ө. Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты, Қостанай қ., Қазақстан
di.irzhanova@gmail.com

Байжуманова Бибианар Шаймерденовна

психология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

Қазіргі ғылыми ортада көптеген авторлар теориялық және қолданбалы деп жіктейтін педагогикалық психологияның өзекті мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді. И.А. Зимняя қазіргі педагогикалық психологиядағы мәселелер көлемінің едәуір артқанын атап өтіп, келсілерді ерекше бөліп көрсетеді:

- білім алу іс-әрекетін және жалпы білім беру процесін басқарудың психологиялық механизмдері оқу мотивациясының ерекшеліктері мен заңдылықтары;
- білім алу іс-әрекетінің табыстылық факторы ретіндегі білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеті;
- білім алу және педагогикалық қызмет субъектілерінің тұлғалық ерекшеліктері [1].

М.С. Ткачева мен М.И. Розенованың еңбектерінде педагогикалық психологияның типтік мәселелері туралы айтылады:

- педагогикалық әсердің баланың психикалық дамуымен байланысы;
- жас ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерін және оқыту мен тәрбиелеу әдістерін үйлестіру және сәйкестендіру;
- оқыту мен тәрбиелеуде сенситивті кезеңдерді қолдану;
- оқытуға психологиялық дайындық;
- педагогикалық немқұрайлылық мәселесі;
- оқытуға жеке көзқарас [2, 3].

Осылайша, педагогикалық психологияның қазіргі және типтік мәселелердің тоғысуы, яғни білім алу ынтасы, білім беру үдерісіне қатысатын субъектілерінің өзара әрекеттесуі, білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктері мен жас ерекшеліктерін

оқыту мен тәрбиелеу әдістерін үйлестіру және сәйкестендіру бізді ересектерді оқыту өзекті тақырыбына жетелейді.

Қазіргі уақытта еңбек ресурстарының демографиялық құрамы үнемі өзгеріп отырады, сонымен қатар жұмыс орны үшін бәсекелестік айтарлықтай артып келеді. Меншіктің кез-келген түріндегі және кез-келген көлемдегі кәсіпорындар өз қызметкерлеріне үлкен, жылдан жылға өсіп келетін талаптар қояды, ерекше кәсіби құзыреттіліктердің болуына мән береді. Сондықтан ересектерді тиімді және сәтті оқыту мүмкіндігі үздіксіз кәсіптік білім беруде үлкен маңызға ие [4]. Барлық деңгейдегі мамандарды дамыту және оқыту процесі пассивті және статикалық бола алмайды. Керісінше, ол *белсенді, мобильді және креативті* болуы керек.

Ересектерді оқытудың *мақсаты* – кәсібилікті арттыру және жетілдіру. Бүгінгі таңда мұндай оқытудың сәттілігі оның ұйымдастырушылық стратегиядағы маңызды рөліне байланысты. Ересектерді оқыту адамның білім алушы ретінде әртүрлі даму және оқыту бағдарламаларына қатысуын білдіреді.

Тиісті технологиялардың даму қарқынын, сондай-ақ ұрпақтардың мәдени нормалары арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, ересектерге білім беру қажеттілігі айқын болады. Ересектерге білім берудің рөлі ересектердің әлеуметтенуіне ықпал ететін екі жалпы функцияда көрінеді: кәсіби және тұлғалық.

Ересектерге білім берудің *кәсіби* функциясы - жаңа кәсіби рөлдерді игеру арқылы әлеуметтенуді қамтамасыз ету, кәсіби құзыреттілік пен ұтқырлықты дамыту.

Тұлғалық функция тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтарға, тілге, ойлау мен сезу мәдениетіне, іс-әрекетке және қарым-қатынасқа баулу арқылы әлеуметтену процесін толықтыруға және байытуға мүмкіндік береді [5].

Бұл функциялардың болуы ересектерді оқыту мен кәмілетке толмағандарға білім беру арасындағы айырмашылық туралы айтуға мүмкіндік береді.

Ересек білім алушылардың кәсіптік білім беру процесіне мыналар тән:

- білім алушы өзін өзін-өзі басқаратын тұлға ретінде таниды;
- өмірлік (тұрмыстық, кәсіптік, әлеуметтік) тәжірибенің өсіп келе жатқан қоры жинақталуда, ол білім алушының өзі мен оның әріптестері үшін оқытудың маңызды көзіне айналады;
- оқу іс-әрекетінің көмегімен өмірлік маңызды мәселелерді шешуге және нақты мақсатқа жетуге деген ұмтылыспен анықталатын оқуға дайындық (ынатсы) бар;
- алған білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен қасиеттерін шұғыл іске асыруға ұмтылу;
- білім алу үдерісі негізінен уақыттық, кеңістіктік, кәсіби, тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларға байланысты.

Қоғамда қабылданған пікір бойынша ересек адамға 17-22 жас аралығындағы адамға қарағанда жаңа білімді игеру қиынырақ деп саналады. Бірақ психологтардың айтуынша, *оқудың жоғары әлеуеті өмірдің барлық кезеңдерінде сақталады*. Тұрақты ақыл-ой жұмысы, тұлғаның білім беру қызметіне қосылуы психофизиологиялық функциялардың жоғары деңгейін сақтайды, бұл өз кезегінде ересек жастағы дағдарыстарды сәтті шешудің бір әдісі бола алады. Білім алу мен ақыл-ой еңбегі адамның психикалық денсаулығы үшін өте маңызды [6].

Ересектерді оқыту процесінің өзіндік ерекшеліктері бар:

- ересек адамның өзі өзінің білім алу жағдайын жасайды, яғни ол өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажет салалардан білім алады;
- ересек адамның дамуы өздігінен жүрмейді;
- даралау - ересектерге білім берудің маңызды аспектісі.

Оқу процесінде ересектердің ұстанымы өте ерекше екенін ескере отырып (бұл оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуын анықтайтын өзінің білім беру іс-әрекетін жасаушының ұстанымы), білім беру процесін жүзеге асыру түбегейлі басқа тәсілдерге негізделген:

- ересектерге білім берудің өзгергіштігі және қосымша білім беру бағдарламаларының озық сипаты;
- білім беру бағдарламалары мазмұнының жаңа технологияларды дамыту қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- оқытуды дараландыруды және кәсіби қызметте жедел қайта бағдарлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының икемділігі;
- ақпараттық технологияларды енгізу және саланың бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін біртіндеп қалыптастыру;
- тұлғаның кәсіби қызметінде құзыретті шешімдердің мақсаттарын, міндеттерін, болжамдарын пысықтау бойынша арнайы тренингтерді (алгоритмдерді) әзірлеу және енгізу (ситуациялық оқыту);
- әр түрлі білім беру бағдарламаларында білім алушылардың қазіргі әлеуметтік құбылыстарға бейімделуіне ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық білімнің арнайы білім беру блоктарының болуы [7].

Ересек адамның білім алу үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып Л.Н. Лесохина және Т.В. Шадрина ересектерді оқытудың негізгі стратегияларын ажыратады, олардың әрқайсысы басым әдістемелік әдістерді таңдауға бейім:

- ақпараттық стратегия – білім беру трансляциясы әдісін қолданады, яғни, фактіні, бұрыннан алынған білімді, ақпаратты хабарлау;
- проблемалық стратегия – талқылауға, пікір алмасуға бағытталған;
- әлеуметтік-рөлдік стратегия – әдістердің барлық кешенін алады, негізінен рөлдік ойынды қолданумен сипатталады.

Егер стратегияның түпкі мақсаты ақпарат болса, онда осыған байланысты негізгі міндет – белгілі бір білім беру, бұл білімнің белгілі бір жүйеге енуіне, жеткілікті түрде түсініліп, жақсы меңгерілген негізгі ұғымдарда бекітілуіне көз жеткізу.

Егер оқытуды проблемалық деңгейге көтеру қажет болса, онда бұл жағдайда оқытудың түпкі мақсаты – тыңдаушылар үшін өзекті өмірлік мәселелерді шешу болып табылады.

Әлеуметтік-рөлдік оқыту өзінің «өмірлік өзгерістерге дайындалуға көмектесу» стратегиясының негізгі мақсатына ие [8].

Ересектерді оқыту педагогикалық психологияның өзекті мәселесі бола отырып, оны шешу жолдарын іздеуде кешенді тәсілді қажет етеді, сондықтан біліктілікті арттыру немесе қосымша білім беру процесінде ең алдымен адамның психикалық, психологиялық, жеке, әлеуметтік және физиологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Жоғарыда айтылғандай, ересек адамды оқытудың негізгі критерийі – оның осы процеске толық қатысуы, өз білімін толықтай бақылауы және басшылық етуі. Кәсіптік оқыту үдерісінде ересек білім алушылар оқыту үдерісін диагностикалау, жоспарлау, іске асыру, бағалау және түзету бойынша оқытушымен бірлескен оқу қызметіне қатысушылардың функцияларын орындайды, сондай-ақ жеке (өзінің) оқыту бағдарламаларының тең авторлары болып табылады, сондай-ақ жеке оқыту бағдарламаларын өздері іске асырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Зимняя, И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. Изд. второе, доп., испр. и перераб. / И.А. Зимняя. - М.: Издательская корпорация «Логос», 2000. - 384 с.
2. Розенова, М.И. Педагогическая психология / М.И. Розенова. -М.: Моск. гос. ун-т печати, 2003 (ИПК МГУП). - 148 с.
3. Ткачева, М.С. Педагогическая психология / М.С. Ткачева. - М.: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2010. - 191 с.
4. URL: <https://hr-portal.ru/story/specifika-obucheniya-vzroslyh>
5. Громкова, М.Т. Андрагогика: теория и практика образования взрослых. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 495 с.
6. Полетаева О.В. Развитие педагогической аутокомпетентности средствами самодиагностики // Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. - 2014. - № 4. - С. 162.
7. Ситник А.П., Савенкова И.Э., Крупина И.В., Крупин И.К. Андрагогические основы повышения квалификации педагогических кадров. - М.: АПК и ПРО РФ, 2000. - С. 9.
8. Центры образования взрослых /Под ред. Л.Н. Лесохиной, Т.В. Шадринной. - М.: Педагогика, 1991.

THE USE OF THE GAME IN THE DEVELOPMENT OF VISUAL-FIGURE THINKING IN PRESCHOOL CHILDREN WITH MENTAL DELAY

Bazylbayeva Laura Timurqyzy

master student of the 1st year, specialty
7M01902 «Special pedagogy», ARU named
after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
lbazylbayeva@bk.ru

Turetayeva Gulaiym Iztleuovna

candidate of pedagogical sciences,
associate professor of the Department of
Psychology-Pedagogy and Special Pedagogy,
ARU named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

Play is the most accessible form of activity for children. During the game, the child processes the knowledge and impressions he has received from the world around him. In fact, imagination and thinking, as well as the prerequisites for communication and activity, the emotional state develop due to the play activities of preschool children. Makarenko expressed the need for play in a child's life with the idea that "what kind of child is in the game, when he grows up, he will be like that at work".

The game strengthens the child's personal abilities, the first creative abilities, as a result, the child's personality develops. The function of the game definitely depends on the psychological characteristics that S. Rubinshtein, L. Vygotsky and others b. determined in research.

The formation of play in children with mental retardation has a number of features and proceeds more slowly than in a normal child. A six-year-old child with mental retardation plays at the level of a younger preschooler, and under normal conditions, role-playing is usually developed in children of this age [1].

Children with mental retardation have impaired higher mental functions, in turn, higher mental functions include thinking, imagination, memory, speech and perception. Children with this disorder have some or all of these functions impaired, depending on the severity of the disorder. At the same time, it is clear that the development of children with mental retardation will differ from that of a normal child.

K.S. Lebedinskaya proposed a clinical systematization of children with mental retardation:

1. Mental retardation in a constitutional context. The delay in mental development is determined by heredity, that is, by the family constitution. Heredity is characterized by high sensitivity to environmental factors: even mild intrauterine disorders or diseases in the first years of life lead to a significant disruption in the rate of maturation of brain structures.

2. Inhibition of somatogenic mental development. Developmental delay is caused by diseases in early childhood: chronic infections, allergies, dystrophies, persistent asthenia, dysentery. Long-term, severe, often chronic illnesses sharply reduce the mental tone of such children.

3. Mental retardation in the psychogenic sense. Children have normal physical development and somatically healthy brain systems, but their mental infantilism creates unfavorable conditions for learning due to psychological factors.

4. Violation of mental development in the cerebro-organic respect. Violation of the pace of mental development is associated with a gross and persistent local violation of the maturation of brain structures, underdevelopment of the cerebral cortex. The cause is pathology of pregnancy, severe toxicosis, influenza, hepatitis, alcoholism of the mother or father, pathology of childbirth, including premature birth, birth trauma, severe infectious and neuroinfectious diseases in the first year of life [2].

According to the above classification, we notice that IMF children lag behind normal children and need special attention to them.

At present, a great deal of experience has been accumulated in studying the play activity of children with normal development and various variants of dysontogenesis. Despite this, sources, including foreign ones, emphasize the relevance and need for further comprehensive study of the formation of play and the development of play activity in the child population [3].

Role-playing games are very effective in the development of visual and figurative thinking of preschoolers with mental retardation. It is known that role-playing games are of great importance for children, the main feature of which is the presence of a plot and the need to accept and perform a certain role in this plot. Researchers [4] say that the main reason for such play is the desire of children to join a collective social life with adults.

Playing roles with adults or peers, children are immersed in various images, their imagination develops, the child accepts each image and strives to think figuratively.

A role-playing game is a type of activity for children, during which they act out a certain area of adult behavior and communication in order to master important social roles and develop formal and informal communication skills.

The organization of role-playing games begins with the development of the plot [5]. Selection of game material, formation of children's groups and planning of game situations. The stories should contain various situations that are close to the child. During the game, the

children take turns changing roles. It is useful to conduct role-playing games with the parents of the child, as the parents know the situation of the child, it is typical for their family, and it is easier for the child to play with loved ones. During the game it is recommended to switch roles. For example, the mother acts like a child and the child acts like a mother.

The game contributes to the comprehensive development of the child [6]. It helps to overcome shyness. While playing, children learn to talk to each other and make friends. Role play allows children to show kindness, sensitivity, attention and care. Children are free, relaxed, not forced in their actions. They are not afraid to openly express their emotions, they try to play the chosen character as best as possible, develop their imaginative and imaginative thinking. When a child imitates heroes, he admires them and dreams of being the same. At the same time, new feelings appear: responsibility for the task assigned, joy and pride at its successful completion. When children repeatedly repeat the actions of adults, they repeat different qualities, which leads to the appearance of such qualities in children.

Thus, the conclusion of the article convinces that the role-playing game forms the emotional world of the child, the idea of emotional and moral relations between people, develops visual-figurative thinking.

References

1. Alpatikova, S. V. Features of the game activity of preschool children with mental retardation / S. V. Alpatikova. — Text: real estate // Young teachings. -2018.- No. 50 (236). - S. 309-310.
2. Lebedinskaya K.S., Lebedinsky V.V., Disorders of mental development in childhood and adolescence, 2011.
3. Hedegaard, M. Imagination and Emotion in Children's Play: A Cultural-Historical Approach / M. Hedegaard // International research in early childhood education. - 2016. - Vol. 7. - No. 2. – PP. 59-74
4. Krasnoshchekova, N.V. Role-playing games for preschool children: Textbook / N.V. Krasnoshchekov. - 3rd study. - Rostov n / D .: Phoenix, 2008. - 251 p.
5. Slepovich E.S. Game activity of preschool children with mental retardation. M.: 1990. 35s.
6. Krasnokuekova N.V. The plot of the role-playing game for preschool children. Rostov-on-Don: Phoenix, 2010. 54 p.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚ БАРЫСЫНДА ЗЕЙІНІН АРТТЫРУ

Акылбекова Эльмира Акылбековна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
институтының аға оқытушысы

Арқалық қ., Қазақстан
elmiraakylbekova@api.kz

Зейін – адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады. Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты болады. Зейіннің физиологиялық негізін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясы бойынша түсіндіруге болады [1].

Зейіннің түрлері – адамдардың зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінеді. Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мысалы, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойнын бұрады не милиционердің ысқырығына жалт қарайды т.б. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі әсіресе жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені балалық дәуірде адамның күрделі іс-әрекетке (оқу, еңбек т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді. Әрине, бұдан бала есейген соң, оның ырықсыз зейіні маңызын жояды деген қорытынды тумау қажет. Адам өмірінің барлық кезеңдерінде ырықсыз зейін тиісінше орын алып отырады. Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы. Өйткені қызықты іске көңіліміз тез ауады. Мәселен, қызықты кітап оқуға ырықсыз зейін жеткілікті. Ал қызықсыз кітапты оқу – ырықты зейінді керек етеді. Ырықты зейінде қызығу орын алуы тиіс. Бірақ ырықты зейін де жанама, дәнекерлі қызығуды керек етеді. Мұнда адам істен шығатын нәтижеге қызығады, оны орындау үшін күш жұмсайды. Өйтпесе іс өнбейді, күткен нәтиже шықпайды.

Ырықсыз зейін физиологиялық тұрғыдан барлау рефлексінің жемісі болып табылады. Зейіннің бұл түрі жануарлар мен адамдардың сыртқы ортамен байланысында үлкен рөл атқарады. Ырықсыз зейін кез келген тітіркендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді.

Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер оқушының түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады [2].

Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулері (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) оқушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушыларға шынайы өмірде мұндай тәжірибелерді жасау мүмкіндігі болмайтын жағдайларда жаратылыстану ғылыми тәжірибелерімен таныстыруға мүмкіндік береді

Сандық білім беру ресурстары арқылы оқушының зейінін қалыптастыруға арналған жаттығулар орындату, картамен жұмыс жасату, сәйкестіктерді белгілету, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмаларды оқу үрдісіне енгізілген жөн. Химия, математика, алгебра, геометрия т.б. пәндері бойынша сандық білім беру ресурстарын да көптеген жағдайларда оқушылардың зейінділігін арттыру мақсатында әзірленген әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы өте зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен оқушының саналы, зейінділікпен есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады.

Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың зейінділігіне сәйкес, білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне, зейінділігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады [3].

Сандық білім беру ресурстарының құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде де қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, оқушының зейінділігіне сәйкес, оның өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде пайдаланады.

Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып, жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары оқушының зейінін ашуда мынадай мүмкіндіктерді береді:

- проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру;
- зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу;
- белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру;
- тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу;
- мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;
- бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру;
- оқушылармен әңгімелесу т.б.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін, ырықты және ырықсыз зейіндерін жетілдіреді.

Тапсырмалардың әртүрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатысу мүмкіндігін жақсартады, қоршаған дүниеге деген зейінін арттырады.

Тәжірибелер оқушының зейініне сәйкес, түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады [4].
